

МҮСІНШІ МЫСЫҚ

Қосқималы атанған Құсмұрын адырының солтүстігіндегі төре аулының күзеу құдығы күзгі малға шөбі шүйгін құйқалы қоныс. Бір жағы Құсмұрын саласына жалғасатын бетегелі кең тепсең: екінші жағы жағалай көктарлаулы қара отты ащылауыт ой. Төре ауылының бұл күзегін ұшқан құс, жүгірген аң болмаса, салт атты кісі баспайды. Қыста қылаң елсіз болып қар басса, жазда жалғыз үй күзетші отырады. Осы күзетшінің қара лашығы Қосқималының ық жағында қалың ши арасында қарақшы болып шоқияды да тұрады. Сол қара лашықтан шыққан арықтау шегір көз баланың екі түрлі ғана ермегі бар. Бірі — екі сиырдың бұзауын бағып, енесіне жамыратпай жаю, мезгілінде суару. Екіншісі -тебіндегі саздан балшық алып, ойыншық жасау.

Шыңғыс Құсмұрын еліне аға сұлтан болып тағайындалысымен, осы күзекке екі бөлмелі кеңсе үйі салынған. Оның жазғы, қысқы күзетшісі — сары баланың әке-шешесі. Төре ауылы күзекке келгенде, сары бала сондай қуанды. Ала жаздай зарыға жалғыз ойнағандағы ойынан кетпейтін бір досы бар. Ол — төре баласы Шоқан. Сол сағына күткен досы жолбарыстай шұбар құнанын елендете аяңдатып жетіп келді. Ә, дегенде тосырқап қалған сары бала балшықтан жасаған ойыншықтарын жия қойып орнынан ербиіп тұра келді.

— Ей, Мысық аман ба? Мына ойыншықты кім істеді? - деп, Шоқан сары балаға жылы амандасып, күлімдеп қарады.

— Өзімдікі, өзім істедім, — деп танауын бір тартып, кішкене көкшіл көзі шегірейіп, Мысық ойыншықтарын бауырына қарай икемдей берді.

— Сен, немене, мені жатырқап қалғаның ба? — деді Шоқан Мысықты өзіне тарта сөйлеп. — Әкең қайда?

— Әкем үлкен төренің ауылына кеткен.

Сен мына ойыншықтарыңды маған бересің бе?

— Жоқ, бермеймін, кешегі баладай сен алып қашасың, — деп, ойыншықтарын шолақ критон көйлегінің етегіне сала бастады.

— Қорықпа, мен тимеймін. Кәне, көрсетші, өзің ұстасың ғой. Ақысына не аласың, маған ана балшық атыңды берші, — деп, Шоқан зорлық емес, ықтиярымен алмақ болды.

— Не бересің, бауырсақ бересің бе, қант бересің бе? — деп, Мысық икемге келе бастады.

— Берем, сен маған ойыншығыңды бер. Біздің үйге жүр, апамнан көп қант, бауырсақ әперем, — деп, Шоқан сендіре сөйледі.

— Иә, бармайым, қорқам, сіздің ауылдың балалары тентек, иті қабаған,

мені итке талатады, — деп, Мысық бұрынғы көрген зорлықтарын айтып жолағысы келмеді.

— Жоқ, мен тигізбеймін, өзім ертіп барам.

— Иә, апаң ұсады, қорқам, — деп түйе ғып жасаған бір ойыншығын етегінен алып Шоқанға берді.

— Ей, кәдуілгі түйе. Өй, өзің қандай шеберсің. Жүр менімен. Алама ұрыстырмаймын, — Шоқан осы сөзді айтқанда, Мысық:

— Құнаныңа мінгестір. Барайын, — деп өз қолқасын да айтты.

— Кел, мін! — деп, Шоқан құнанына мініп, үзеңгісін босатты. Ойыншықтарын бір шидің түбіне тасалай тастай беріп, Шоқанның құнанына жармасып міне бергенде, құнан мөңкіп кеп қалды. Міңгесіп орнықтамаған Мысық жерге топ ете түсті. Құнан атып кеп кетті. Алғашқы мөңкігенде арты босап қопандап қалған Шоқан, кейінгі үріккенде бір жағына қисайып, тек ерінің қасынан ұстап аз ғана түспей қалды.

Шоқан құнанын тоқтатып, қайта бұрылып келгенде, Мысық кейін шегініп:

— Мінбейім, құнаныңның мінезі жаман. Тулайды, — деп, ойыншығына қарай жөнелді. Шоқан құнанынан түсіп, Мысықтың қасына келіп:

— Немене, бір жерің ауырып қалды ма? — деп жаны аши сұрады.

— Жоқ, ауырған жерім жоқ. Бірақ жығылғанда жаман қорықтым, сен де жығылады екен деп ойлап ем. Атқа мықты екенсің, жығылмадың.

— Мен бұдан асау күнінде де бұл құнаннан жығылғаным жоқ, — деп, Шоқан мақтанып қойды. — Сен екеуміз жаяу барайық жүр, — деп, құнанын жетектеп ауылға қарай жүрді. Бұрынғыдай емес, Мысық тартынбай еріп келеді.

Шоқандар үйіне таянғанда, алдарынан Жақып жүгіре шықты. Кесек денелі Жақып келе Шоқанға:

— Ей, мынау әлгі Мысық па? Қайдан тауып алдың? — деп, шайпау мінезбен Мысықты бір нұқып қалды.

— Өй, жынды, әрі кет, мұнда нең бар? — деп Шоқан тұра ұмтылып еді, қашып үйге кіріп кетті. Ерке, сотқар Жақыптың ұрыншақ мінезінен қаймығып Мысық кейін шегініп, орынсыз тиген қолға қорланып жылап та жіберді. Мысық, неге жылайсың?

Шоқан қасына келді. Інісінің ешбір кінәсіз ұрып кеткен тентектігіне ішінен ыза болып тұр. Ол Мысықты қолынан тартып үйіне қарай алып жүрді. Мысықтың тартынғанына қойған жоқ.

Үлкен ақ үйдің есігінен Шоқан өзі кіргенде, Мысықты қалдырмай ерте кірді. Бұрын мұндай үйге кіріп көрмеген кішкене Мысық, аяғын ілгері басуға бата алмады.

Босағасынан төріне дейін кілем төселген, уықтың қарына тірелте жасау жиналған үйге Мысық өзін сыйғыза алмады. Ол қайтадан атып шығып тұра қашуға, сыртта жатқан қос қарала төбеттен қорқып босағаға жабыса қалды.

— Мысық, бері жүр, — деп, Шоқан оны қолынан тартып зорға жоғарылатты.

Үлде мен бұлдеге оранған үлкен ақсары әйелдің қасында отырған әлгі тентек Жақып қолына шыбыртқы қамшы ұстап, әлі де Мысыққа өшіге қарап:

— Өй, өзін қара, неге келдің, әйдә, шық, — деп, тұра жүгірді. Әлгінде ұрып кеткенін сондай орынсыз, бассыздық деп ойланып қалған Шоқан бұл жолы дәт қылмады. Ол қолындағы қамшымен Жақыпты жасқантып, Мысықты қорғаштай берді.

— Аулақ кет, мұнда нең бар? Қорқытпа, тиіспе, бұл менің жолдасым, — деп апасына қарады.

Балалардың қағысып қалған сәттегі істеріне салмақпен қараған сары бәйбіше Шоқанға бір, Мысыққа бір қарап:

— Шоқан-ау, мынауың әлгі бір былтырғы сары бала ма? Үсті-басы немене, қасына жолаамашы. Ойнауыңа бір жөнді бала табылмады ма? — Сонан соң Мысыққа қарап, — Ей, сен әлгі күзетшінің баласысың ба? Мұнда қайдан келдің? — деді.

Мысық жерге кіріп кетердей қорықты. Шоқан ертіп келген жолдасын шешесінің қорлағанына қысылып қалып: Қорықпа, — деді Мысыққа.

— Ия, мен кетем. Бағана айтқаным қайда, ұрсады, сабайды деп. — Осыны айтып Мысық артымен жылжып есікке қарай сырғи берді. Кіріп келе жатқан Шоқанның әкесінің тізесіне қағылып, етпетінен түсті, Байқамай қақтығып қап, есі шығып тұрған бала ұрады деп ойлап, бақырып жіберді. Шоқанның әкесінің әрі атқосшысы, әрі қаршығасын ұстаған Сыдық еңкейіп үйге кіре берген. Аяғының астынан шыққан ащы дауыстан шошып қолындағы қаршыға далпылдап кетті. Мысықтың басына құстың қанаты келіп соғылды. Құсқа жегізгелі жатыр деп түсініп, ол онан сайын бақырды.

— Өй, Мысық, түрегел, шошыма, — деп, Шоқан қасына жетіп барды.

— Түге, тартшы қолыңды. Мына шіркінді қайдан келтіріп жүр. Үні не деген жаман, әкетші әрі, — деп, семіз бәйбіше сырттан кірген құсшы жігітке бұйыра сөйледі. Бәйбішенің жарлығы құлағына тиер-тиместен:

— Өй, кет былай жолдан! — Сыдық аяғымен нұқып қаламын деп босағада тұрған үлкен шылапшынды қаңғыр еткізді. Шоқан онан бұрын Мысықты орнынан тұрғызып алды. Шоқан қорғап тұрған соң, қаршыға ұстаған жігіт қайта қол сермеген жоқ. Ол қаршығаның аяқ бауын керегеден бір іліп жіберіп сырлы тұғырға қондырды.

Тұғырға қондырғаннан кейін көк қаршыға шегір көзін төңкере шаңырақтан аспан әлеміне құмарта бір қарап, тұғырға орныға қонып дүр сілкініп қойды. Бұрын мұндай құсты адам қолына ұстағанын көрмеген Мысық, екі көзін алмай әрі таңданып, әрі қорқып қарайды. Мысықтың бағанадан бері көзі түспеген бір нәрсе тағы шыға келді. Ол сонау балбырап

отырған семіз бәйбішенің ар жағындағы үлкен, биік төсектің бас жағында тұрған тарғыл арлан еді. Екі құлағының салбыраған шашағы төсіне түскен, күміс қарғылы, тайдай тазы тұрып алып, алдыңғы екі аяғын көсіліп жіберіп, төсін жерге тигізе керілді. Керіліп алып, дүр етіп сілкініп қойды. Мойнындағы күміс қарғының сақиналары сылдыр қағып, тазы есікке қарай бет алды. Қанталаған үлкен көзі маған түспесе игі еді деп, Мысық Шоқанның артына қарай ығыстай берді.

— Қорықпа, тимейді, — деп, Шоқан Мысықты өзінің қатарына қарай ығыстырды. — Әжеке, мына Мысыққа бауырсақ беріңізші, — деп, Шоқан шешесіне өтінішті ерке тілек айтты. Ши жақта ыдыс-аяқ әзірлеп жүрген қара торы әйелге:

— Әй, Қанипа, ана балаға бауырсақ әперші, отырғызып қымыз бер. Шоқанжан ертіп келіпті ғой, — деп, сары бәйбіше бағанағыдай емес, Шоқанның ыңғайына иіліп, жұмсақ сөйледі. Шоқаннан именіп қалған тентек Жақып, әжесінің арғы жағынан Мысыққа жұдырығын көрсетіп, кіжініп қойды.

Қара торы әйелдің табаққа салып қойған бауырсағын бір-бірлеп жеп, қымызды жайлап жұтып отырған Мысыққа Шоқан:

— Сен, немене, әлі де қорқып отырсың ба? Жеп қой, қалғанын етегіңе салып ал, — деп қорымалдана сөйледі. Шоқанның сөзі ширатқан Мысық бұйығыланып қысылудан жадырап, қымызды жұтып салды. Аяқты жерге қойып, бауырсақты етегіне төге бүктеп алып, есікке қарай жүрді. Есікке таяп барып, сілейіп тұра қалды. Оның сырттағы иттерден қорқып тұрғанын сезген Шоқан қасына келіп:

— Сірә, қорқып тұрсың-ау, ә? Кәне, жүр, — деп, ертіп үйден алысқа шығарып салып, — ертең мен барам, сонда тағы ертіп келем, маған жақсылап түйе істеп қой!

— Жоқ, мен құс істеймін, — деді Мысық, кішкене шолақ мұрнын тартып.

— Иә, иә, істе, тіпті жақсы, — деді Шоқан, оның ойын құптап. Мысық ауылдың солтүстігіндегі шилеуітке жете бере артына бір қарап, қабаған иттен, тентек Жақыптан құтылып, бойы кеңіп, жүгіре басып үйіне тартты.

АҚЫН АЛДЫНДА

Мысықты шығарып салып үйге келгенде, Шыңғыс киімін шешініп жеңілденіп, ат үстінен түскен шаң-тозаңнан жуынып, дастарқан басына келген-ді. Қанипа жайған торғын дастарқанға Сыздық әкеліп күміс құлақты сары тегенені қойды. Күмістеген без ожаумен, қою сары қымыздың қышқылтым иісін бұрқырата сары бәйбіше өзі сапырды.

— Шоқанжан, ана бір балшықтарың не? — деп, әкесі қалыпты мейірбан лебізімен Шоқанға тіл қатты. Шоқан жаңағы Мысықтан қалап алған сиырдың, қойдың балшық мүсінін қызықтай қолына ұстап, әкесінің қасына алып келді. Тобарсып кеуіп тұрған кішкене балшық мүсін оншалықты көз тартарлық бұйым емес. Ал Шоқан оны сондай бір жаңа ойыншық, Мысық қолдан жасаған жанды дүниедей көріп, қызықтай ұстайды.

— Атеке, әлгі бала бар ғой, өзі шебер. Қараңызшы, мына сиыры аумаған Қанипа жеңгенің қоңыр сиыры емес пе? Бір мүйізі сынық, — деп балшық мүйіздің біреуін Шоқан қалтасына салғанда омырып түскен екен, соны көрсетіп қойды. Бала қиялын қызықтай қараған ойлы сұлтан:

— Иә, дәл өзі. Бірақ мына қойының құлағы тұла бойынан үлкен екен, — деуі-ақ, мұң, Шоқаннан қорғанып отырған Жақып:

— Түкте қойға ұқсамайды, пәлі, құйрығын қара, тап иттің құйрығы, — деп сықылықтады. Тентек інісінің Мысыққа еркін қол жұмсай алмай ішінен өштесіп қалған мінезін сезген Шоқан:

— Сен істей ғой, ондай шебер болсаң! — деді.

— Қой, Шоқан, бұл есерді желіктірме, балшыққа түсіп әуре болады. Жақып ондай жаман балшықты ұстамайды, — деп, апасы тентек баласын ерегістірмей тыйым салды.

— Немене, әкелген құстарың қайда? — деп жымыды сары бәйбіше, Шыңғысқа әзілдей қарап.

— Көп құс кездеспеді, бір-екі үйрек алдырып ек, Есекең ауылының ақсақалдары кездесіп, солар байланды.

Өңгіме аяқталмай сырттан кірген Бейсен:

— Хан аға, ақын келіп тұр, кіргізуге болама? — деді.

— Ә, Арыстан ақын шығар, кіргіз, — деген өзін Шыңғыс қонақшыл жұмсақ кейіпте айтты.

— Ассалаумағалайкүм алдияр, — деп, алдынан кірген Арыстан ақын, екі қолын кеудесіне ұстап, әдеп ишарасын көрсетті.

— Уағалайкүмүссәләм, жоғарылатыңыз, — деп Шыңғыс өзінің оң жағындағы төрді меңзеді. Әкесінің сырттан келген ұзын бойлы, селдір сақалды, сары сұр кісіні құрмет тұта сәлемін қабылдап, «жоғарылатыңыз» деп өзінің қасын меңзегеніне ойлана қалған Шоқан, Әубәкір молданың үйретуінен дағдыланған үлкен кісіге сәлем беру әдетін істеді. Ұяла «ассалаумағалайкүм» деген әдепті балаға, жаңағы ұзын бойлы кісі

күлімдей қызықтап «әлейкүмүссәләм, төре бала» деп, сүйсінген ықыласын көрсетті. Бейсеннің: «ақын келіп тұр», деген өзінен мына кісінің өзгеше қасиетті қыры бар жан деп ұғынған Шоқан, Арыстан ақыннан көз алмай, әрбір қозғалысына пайымдай қарауда. Ақынның қасындағы екі жолдасы төменгі жақта, тізерлей отырып қалды. Ал ақын еркіндей басып Шыңғыс төренің қасынан жайлана отырды.

— Хан ордасы аман ба? Қарашысы түгел ме? Ханым саулығы қалпында ма? — деп ақын, айырықша тақпақ тәріздендіре мағыналы сөйледі. Мына сөздер де Шоқанға жаңадан естілген мәнді лебіз болып ұғылды.

— Ақын, қалай ел-жұртыңыз? — деп, Шыңғыс асыға қайталап айтатын әдетімен ақыннан ел жайын сұрады.

— Алдияр сұлтан, халқыңыз аман, ел шаруасы жайлы. Хан ауылы жайлаудан күзекке келді деп естіп, ордаға сәлем беріп, дидар көрсетейін деп келдім.

— Ақын, жақсы келдіңіз, сізді көптен бір тыңдармын деген ойым болған еді, — дегенде, тосыннан айтылған сұлтан өзін түсіне алмаған Арыстан қыпылықтап:

— Не жайлы еді, алдияр?.. — деді.

— Сіз Қозы Көрпеш — Баян жырын аса жақсы айтады деп естіген едім, Соны өз аузыңыздан тыңдасам.

— Алдияр, бар қолқа сол болса, ақын тіліне тоқтау бар ма. Шырағым, — деді де, еріп келген жолдасының біреуіне қарап, — менің қобызымды әкелші, — деді.

— Қобызыңыз, мінеки. — Арықтау ақ сары жігіт желбегей салған шекпенінің қойнынан суырып қолына берді. Сыртқы кенеп шапанын жеңілтектеп, жүкке таяна жайлана отырды. Қобызын аяғының қоршауына ала, құлақ күйіне сарнатып, жанарлы үлкен көзін төндіре айналаны шарлай бір қарап, ә дегенде жарықшақтау күрілдеп басталатын дауыспен:

«Ассалаумағалайкум, алтын орда,

Ат қағып келдім аңсап алыс жолда,

Алдында жас сұлтанның сөз сөйлейін,

Аруақ ата-бабам жар боп қолда», —

деп аңырата бір толғап алды. Ақын дастанды бастарда ойланғандай үй аспанына бір қарап, қобыздың аңыраған қоңыр үніне қосылып:

Жыр еттім бұл дастанды ертелі-кеш,

«Түйеден нар туады молтақ өркеш,

Кешегі Ноғайлының заманында

Баянға ғашық болған Қозы Көрпеш», —

деп жөнелді. Үй ішіндегі адамдардың бәрі ұйып тыңдап қалған, Шоқан алғашқы бір ауыз өлеңді ішінен қайталады. Жақып ақын болып көзін жұмып, екі иығын қомдап, қобыз қылып бір шыбықшаны ысқылап отырғанын көріп Шоқан жымысып қойды. Шоқанның жымығанын көріп, Жақып онан сайын екілене бұлғақтады. Шоқан қабағын түйіп қой деген ишарат етсе, ол аузын қикалақтатып әжуалап отыр.

Ақын ұзақ жырлай келіп бір жерде:

Қарабай, Сарыбаймен аңға шықты,

Екі бай аттанды деп даңға шықты.

Екі бай қатар жортып келе жатса,

Алдынан буаз марал аң қашыпты», —

деп, екі байдың құдалық ежеқабылы басталған жерді жырлады. Осы араға келгенде, буаз аңға мейірімділік еткен екі бай Шоқанға мейірбан адамдар болып елестеді.

Бір сәт үзіліс істеліп, ақын да, үйдегі үлкендер де сыртқа шықты. Бұрынғы отырған жұртшылық үстіне тағы да бірен-сарандаған адамдар қосылды. Қайта келіп кісілер орынға отырғанда, шай жасалып, дастарқан жайылды. Ыстықтан пысынап, қымыздың бойға жайылған қызуынан балбырап отырған жұртқа қозы күрең ыстық шай дәл кезінде келді. Шоқан ақын қимылына қадағалай қарайды. Осынша ұзақ жыр қай жеріне сыйып тұр екен дегендей өне-бойын да үңіле шолиды. Әсіресе ақынның ойнақы үлкен көзі, селдірлеу салалы сақалы ұзын жағын көсілте түскендей, сірә, бар өнердің ұясы осы-ау дегендей болады.

Шай ішіліп болып, жұрт дастарқаннан кейін серпілді.

— Ал, ақын, сіздің Безверховтармен Ұлытаудан Қарақұмға дейін барғандағы жырлаған Қозы Көрпешіңіз осы ғой? — деді Шыңғыс төре асығыс жеделдете айтатын әдетімен.

— Иә, алдияр, осылай басталады, әлі жыр өзегіне кіргеміз жоқ қой, — деп, Арыстан қобзын зарлатып жырлай жөнелді.

Ақын кейде баяулата, кейде көтеріле соқтыра, әрбір уақиға тұсына кіргенде өлең ырғағына тербетілгендей дөңгеленеді. Қозыкөнің Баянды іздеп тазша бала болып келетін, Баянның алдынан шығатын жерін сондай бір нәзік дыбыспен жан сезіміне беріле аңыратты.

Осы бір жеріне келгенде Шоқан ақын әуеніне еріп, бір назды қоңыр дыбыс шығарғандай болды.

Пәлі, иә, сен де ақынсың ба? — деген Жақыптың даусын естігенде, Шоқан өзінің дыбысы шыққанын сонда абайлады.

— Ет піскен екен, ақын осы жерден тоқтатса, — деген сары бәйбішенің хабарын Шыңғыстан бұрын естіп қалған Шоқан:

— Апеке, айта түссінші, қызық екен. Қандай жақсы айтады, - деді.

— Жақсы көрсең, асықпа, жырын аяғына дейін айтқызбай ақынды аттандырмаймыз, ет езіліп кетеді, — деп, бәйбіше Шоқанның тілегіне жақсы ниет айтты.

— Иә, ас дайын болса, онда ақын қалғанын кейін айтар, — деп, Шыңғыс орнынан қозғалақтады.

— Иә, қазір бәрібір аяқталмайды, дем алалық, — деп Арыстан ақын қобызын жүкке сүйеп қойып, жайлана отырды.

Ет желініп, қол жуылып, жұрт далаға шығып, бой көтерісті. Күн де еңкейіп, көлеңке ұзара бастаған кез. Қотан сыртындағы қыратқа қарай Шыңғыс бастап ауыл адамдары, ақын, қонақ бәрі жүрді. Шоқан бүтін ойынды ұмытып, әке айналасы, ақын қасынан ұзаған жоқ. Оның құмары — дастанды аяғына дейін тыңдау. Қорғансыз жас Қозы Көрпештің алдағы күні не болмақ?..

Дөң басына келіп жайлана отырысты. Сөзді Шыңғыс бастады:

— Ақын, сіздің әкеңіз Толыбай, би болған кісі дейді. Сірә, ол кісіде де ақындық болған ба екен?..

— Алдияр, тақсыр, әкеміз ақындық енерін құнттамапты. Бірақ, қапелімде өз табатын, өткір тілді, өз әлінше әділ болған дейді. — Арыстан осыны айтып, әке жайын есіне түсіргендей аз кідіріп қалды.

— Толыбай бидің қандай әділдігі болған екен? — Шыңғыс қазақ ғұрпындағы әділ деп танылған билік түрлерінің үлгісін аңғарғысы келіп сұрады.

— Алдияр, әкемнің билігін мен айтсам, өз әкемді мақтаған боламын ғой. Мына жігіттің де аздаған ескі өзге үйірлігі бар еді. Осы айтсын. — Арыстан, қасына еріп келген жолдасының үлкеніне сөз кезегін ұсынды.

— Сұлтан алдында, сұлтанды қоршаған топтың алдында сөйлеу қиын да болса, ақынның әдейі сөйлеткісі келіп ұсынғанын аңғарған жігіт:

— Иә, алдияр, естігенім бар еді. Рұқсат болса, айтып көрейін, — деп жүгіне отырып, әңгіме бастады.

— Әкем марқұм айтатын: «Ертерек кез болар, Төлекеңнің жас кезі білем, бір жиынға кездесіпті. Ел екі жарыла отырып айтысып жатыпты. Сырттан келіп тындаса, үш рудың үш таған болып сайысқан ұлан-асыр дауы екен. Даудың өзегі — Қышпақ руының ұрылары Бағаналы елінен барып жылқы алады. Ұрылар жылқы алған елден қашықтап келіп бір бүйрек тауға бекінеді. Тазымен аң қуып жүрген Жаппас руының бір топ адамдары ұрылардың үстінен түсіп, екі жақ соғысып, бір ат, бір биені Жаппас аңшылары айырып қалады.

Бағаналының қуғыншылары мен алған ұрылардың өкше-ізіне түсіп, шолғыншы сала отырып, Жаппас аңшыларына кездесіп, ат пен биені таниды. «Тапқан қуанады, таныған алады». Ағайын, алдырған малдың көзін көріп тұрмыз, айырғандарыңа рақмет, малдың көзін өзімізге бер», — дейді. Оған Жаппастың аңшылары: «Қан төгіп, жаудан түсірген қанды ат. Бізге малыңды бақтырып қойып па едің?» — деп бермейді. Сонан екі жақ жанжалдасып, Жаппастың бір аңшысының көзіне найза тиеді.

Бағаналы елінің адамдары, Қыпшақ ұрыларын қуып барып, малын шығарады. Бірақ жолда болған жанжалды айтпайды. Сонан біраз өткенде Жаппас елінің адамдары, Бағаналыға барып, ерінің көзіне құн сұрайды. Осыдан үлкен дау қозғалып, үш ру ел бітімге келе алмай, кереғар даумен керілдесіп отыр екен.

Топ үстіне кездесіп, ортасына келген Төлекене үш рудың өз ұстаған билері:

— Шырағым, ара ағайынсың. «Бітер істің басына, білімді келер қасына» деген еді. Атасы билік айтқан Атығайдың баласы екенсің, осы даудың төрелігін айтшы, — дейді.

— Айтқызып аяқсыз қалдыратын төрелікке ие болмаймын. «Бұқа қарап жүріп, жасауылға тұрыпты» дегендей, жолаушы жүріп билік айтып, атақ байланып ажуа болармын. Ал шын берсеңіздер, тәңірі атын куә етіңдер. Жығылғаның ауырламайтын, жыққаның мақтанбайтын болсаңдар ғана, төрелігімді айтам депті. Сонда билер:

— Шырағым, өзінде нәр бар екен. Әділдік алаңы жоқ ауыздан шығады деген еді. Бұл ортаға бөгде ағайын көрінесің, именбей-ақ айта бер, — десіпті.

— Онда басынан байыпты ауыздан дау жобасын тыңдалық, — деп билерге дауларын айтқызыпты.; Алдымен сөзді Жаппас даугері бастапты:

— Ағайын, жау алған малыңа шаптым. Қан төгіп, қанды ат айырдым. Келе қол күш қылып, айырған малымды қолмен алмақ болдың. Ара түскен азаматымның көзін шығардың. Қол қолды табады. Мен ерімнің көзін Бағаналы — сенен сұраймын, — депті.

— Ағайын-ау, аттанып ауылыңа келдім бе, қосыңа кіріп қомдыңа құрық салдым ба? Алдырған малымды астыңнан таныдым. Ағайынсың, алдырған елміз, айғақ болар малымның көзін бер, деп сауға сұрадық, бермедің. Адал малымыз үшін найза сермеп, қол көтергенім рас. Қастықпен емес, қатеден найза тиді. Көз жазым болды. Қыпшақ ұрысы қосымды қопарып, жылқымды алмаса, сенің аңшыңда менің нем бар. Найзам үйіме сүйеулі, атым кермеде байлаулы, азаматым ауылымда жатар емес пе еді? — дейді Бағаналы даугері.

— Сонда сенің қосыңа мен кірдім бе, аулыңа барып асыр салдым ба? Тиген найза сенікі, мен қанды қол сені білем, көзімнің құнын, Бағаналы, сенен сұраймын, — дейді өзін толықтырып Жаппас даугері.

— Кеден болды, кеден неден болды. Қыпшақ ұзыннан өксігің жоқ, қысқадан қарымжың жоқ, қосыма кіріп, қорамды шаптың, мал ашуы — жан ашуы, арадағы ағайынмен арандатқан сенің қанды жорығың. Құнды, Қыпшақ, сен тартасың, Бұзық жосығыңа сен жауапкерсің, — депті Бағаналы даугері.

Апыр-ау, алсам, ертеден қол жетпей жүрген есем үшін Бағаналыдан жылқы алдым. Өз қорасы, қосы аман, көлденеңнен килігіп, олжа іздеп шауып, қан төгіп жылқы айыратын Жаппастың қай қанының қызғаны? Ал ұры десін, менен жылқы айырсын. Малың таныған саған өз малыңды бермей жанжал шығарғаны қай бұзақылығы? Көзі шықса, көкіректеннен тартқан сазайы емес пе. Қол қолды тапса, мен Бағаналының малына жауаптымын. Жаппастың көзіне менің қатынасым жоқ. Тиген найза Бағаналыныкі, шыққан көз Жаппастікі, екі арада мен неге жығынды болам, бір тойда екі жар жоқ, — деп, Қыпшақ даугері көз құнын маңына дарытпайды.

Билердің сөзін тыңдап болып Төлекең:

— Иә, би ағалар, дау жобасы сіздер айтқан болса, билік жобасын да әздеріңіз айтып отырсыздар ғой, — деп бастапты. — Бағаналы даугері дұрыс айтып отыр ғой, жорықты кім бастаса жосыққа сол жауапты ғой. Қыпшақ ұрысы Бағаналыдан жылқы алмаса, Жаппастың аңшысы кімнен жылқы айырды? Бағаналы жылқысын алдырмаса, жай жатқан Жаппаспен жанжалдасар ма еді. Пәлені кім бастаса, барлық ауыртпалыққа сол жауапты. Ердің құны жүз түйе, көздің құны елу тайлақ. Қастандық емес, қатеден тиген найза, жартысы жазым тигені үшін кешіледі. Жаппастың көзінің құны жиырма бес тайлақ. Тірідей көзіне құн алу арына ауыр болар, құдалықпен құдай атын айтысып, сүйек болсын. Қыпшақ қыз беріп күнде бау сүйек болсын, — депті. Билік жайын айтқан жігіт сөзін аңыра тыңдаған Шоқан, ер құны, ел дауы деген бір үлкен сүрелі әңгіме барын білді. Әрі жігіттің айтқыштығына разы болып әкесінің аузына қарады.

— Немене, сол билікке бәрі пәтуа етіп пе? — деп сұрады Шыңғыс.

— Иә, «айтқаным айтқан, билік бірлікті меңзейді, шырағым, бұрын ағайын едік, енді сүйек болатын болды» деп бәрі алғыс айтыпты. Сонда отырған Жаппастың биі ақ сақалды адам екен:

— Шырағым, елім Кіші жүз еді, аға баласы болсаң да батамды берейін. Атыңа ат қосайын, бұдан былай атың би Толыбай болсын, — депті. Сонан біздің Төлекемді ел би Толыбай атап кетіпті, — деп жігіт әңгімесін аяқтады. Отырған жұрт: «әділ айтылған билік, ағайынды ашындырмай, қандай есебін тапқан», — десті. Ұзын сүре даудың барлық екжей-текжейін жете ұқпағанымен, ел ішінің дау-шарының бір сала собасын аңғарған Шоқан, әжесіне осы әңгімені айтып, ол кісінің де ойын тыңдамақ болды.

Қас қарая Шыңғыс қонақтарын ертіп үйіне оралды. Бұл кезде қайтадан дастарқан жайылып, қымыз сапырылып, тағы мәжіліс басталды.

— Ал, ақын, Қозы Көрпешінді аяқта, — деді Шыңғыс Арыстанға қарап.

— Иә, мына кішкене төренің құмары жадырасын. Аяқтап көрелік, — деп, Арыстан қобызын алып, жырына кірісті. Дөң басындағы мәжілісте болмаған тентек Жақып Шоқанның қасына келіп отыра беріп:

— Өй, өзі бір шаршамайды екен. Тағы жетім баланы айта ма? — деді.

— Иә, соны айтады. Тек отыр, құтырынбай, — деп Шоқан інісіне тыйым айтты.

Ақын біраз кібіртктеп отырып көтеріле жырлап, Қозыке мен Қодардың алғашқы күш сынасқан жеріне келгенде:

«Астрахандай бұл жақта қала бар ма,

Қозыкенің көңілінде ала бар ма?

Қодар құлды атына қайта салды,

Қысып қойса сол жерде шара бар ма!» —

деген жерін айтқанда, «былай қысса ғой» деп, Жақып Шоқанның белінен қысып-қысып қойды. Шоқан үнсіз тыңдап, жыр толқынына берілгендей ақынның әр өзіне ұйып аңырая қарайды. Осы бір кезде сары бәйбіше Шыңғысқа әдепті үнмен: — Енді ас ішіңіздер, — деді.

— Иә, иә, тамақ желік, ақын, осы жерден кідірте тұр. Қызығы жаңа басталып келеді, — деп, Шыңғыс жұртты тамаққа әзірленуге шақырды. Шоқан Жақыпты алып, апасының арт жағынан барып, өздеріне жасалған еттерін жеді. Әлі есіл-дерті Қозыке тағдыры. Әлсіз жан апат сергелдеңнің ортасында жүр. Қайта-қайта соны ойлайды. Ол осы жырға беріліп, әлгі Мысықтан алып келген сиырдың, қойдың балшық мүсіндерінің де не болғанын ескерген жоқ.

Шоқан әкесімен бірге дөң басына шығып кеткенде, Жақып төсектің бас жағында жатқан балшық мүсіндерді алып, біріне бірін соғып, сиыр қойды сүзді, жықты деп уатып, быт-шытын шығарған-ды. Шоқан оны әлі көрмеген.

Ет желініп, жұрт сыртқа шықты. Үркер көтеріліп, күз лебі қоңырлата бастаған. Арқа түнінің салқын желі баяу ғана өседі. Құсмұрын алқабының көсілген кең даласы ай сәулесіне бөленіп, буалдыр көгілдір жайқын болып мүлгиді. Орда маңынан алшақ қарашы ауылда жусаған қой, сиырдың ыңыранған, пысқырынған үндері түн тыныштығында елгезектен естіледі. Анда-санда пысылдай пысқырынған көпекті соны күзекке еркін өрістеген түйе тобы, алуан түрлі дыбыс аңдатады. Күндізгі абыр-күбір азайғанымен, түн тіршілігі өз арнасында әсемдікпен ырғалады. Әлдеқайда қол бетіндегі құстардың да ыңыл-шыңыл үндері өмір думанына бөленгендей, көл қауымы өз тілімен үн қатысады.

— Мәжілісті ертең аяқтарсыздар, сіздер бері, үйге жүріңіздер, төре дем

алады, — деп, кісі күтіп жүрген Бейсен ақынды жолдастарымен қонақ үйге алып жүрді. Шоқан Жақыпты ертіп өздерінің үйіне барды. Ұйқы маужыратқан Шоқан еш нәрсемен де ісі болған жоқ, төсегіне шешініп жата кетті.

Шоқандардың сабағы тоқталып қалған. Құсмұрын алқабына келгелі шақырған жерлерге барып Әубәкір молданың қолы тимеген-ді. Кешегі ақын мәжілісінде де Әубәкір молда жоқ еді. Ол кісі таяу ауылда бір дуа болып сонда шақырылып кеткен. Осындай бір бостандық, молда сабағы үзіліс жасаған күндерде ақын мәжілісі болған Шоқанға сондай ұнаған-ды.

Таңертеңгі шайын ішіп, қонақтар Шыңғысқа сәлем бере орда үйіне кіргенде, Шоқан мен Жақып әкелерінің қасында еді.

— Ассалаумағалайкум, аға сұлтан, Жасы

күн, жарқын өмір, қайырлы таң.

Болғайды хан ордаға қасиетті,

Туғызар елге бақыт, халқына қам, —

деп жырлай кірген Арыстанға Шыңғыс оң жақ қасын меңзеді. Басқа қонақтар күндегі орындарына хан ишаратынан кейін жайлана отырысты. «Ақын тілі алыстан шолиды-ау, сәлемінің ішінде арызы қабаттаса жүреді. Адам тілінің айтпайтын өзі, ашпайтын сыры жоқ-ау. Тек бүкпелемей, ақ ниетпен сөйлесе», — деп ойлады Шыңғыс.

— Алдияр, сізден рұқсат болса, біз ханымымызға сәлем берсек, кешеден бері бармағанымыз да ағаттық болған тәрізді, — деді Арыстан ақын Шыңғысқа.

— Иә, иә, ол жобалы, ханымға сәлем берелік, мен де кешеден бері барғаным жоқ. Қозы Көрпештің аяғын да сонда жырларсыз, — деп Шыңғыс ақын өзін құптады. — Онда, ат қамдалсын, — деп Бейсенге қарады.

— Құп, алдияр, қазір дайын болады, — деп Бейсен есікке қарай бара бергенде, Шоқан:

Атеке, мен де барам, — деді. «Мен де барам», — деп Жақып қосарлана кетті.

Иә, иә, бұлардың да аттары әкелінсін! — Шыңғыс сөзін аяқтағанша сары бәйбіше:

— Біз де барамыз, жырдың аяғын тыңдаймыз. Апама сәлем береміз. Балалар, біздің пәуескеге мінер, — деді.

— Алақай онда тіпті жақсы болды, — Жақып Шоқанның мойнына асыла кетті.

— Кешегі менің ойыншықтарым қайда? — деген Шоқанның сөзін ести

сала қайтадан апасының ар жағына барып тығылды. Кешегі қойған жерінен іздегенде тек сиыр мүсін балшықтың бір сынығы ғана жатыр, өзгесі жоқ болды.

— Мынаны талқандап сындырған сен ғой, бүлік, — деп Шоқан Жақыпқа қарай бет алып еді, апасы:

— Шоқанжан, оны мен бағана шығартып тастадым. Қайтесің жаман балшықты қызықтап, өзі үгіліп кілемді топырақ қылып тастапты, — деді.

— Апеке, ол жай балшық емес мүсін ғой. Өнер ғой, — деп Шоқан қабағын түйіп, тұрып қалды. Апасы ара түскен нәрсеге әдептілік істеп ішінен тынды да қойды.

Шыңғыстарға ат ерттеп жүрген Бейсенге келіп Шоқан:

— Бейсен аға, менің де құнанымды ерттетіңіз, мен салт мінем, — деді.

— Иә, Бейсен аға, менің де құнанымды ерттетіп беріңіз, мен Шоқанмен бірге жүрем, — деп Жақып таяй бергенде, Шоқан:

— Жөнел, жаның барда. Менімен бірге жүрмейсің. Апекеңнің жанына пәуескеге отыр, — деп қатты зеки сөйледі.

Әлгінде апасының қорғауымен аман қалғанын сезген Жақып, Шоқанның қазір ызғарлана «менімен жүрмейсің» деген сөзінен тайқып үйге жөнелді.

Салт атпен жүрген Шыңғыстар тобы, Арыстан ақын бар, ханым аулына қарай баратын төте тепсеңмен бұрыла үлкен көл сағасына қарай ойыса бет алды. Әкелерімен қабаттаса атқа мінген Шоқан, кешегі Мысыққа айтқан уәдесі бойынша кісілерден бөліне құдық басына тартты. Өңгімемен алданып алғашында абайламай қалған Шыңғыс баласының жалғыз кетіп бара жатқанын керіп шақырып алды.

— Сен, жалғыз қайда бара жатырсың? — деп бөліне жүру себебін сұрады.

— Атеке, кеше Мысыққа, әлгі мүсінші балаға, келем деп уәде бергем, соған барам.

— Кейін-ақ бармайсың ба, ол бір жаққа кетіп қалар деп пе едің? — деген әке сөзіне:

— Уәде айтып, артынан алдасам ұят болады ғой. Бұдан былай ол менің сөзіме сенбейді ғой, — деді.

Шыңғыс Шоқанға ойлана қарады да:

— Ә, жарайды, бар. Екі айтпаған жақсы, — деді. Шыңғыстың өңінде баласына іштей разыланған ажар бар еді.

— Тере баланың мына қылығы қандай жақсы тәртіп. Өтірік айтып алдасам, ендігіде сенбейді ғой дейді. Болар бала... деген-ау, — деп Арыстан бөліне жөнелген Шоқанға сыртынан сүйсіне ықылас білдірді.

Шоқан құйғыта шауып құдық басына келгенде, Мысық алдынан қарсы шықты. Ол қолына ұстаған жаңа мүсіндерін жоғары көтере:

— Мә, Шоқан істеп қойдым. Мен сені келмей қалар деп ем!

— Жоқ, мен айттым ғой келемін деп, неге келмеймін. Уәде етпеу керек,

уәде еттің орында. Міне, сен де кеше уәде еттің, айттың, орындап тосып отырсың, — деп Шоқан досына өзінің әдетін түсіндірді. Мысықтың бұл мүсіндері Шоқан айтқан түйе емес, құстың (қаршығаның) тұлғасын бейнелепті. Және пәуеске арбаның бейнесін жасапты. Жаңадан көргенін, жаңа нәрсені тез танығыш Мысықтың зеректігі Шоқанға сондай ұнады. Мына жасаған мүсіндері әлі тобарсымаған, босаңдау екен. Қолына алып ұстап көрді де:

— Сен мүсіндерді күн көзіне қойып тобарсыт, қазір алуға әлі жас екен. Мен саған ертең келем, — деп Шоқан үйден Мысыққа деп алып шыққан қант, бауырсақтарын берді.

— Жарайды, тағы да көп қылып істеп қоям — деп Мысық бауырсақтың бір-екеуін аузына тоғытып жіберіп, жымындап қойды.

Шоқан құнанына міне салып, Айғаным аулына қарай құйғыта жөнелді. Ендігі ойы Қозы Көрпеш жырының аяғын тыңдаудан кешікпеу еді. Шоқан келіп жеткенде, ханым үйінің айналасы абыржыған адамдар. Апасы да пәуеседен жаңа ғана түсіп жатыр екен. «Кешікпеген екенмін» деп ойлады, ол ішінен. Шыңғыстар тобының аттары кермеде, қатарласа байланып олар үйге кіріп жайланып қалғаны байқалды. Жалғыз кіріп баруды ретсіз көргендей, апасының үйге кіруін күтпелеп пәуеске қасында тұрып қалды.

— Ә, бәрібір бізден бұрын келген жоқсың, — деп Жақып апасына ілесе Шоқанға қыр көрсетіп бағанағы тастап кеткен кегін қайтармақшы болды.

— Әжесіне еркелене әдеппен келіп Шоқан бетінен иіскеткенде, Жақып та еттілеу томпақ бетін төседі.

— Өй, тентек, — деп ханым оның қолынан тартып, маңдайынан сипап қасына отырғызды. Ханым алдында тағзыммен отырған жұрт әлі мәжіліске кіріскен жоқ еді. Үнсіз отырысты, Айғаным өзі жандандырды. Күтуші жігітке:

— Дастарқан жайғыз, қымыз әкелгіз. Мал қамдаңдар. Ақынды кеше келді деп еді, жас сұлтанда арыздары болған шығар. Заман осылардікі ғой, — деп бір ескертуін істеді.

— Иә, алдияр апеке, біз тоқтатып қалдық. Ақында кінә жоқ. Мына балаларыңыз жыр айтқызып босатпады, — деп Шыңғыс Шоқан мен Жақыпты алдына сала, жыр аяғының айтылуына ескерту жасай сөйледі.

— О не қылған жыр, балаларды таңсық еткен, — деп өзімшіл өр мінезді ханым бізге жаңалық болған қандай жыр дегендей, бір жайқап өтті.

— Апеке, бұл Арыстан ақын айтқан Қозы Көрпеш, Безверховтар тобы дәріштеген өте бір қызықты түрі. Бұл Орынбай айтуынан бөлегірек, — деді Шыңғыс, жыр жайындағы өз болжауын түсіндіріп.

— Иә, Арыстан ақын ұзақ, қызықты жыр айтыпты, соған разы болып бір орыс төресі үлкен сыйлық берді деп жүр еді ғой ел. Онда дұрыс екен, балалардың естігені жақсы болған. Тыңдалық, — деген кеңшілігін білдірді.

Жырды кешегі тоқтаған жерден бастай ма, жоқ тағы басынан ханымға

қайталай ма, сол арасын шеше алмай қобызын алдырып, Арыстан құлақ күймен күйбеңдеп бөгеліп қалды.

— Ақын, неге бөгеліп отырсың? Әлде, әлде қай жеріне тоқтағаның есіңе түспей отыр ма? — деп, Шыңғыс ақын бөгелісін анықтағысы келіп өзі бастады.

— Иә, алдияр, сол тоқталған жерден айта берелік пе? — деп, Арыстан Шыңғысқа қарағанда:

— Апекем қалай дейді. Басынан айтсын ба, жоқ қалған жағын айтсын ба? — деп Шыңғыс Айғаным ажарына қарады.

— Бас жағын сендер тыңдапсындар ғой, аяғын-ақ тыңдалық, тағы да аяқталмай, балаларды босқа шаршатар, — деп Айғаным өз шешімін айтты.

«Айбас құл олай шапты, бұлай шапты,

Бәрін де тамам жолдың оймен тапты.

Өттең, айдың жарығы күндізгідей,

Ер жігіттің қадірін қыз білгендей», —

деген жерін айтқанда, Шоқан әкесінен:

— Атеке, ол қай жер? — деп сұрап қалды.

Ол, ол нағашың аулының ар жағында Қарқаралы деген тау бар, сол. Таудың аты осыдан қойылған білем.

— Ол нағашымдар аулынан көріне ме?

— Алыстан бұлдырап көрінеді. Жарайды, өзім кейін ұғындырармын, жыр тыңдалық, — деп, Шыңғыс Шоқанды тоқтатып тастады. Жұрт үнсіз жыр тыңдап, ақын аузына үңіле отырысты.

Жыр ұзақ айтылып, күн еңкейе ақын Қозыке өліп, Қодарды Баян алдап құдыққа түсіріп өлтірген жерін айтқан кезде, үй ішіндегі біраз жандар Баянды аяп, көздеріне жас алды. Әсіресе Шоқан ойында әсер қалдырған жері Баянның ақылымен саудагер керуендерге бейіт салдырғаны болды. Сол бейіт қандай екен деп іштей құмартып қойды. Әредікте Арыстан ақынның қасына келіп:

— Ақын ата, Қозы Көрпеш — Баянның бейіті сондай биік пе екен? — деп сұрады.

— Мен кергенім жоқ, бірақ көргендер айтқанда, сондай биік, етегінен басына қараған кісінің басынан тақиясы түседі, — дейді. Ақын осыны айтқанда Шоқан үндемей отырып қалды.

ТҰҢҒЫШ ЕСТЕЛІК

Әубәкір молдадан түркіше оқып хат тани бастаған кезінде-ақ Шоқан әкесінің қойын дәптерлеріндегі жазуларды оқып үйренді. Бірде ол сыртында «Орынбай айтуынан «Ер Көкше» жыры» деген жазу бар дастанды оқыды. Осыны оқығаннан кейін оның ойына анадағы Арыстан ақын жырлаған Қозы Көрпеш жырының бір шумағы түсті.

«Қарабай Сарыбаймен аңға шықты,

Екі бай аттанды деп даңға шықты.

Екі бай бір жапанда келе жатса,

Алдынан буаз марал аң қашыпты», —

деген бір шумақ жырды ойына жаттап қалған-ды. Өзінің жазу дәптеріне соны көшіріп, аяқ жағына Арыстан ақынның бейнесін, сонда айтылған Қарқаралы тауын, Аякөз өзенін, ондағы Қозы Көрпеш бейітін жазып қойды. Бұл Шоқанның әке үлгісімен өзіне серік дәптер арнап, көңіліне ұнаған нәрсені жазып қою әдетіне жол салды.

Әубәкір молда түркіше, арабша кітаптар оқытса да, дін сабағын аса қадағалап мүлгіген сопылыққа үгіттей бермеді. Баланың қандай нәрсеге бейімі бар, соны аңғарып, сол жағына көп көңіл бөлетін ұстаз еді. Әсіресе ол кісі парсы, араб ақындарының ғазалдарын, рубаяттарын оқып беріп, Шоқанға мағынасын түсіндіретін. Шоқанның қиялшыл, алғыр, ұғымдылығына қызығып, өзі білетін ақындардың шығармаларын сабақ ретінде оқытты. Кейбір қысқа рубаяттарды жаттатып тілін жаттықтырды.

Шыңғыс және келешек ғылым-білім өрісі өзі оқып білім алған орыс мектебінде екенін біле тұрса да, балам шығыс әдебиеті мен тарихынан хабардар болсын деп Әубәкір молданы әдейілеп Орынбордан кешіріп алып келген-ді. Алдымен балаларын ана тілінде сауаттандыруда ниеті болған. Сондықтан да ол кейде қалжындап:

— Шоқанға өзің білетін барлық оқуыңды үйрет. Бұларға енді жеті жұрттың тілін білу керек, — дейтін.

Шыңғыстың бұл тапсырмасын Әубәкір бұлжытпай қолға алды. Шығыстың атақты ақындары Әбілқасым Фердоусидың «Шаһнамасын», Жәмидің, Омар Һайямның рубаяттарын, Науаидың дастанын, Азербайжан ақындары Низами, Ғанжауи, Фзулилардың шығармаларымен таныстырды. Шоқанның өте-мөте қызыға оқығаны Ләйлі — Мәжнүн жыры, Һайямның рубаяттары болды. Әсіресе Омар Һайямның іслам діні жөніндегі жансыз сопылық, жалған мүлгушілікке қарсы жазылған өткір қияли рубаяттарын

ұнататын.

Бір күні Шоқан Айғаным әжесінің үйіне келді. Еркелене келіп, әжесіне бетінен иіскетіп:

— Әже, мен сізге бүгін бір қисса ала келдім, өзіңе оқып берем, — деп, Шоқан Әубәкір молдадан әдейі сұрап әкелген

«Боз жігіт» қиссасын оқып берді. Айғанымның Шоқан оқуынан бірінші тыңдаған қиссасы осы еді. Салмақпен асықпай, байыпты оқып, әрбір бөлімдерін орнымен баяндап бергеніне сыншыл да есті әже соншалық разы болып батасын берді.

— Шоқанжан, бұл қиссаны мен бұрын естімеген едім. Сондай қызық екен. Біздің қазақ ақындары айтатын жырлар бұдан да қызықты, — деп Айғаным өзі әдеттегі әңгімешіл шебер тілмен Шоқанға «Ер Тарғын» жырын әңгімелеп берді. Әже әңгімесінің ұзын өзегіндегі Шоқанға ең ұнағаны, Ақжүністің жалғыз атты Тарғынды сүйіп, соған еріп, елінен қашқаны. Артынан қуып келе жатқан Қарт Қожаққа, қыздың тапқыр өз айтып тоқтатқаны болды.

— Әже, бұл әңгімені маған неге бұрын айтпадыңыз? — деп Шоқан шұғылынан сұрап қалды.

— Мен бұл жырды саған ұғынуға ертерек қой деп жүр едім. Бүгін мына «Боз жігіт» қиссасын оқып бергеннен кейін, мұндай үлкен жырды ұғатын болғаныңды біліп отырмын. Тағы да ұзақ әңгімелерім бар. Кейін айтам, — деп Айғаным оның бетінен сүйді.

Шоқанның әрбір жаңа кітапты оқыған сайын оқу құмарлығы өрши берді. Әубәкір молданың Орынборға кейінгі барып қайтқан жолы алып келген бір кішкене әңгіме кітабын оқып көруге Шоқан сондай құмартуда. Бірақ молда өзі «оқы» деп берген жоқ. Ал рұқсатсыз алып оқуға әдеп сақтап жүр. Бір күні молданың үлкен қызы жаңа жүгіріп жүрген Кәкима, сол кішкене кітапты қолына ұстап оқыған кісі болып отырды. Шоқан кішкене ғана саршұнақ қыздың тілін қызық көретін.

— Кәкима, мғна бер әлі кітабыңны? — деді қыздың өз тілімен өйлеп.

— Ей алла, этиім ұрша, — кітапты кеудесіне қысып жымыып қойды да, — мғ, оқыңыз әлі, — деп бере қойды. Бұл Ибраһим Әл Юныстың «Жігітке жетміш түрлі өнер аз» деген хикая кітабы екен. Шоқанға бұл кітап сондай қызықты болып көрінді. Бірақ баланың қолынан алып ұзақ оқи алмады.

— Мә, этиің келіп қалар, орнына қой, — деп өзі сабақ кітаптарын оқып отыра берді. Онша діндар болмаса да, ел көзіне бейнамаз болып көрінбеу үшін Әубәкір молда дәретсіз отырмайтын әдетімен сырттан дәретін алып келді де, көрпе салған орнына отырды. Шыңғыстың айтуымен дөңгелек жер үстелдің аяғын еректеу жасатып, әр бала астына қойып отыратын кішкене тағанша істеткен. Бұл аспаптар, оқушы балалардың жерге талпайып отырмауына, асты көтеріңкі отырып сабақ оқуына ыңғайлы болатын. Көшпелі ауылда алып жүруге де, сыйымды еді. Шоқанның

қасында сабағын оқып отырған Жақып кішкене тағанын сырғытып алып құлап кетіп, үстелді төңкеріп, балалардың кітабын шашты. Молданың сиясын ақтарды.

— И-и, Жақып, сен бір дә тыныш отыра білмәйсін. Бик ямсiзсiн, — дедi Әубәкiр қабағын түйiп. Өзi мазасызданып, тағанынан жығылып ұятты болған, әрi молдадан өз естiген Жақып үйден тұра жөнелдi.

— Тұқта, Жақып, ник шаярасын, — деген Әубәкiр өзiн керек еткен Жақып жоқ. Ол тура желi басына жөнелдi. Оның бүгiнгi мазасыздануында бiр көмескi сыр бар едi. Шоқан мiнiп жүрген жүйрiк шұбар құнанның iнiсi шұбар тай өзi жорғалай басатын, әрi үйретiлмеген едi. Соны жылқышы Жәмпейiске айтып, кешеден берi үйреттiрiп жүрген. Соған бiр мiнiп, Шоқанмен қатарласа жүруге құмартты. Өзi жаздай мiнген жирен құнанды шапқылап қолын түсiрiп ақсатып қойған. Ендiгi ойы ат жаңалау. Сондықтан оған қазiр сылтау тауып, желi басына кету керек болған-ды. Келесi жұмада ауылдары көтерiле бiр үлкен асқа жүрмек. Сол асқа жаңадан үйретiлген, жолбарыстай шұбар, су төгiлмейтiн жорға таймен, хан баласы киетiн қарқаралы бөркiн киiп бiр сәнденбек едi. Жақыптың өр кеуде, бәсеке құмар, о жар мiнездерiн бiлетiн Жәмпейiс «Мына шұбар тай тек жорға ғана емес, жел жетпес жүйрiк болады» деп онан сайын желiктiрiп қойған-ды.

Бұдан бұрын да Жақыптың Әубәкiр молдаға бағынып сабақ оқымай жүргенiн Шыңғыс бiлетiн. Бiрақ «еркелiк етiп жүр ғой, басқа балаларды көрiп оқып кетедi» деп сенетiн. Сол күнi кешке дөң басына шығып отырыста Әубәкiрден Шыңғыс: «Балалардың оқуы қалай, мына күзекке қонғалы салақсып кеткен жоқ па?» — деп сұрап қалды.

— Бiз әлi салақланбадық, тик Жақып шул сабаққа отырми. Аны ұршып болмайды, — деп Шыңғысқа баласының жайын алғашқы рет хабарлады.

— Иә, ол өзi тентек, тентек. Сiз оны мақтап алдасаңыз, бәрiн iстейдi. Зекiсеңiз, ерегiсiп кетедi, — деп Шыңғыс молдаға әдiс айтты. Бiрақ Жақып сол күннен бастап оқуға бармай қойды. Бұл күзде қағаз бетiне қарамай кеттi. Сол бiр әредiкте Казачий ставкеден хабар келiп, Шыңғыс сондағы бiр жұмыс жөнiне жүрiп кеттi. Әлгi Жәмпейiске үйреттiрiп алған шұбар тай, ол айтқандай су төгiлмейтiн жорға да, жел жетпес жүйрiк те болып шықпады. Қитындаған жол жорғасы әрi жайсыз, әрi бұзылмалы болды. Ал шапса, көрiнген тайдан қалып қояды. Сонымен Жақыптың Шоқанмен бәсекелесе мiнбек шұбар тайы ойдағыдай болмай шықты.

Ауыл күзектен көшер алдында Шоқан Мысықты еркiне қоймай үйiне ертiп келдi. Онысының екi түрлi себебi бар едi. Бiрi — күзекке келгелi үйр болып өнерiне сүйсiнген шебер бала, бөлiнiп өзiнiң үйiнде қалады. Екiншiсi — күздiң салқын күнiнде аяғында етiгi жоқ, үстiндегi шапаны далбаланған Мысық жағынан боздағы шығып тоңып жүр екен. Жаны ашып кеттi. Апасына еркелене:

— Мына Мысыққа менiң ана қоңыр шапанымды, жеңiл етiгiмдi

беріңізші, кісін, — деді.

— Ә, Шоқанжан, осы баланы өзіңе дос қылып алдың ғой. Жарайды, көңілің түскен екен, алсын, — деп сары бәйбіше жұмыскер әйелге айтып, Мысыққа Шоқан айтқан киімдерін алғызып, сол жерде үстіне кигізді. Киерін кесе де, өзінің ескі киімін қайтерін білмей, Мысық қыпылықтап біраз тұрды. Шоқан бергізген қымызды ішіп, бауырсақты жеді.

— Қағынды, Шоқанжан сені мүлде жарылқады-ау, — деп, қызметкер келіншек те Мысықты иығынан нұқып қойды.

— Кісін, Шоқанжанның садақасы ғой. Өзі осы баланы тіпті жақсы көріп кетті. Қолы шебер бала көрінеді. Көрдің бе, ана балшықтан жасаған ойыншықтарын, — деп сары бәйбіше бала өнерін елеусіздеу аузына алды. Зәресі ұша қорқатын сары бәйбішенің мына сөзі Мысыққа ат мінгізгеннен кем болған жоқ. Ол ақырын ғана көзінің астымен өзі жасаған балшық ойыншықтарға қарап қойды. Мысықтың отырысына, өне бойына қайтадан көзі түскен сары бәйбіше, оның ішкі көйлегінің жағасы дал-дал болып жыртылып тұрғанын көрді, әлгі жұмыскер әйелге:

— Қанипа, мына балаға ана әбдіредегі кездемеден көйлектік шыт жыртып берші, шешесі бар шығар, тіктіріп кісін, — деді. Көйлектік кездемені қойнына тығып, ескі киімдерін бүктеп қолына алған Мысықты Шоқан ертіп үйден алып шықты. Қотан шетінде жатқан иттерден қорғап, біраз жерге ұзатып салды.

— Біздің ауыл қыстауға көшеді. Сен осында қаласың ғой, енді аман бол, — деп Шоқан Мысыққа үлкен кісіше қош айтты. Мысық төмен қарап жылап жіберді.

— Жолың болсын, көп жаса, Шоқан, қош, — деді Мысық кемсеңдеп, Шоқан бұрылып үйіне қарай жүріп кетті.

СОНАРШЫЛАР ТОБЫНДА

Қысқы үйге кіргелі Шоқандардың оқуы құнтты жүрді. Әубәкір молда да, бұрынғыдай ауыл арасының шақыруынан босап, Шоқанға парсы тіліндегі кітаптардан уақиғалы хикаяларды оқытып, білім өрісін кеңейте түсуде. Аңадағы әжесі айтқан: «Байлық та, бақыт та тиянақсыз, ең тиянақты қасиет — өнер-білім. Жеті жұрттың тілін білмеген адам — шалағай» деген сөзді өзінің естелік дәптеріне Шоқан жазып қойған-ды. Шоқанның күзден бергі оқуға деген ыждаһатына Әубәкірдің өзі де іштей танданатын. Ол тек жай оқып қоймайды. Оқыған кітабының уақиғасын бажайлап, түпкі мағынасын білуге ізденеді. Шоқанды аса қызықтырған Жәми ақынның «Ескендірнамасы» болды. Әубәкір өзі оқып, Шоқанға мағынасын түсіндіре, кейбір жерлерін жаздырып отырды. Ескендір Зұлқарнайын туралы шығыс елдері аузындағы аңыз әңгімелерімен қатар, Жәми жырлаған дастан да сондай қызықты екен. Жас Ескендірді анасының үлкен данышпан ғалымға беріп оқытқаны Айғаным әжесінің «білім — оқуда» деген насихат өзіне ұштасып жатты. Осыны оқығаннан кейін Шоқан бір күні әжесіне келгенде:

— Әже, сіз Жәми ақынның «Ескендірнамасын» оқыған ба едіңіз? — деді.

— Қарағым, оны неге сұрадың?

Шоқан жымыып:

— Әже, Ескендірдің шешесі ақылды болған екен. Ескендірді ең үлкен данышпан ғалымның қолына беріп оқытыпты. Сол оқу-білімінің арқасында бар әлемді билемек болып үлкен жорық жасапты, — деп Шоқан әжесінің өңіне қарады.

— Қарағым, ол дастанды мен оқығам. Сен де жақсы түсініпсің. Білімділік жақсы, мансапқорлық жаман емес пе. Ол әлемді аузыма қаратам деген озбырлықтан апатқа ұшырады ғой, — деп әжесі сөзін аяқтады.

Шоқан ойлана қалды. Айғаным да сүйкімді немересіне әдеттегі мейірбан ықыласынан басқа еш нәрсе айтқан жоқ. Ханымға амандық айтуға ауыл арасының үлкен кісілері келген кезде, ол әжесіне қош айтып қайтып кетті.

Қырқабақтап қар жауып тұрған. Алғашқы жауған қарды қызықтап, үстін қақпай үйіне кірген Шоқанды көріп Жақып:

— Өй, өзің қарға аунадың ба? Немене, аңнан келдің бе? Сен білесің бе, атекем бүгін аттарын тағалатып, жолдастарына, құсбегі Қожбанға: «Құсың бабында ма?» — деді. «Ертең бүркіт салуға шығады», — деп білген жаңалығын жеткізді. Жақыпты жүре тыңдаған Шоқан шешініп, әкесінің үйіне барды. Әкесі жоқ екен. Онда отырған үлкен кісілерге әдеппен сәлем

берді де, бүркіт тұратын бөлмеге келді. Құсбегі Қожбан екеуі «Сарыбалапан» деген бүркітті қолдарына алып, томағасын сыпырып, әр жерін ұстап көріп отыр.

— Атеке, аңға шығасыз ба? — деді Шоқан сыпайы ғана күлімдеп.

— Иә, иә, бұйырса, ертең мына күн сонар болар деп отырмыз.

Шығамыз.

— Қандай аңға саласыңдар құсты?

— Түлкі, түлкіге саламыз.

— Онда, мен де барайыншы! ?

— Оқу ше? Оқу қалады ғой.

— Бір күнді молдадан сұранам.

— Тоңбайсың ба? Аңшылар тауға шығады, оған жүре аласың ба?

— Тоңбайым. Мен кішкене емеспін ғой. Әжем айтқан, «сен ересейдің» деп.

— Ә-ә, әжең айтса, жарайды. Бірақ молдаңмен келіс, жылы киін. Онда атыңды Бейсенге айтып тағалаттыр, — деп Шыңғыс баласына рұқсатын да, тапсырмасын да берді.

Ел орынға отыра берген кезде, сәлем беріп Қанғожа кіріп келді.

— Уа, сәлемшілер, жоғары шығындар, — деп Шыңғыс інісіне ағалық ажар білдіре құрмет көрсетті. Төрелердің кішісі үлкеніне «алла жарлай» қолын кеудесіне ұстап, иілетін әдетін істеп, Қанғожа ағасына қолын беріп келіп отырды. Қанғожаның жолдасы тарғыл арланға серіктестіре тағы бір арлан тазы ұстаған жігітпен ауыз үйде қалып қойды.

— Иә, иә, ауыл амандық па? Әпекем сау ма? Қалай кештетіп? — деп Шыңғыс жол болсын айтты.

— Бәрі де амандық. Әпекем жақсы. Біз осы жақтан жылқыға бір-екі рет қасқыр шауып, мазалап жүр деген соң, мына тазыларды алып шығып едік. Күн райы өзгеріп, қар жауғансып, сіздер бүркіт салуға баратын болар деп әдейі кештетіп келдік. Қысқы тымақ деген секілді, — деп Қанғожа жымия күлді.

— Иә, иә, біз әзірленіп отырмыз. Қанша қасқыр алдыңдар?

— Қара қатқақ болып, ізсіз қасқырға ит қоса алмадық Екі күндей бос жүріс болды. Жаман адырдан бір қасқыр көрініп еді, көл сағасына түсіп маңайлатпады, — деді Қанғожа жай сөйлеп.

— Ә, өздерің қасқыр қуалаудан қажып қалған екенсіңдер ғой. Онда жақсы, иттеріңді ат тізесіне салып жүдетіп алған жоқсыңдар ма? Бізбен аңға шығам десең жолдастарың иттерін күтіп ауылда болар. Бүркіт пен иттің қабаттасуы жазым болады, — деді Шыңғыс.

— Ол дұрыс. Сіздің Сарыбалапанның өнерін алаңсыз көрелік, — деген сөзін Қанғожа әзілдей айтты.

Қонақтар тамағын жеп болып, ел жатуға қамданған кезде, таяудағы жылқы қосынан бір жылқышы асығыс келіп хабар берді. «Әлгі қызыліңірде жылқыға қасқыр шауып, бір жабағыны жаралап кетті. Түн болып,

жылқыны тастап қуа алмадық. Мына көмбе сонарда ұдықтасып, қуып, бетін қайтармаса, сірә, қосқа маза бермес деп келіп тұрмын, — деді.

— Ал сенің, сенің іздегенің табылды. Қасқырыңды қу! Біздің ауылдан да, жылқышыдан да кісі ерт, аттарың әлсіресе, жарау айғырлардан жаңаландар, — деп Шыңғыс інісіне қысқасынан бұйрық берді.

— Күйші көкеме күй тартқызбадық, — деп Шоқан Қанқожаның күйін тыңдауға құмартты.

— Иә, ол қасқырын соғып әкелсін, біз түлкі алдырайық, сонан соң көкеңнің күйін күндіз-түні тарттырамыз, — деп Шыңғыс баласының тілегін кейінге қалдырды.

Қар ел орынға отыра басылды. Қайта-қайта далаға кісі шығарып, күн райын бақылатқан Шыңғыс:

— Сәті болса, нағыз қансонар болады. Жел лебі күншығыстан білініп тұр ғой. Боран болмайды. Жер бетінде тірі аң болса, ізі бадырайып жатады, — деп жатарда құсшысына да, атшы, асшыларға да таңға жеңіл ұйқы қанғанда атқа мінетінін тапсырды. Шоқан әке бөлмесінде әзірлікпен жатты.

Аңшылар атқа қонғанда, таң алдындағы алғашқы ақша қардың ызғырығы, жылы үйден шыққан адамдарға тіксінте суық тиді. Ат қызуымен бойларын жылыта, желе жортып, «Күрке тіккен» адырына қарай тартып келеді. Шоқанға арнап алып қалған мақпал қара бестіге Бейсен «Шоқанның Қызқарасы» деп ат қойған. Ойнақтаған жеңіл жүрісті Қызқара аңшылардың алды-артын орайды.

— Шоқан, ана адырға жеткен соң, қағушы етекте қалып, Қожбанмен біз ең биікке шығып бүркіт ұстаймыз, ол кезде атыңның басына ие бол. Дауысыңды шығарма. Егерде көзіңе түлкі көрінсе, ақырын сыбырлап айт, — деп Шыңғыс баласына өзі білетін аңшылар әдісін үйретті. Жаздағы қаршыға, тұйғын салу сияқты құс алдырғаны болмаса, қысқы бүркіт салу тамашасына тұңғыш шыққан Шоқан, әрбір аңшының атқа отырысына дейін тамашалауда.

— Ал осы жерде айрыламыз. Біз төремен анау тұғырға шығамыз. Күркетіккеннің жалғыз биік шоқысы бүркіт ұстар сол. Біз бой көрсеткенше сендер мына балақтан із кесіндер, — деп, Қожбан ендігі билікті өзіне ала, ақырын өйлеп барлық аңшыларға әмір берді.

— Ал, төре, кеттік, таң да ағарып қалды. Тезірек жүріп тұғырға шығалық, — деп Қожбан жорта жөнелді. Шоқанның қара бестісі басымен алысып ала-ала жөнеледі. Тізгінін қымти ұстап, әке айтқан тәртіпті бұлжытпай орындауға тырысып Шоқан да жортып келеді. Алғашқыдай емес, атының басын өзіне бағындырып ширап алды.

Бүркітшілер тобы тұғырға келіп бүркіттің томағасын сыпырған кезде, шығыс жақтан құланиектеп көтерілген таң сәулесі айналаны айқындап қалып еді. Ойдағы қағушылар да бұларды көре салып, сай-сайды көбелеп дыбыстай бастады. Шоқанның екі көзі Қожбанның қолындағы бүркітте,

басынан Қожбан томағасын сыпырғанда, бір сілкініп алып, шаншыла, бүкіл атырапқа құйқылжи қарады. Жүнін жыға қалды. Сонша болмады, Қожбанның қолынан етпетінен түсе лап қойды. Қожбан қолын көтеріп, сілтеп қалды. Қыран атып аспанға шықты.

— Әне, көрдің бе, Қожбан, түлкі! — деп Шыңғыс қолындағы дүрбісімен Күркетіккен адырының күншығыс тепсеңіне үңіле қарап отыр.

— Иә, көрдім! Сарыбалапан да солай құйылды. Я, сәт, қанды басың бері тарт! — деп Қожбан атын жамбасқа тартып жіберіп, тура ойға қарай шаба жөнелді.

— Балам, байқа, шаппа. Біз жай баралық, — деп Шыңғыс Қожбанмен ілесе жөнелем деген Шоқанды шақырып алды. Адырды қырқалай, құстың ұшқан бетінен көз айырмай келе жатқан Шыңғыс, бір қырқада атының басын тартып тұра қалды. Қожбанның шауып жөнелген бетінен көз айырмай біресе құсқа, біресе түлкі көрінді деген жобаға қарап келе жатқан Шоқан әкесінің қасына келіп:

— Атеке, түлкі қайда, бүркіт алды ма түлкіні? — деді.

— Жо-о-оқ, әлі түскен жоқ. Әй, түлкі ғой, қорымға кірмесе жарар еді, — деп Шыңғыс дүрбісін қайта-қайта жөндеп қадалып тұр. — Әні, түсті білем. Қап, ана қу ілдірмей кетті ме, — деп Шыңғыс сасқалақтап, атының басын жіберіп, тура қырдың басына қарай шапты. Әкесінің жобасымен жүгіріп келе жатқан Шоқан:

— Атеке, бүркіт қонған жоқ, әні, қайта айналып көкке шықты, — деді.

— Иә, иә, көріп келем. Түйіліп барғанымен түсер жері жайсыз болған ғой. Енді қайтер екен?

Сонша болмады, қайқаң етіп аспанға атып шыққан бүркіт қайта құйылып жерге қарай ақты.

— Я сәт, қанды басың... — деп Шыңғыс атын тебініп жіберіп, қырқаны жоталай жүгірте жөнелді. Қызқараның тұқыра ұмтылған қарқынына жібермей Шоқан да шауып келеді.

— Алды білем, — деп Шыңғыс бір тұрғыда тұра қалып дүрбісін қолына алды.

— Атеке, әні, алды-алды! — деп Шоқан бүркіттің түлкіге түскенін әкесінен бұрын көріп, тұра шаба жөнелді.

— Тоқта, Шоқан, байқа, жығыласың. Алдың терең құз, — деп Шыңғыс айқайлап келеді.

Қызқараның ағындаған басына ие бола алмай, Шоқан құйғытып барады.

— Өрге тарт, өрге тарт, — деп Шыңғыс түлкіден бұрын баласының жайымен есі шықты.

Дес бергенде Шоқан Қызқараның басын қарсы бетке бұрып әрең билеп алды. Құйысқандаған сайлы ер-тоқымы мойнына кетпепті. Баласының қасына келе Шыңғыс, шылбырынан іліп алып, өзімен қатарластыра сар

желдіре, бүркіт пен түлкі айқасқан өзектің қабағына шыға келді. Қожбан да келіп, аттан түсіп, Сарыбалапан бүріп алған түлкінің белін сындырып тастап, қыранға тілін суыртып отыр екен. Сол жерде қағушылар да келіп қалды.

Будыраған аппақ қардың үстінде қызыл орман түлкіні, жауырыны бүлкілдеп астына жұмарлай басқан қанды көз қыранға Шоқан таңдана да, қызыға да, ойлана да қарауда. Тілін суыртып, Қожбан бүркіттің аяғынан түлкіні босатып алып, құйрығынан ұстап, қарға олай бір, былай бір аунатып:

— Ішіміздегі ең жолы үлкен Шоқанжан ғой, бұрын аңға шығып көрмеген. Ырым қылып қанжығасына байлайыншы, — деп алып келіп, Қызқараның басын қымти ұстап тұрып, ақырын байлап, ырымын істеді.

— Әжеңе ғой істетеміз. Тырнақ алды аң байланып атқа мінгенің, — деп Қожбан түлкіні өзінің қоржынына салды.

— Иә, иә, Қожекең дұрыс айтады. Әжесі мүшелің толады, ересек болдың депті. Той сол кісінікі, — деген өзін Шыңғыс қуана да, сүйсіне де айтты. Ол екі түрлі мақтан үстінде тұр. Алғашқы сонарға алып шыққан бүркіті сәтті болып түлкі алды. Оны өзінің тұңғышы Шоқан жолы үлкен болып байланып тұр.

— Ал, Қожеке, иә, тағы түлкі қараймыз ба? Жоқ, ауылға ораламыз ба? — деген Шыңғыс сұрағына Қожбан құсты қолына қондырып, томағасын кигізіп, жемсауын, санын ұстап көріп:

— Сендерге осы түлкіден басқа із кездесті ме? — деп қағушылардан сұрады.

— Бір із кездесіп еді, ол ана бір өзекте тышқан андыған ба, біраз айналып жүріпті де, Қоянсоққанның жалына тартып кетіпті. Басқа із кездескен жоқ.

— Әлі уақыт ерте, құстың тартқан қызылы көп емес, тоятпаған жоқ. Төре алыссынбаса, сол түлкінің ізіне түсіп көрелік. Ізді байқадыңдар ма, таң алдында жортып па, жоқ ерте жортып па? — деп Қожбан құсты қолына алып атына мінді.

— Ол арасын анықтап қарамаппыз. Қазір анықталық, сіздер солай қарай тарта беріңіздер, — деді кексе ұзын қара сақалды Әжібай.

— Иә, солай болсын. Ал, төре, біз жүрелік. Бірақ ізді анықтағаннан кейін сендер хабар беріндер, беталды жүріс болмасын. Егер із іңірдегі болса, онда түлкі Қоянсоққанға жатпайды. Ол Қособаға тартады. Олай болса оған әуре болмай ауылға ораламыз, баланы тоңдырып алармыз. Тағы сонар болады ғой. Осы атыраптағы түлкі болса қайда кетер дейсің. — Осыны айтты да, Қожбан Әжібайға, Шыңғысқа қарады.

— Иә, ол дұрыс, дұрыс, — деп Шыңғыс Қожбанмен қатарласа Қоянсоққан адырына бет алды. Қожбанның қағушыларға сергек тәртіп беруін Шоқан үнсіз абайлап әке қатарында жортып келеді. Бұлар

Күркетіккен адырынан жазыққа түскен кезде, қағушының бірі атой бере қолын бұлғады.

— Немене, аналар тағы жаңа із керді ме, неге атой берді екен? — деп Қожбан да, Шыңғыс та тоқтала қалып қағушы хабарына зер салды. Қолын бұлғай жүгіртіп келе жатқан қағушыны тосып бір қабақшаға көтеріле берді. Сонша болмады, таяудан келіп:

— Із інірдегі көрінеді, анықтадық, — деді. Мына келген жігіттің сөзін тыңдап болып, аз кідіріп тұрды да, Қожбанға:

— Онда әуре болмалық, ырымсыз емеспіз, Шоқанжан тоңып қалар, қайталық, — деді Шыңғыс.

— Ә, жақсы онда, ауылға тарттық қой, алдияр, — деген Қожбан дауысы шыққанда, Сарыбалапан шаңқылдап шақырып-шақырып жіберді. Бүркіттің бұл дыбыстағаны несі дегендей Шоқан Қожбанға қарады.

— Шоқан, құстың шақырғанына таңданып келесің бе? Ол жаңағы біздің дыбысымызды естіп үн қатып келеді. Есіңде болсын, Шоқанжан, бүркітпен түлкіге шыққан аңшылар сыбырлап қана сөйлеседі. Өйткені көзі томағалаулы құс дыбыс беріп шақырып қояды. Ал бүркіттің даусын түлкі көш жерден естиді, қашып кетеді,- деп Шоқанға Қожбан аңшылық жайынан тәжірибе кеңес айтты.

Бүркітшілер келгенде, ауыл адамдары сыртта күтіп тұр екен. Шоқанның алдынан шыққан сары бәйбіше — «ырым болсын» деп уыстап бауырсақ шашты.

— Ханым шашуы — ырым, — деп жігіттер бауырсақты терісіп алды да, үйге беттеді.

— Тойдың үлкенін әжесі істейді. Өзі айтыпты ғой Шоқанға — «сен енді мүшеліңе толасың, ересейдің» деп. Сол ересейген баласы аңға шықты, түлкі алдырды, — деген Шыңғыстың сөзін жігіттер іліп алды. Қоржынмен үйге алып кірген түлкіні сойып, терісін Қожбан кергі ағашқа кигізіп ауыз үйге ілгізіп қойды.

— Әлгі қасқыр қуғандардан хабар жоқ па ? — деп Шыңғыс Қанғожа тобын сұрастырды.

— Ол жақтан ешкім келген жоқ. Кім білсін неғып бөгеліп жатқандарын, — десті ауыл адамдары.

— Хабар жоқ қой. Егер олар қасқыр алдырса ауылға хабаршы келсе керек еді, — деген сары бәйбішенің сөзіне Шыңғыс:

— Олар келсе, бәрі тұтас келеді ғой. Кешігулері жай емес шығар, — деді.

Аңшылар шайға отырып, бүгінгі Сарыбалапанның түлкі алған әдісі алуан түрлі сөз болып жатқанда — Қанғожа тобы да қайтып келді. Сәлем беріп кірген Қанғожаға:

— Әликүмүссәлем. Қалай, майланды ма? — деді Шыңғыс.

— Майланбады. Түлкіден де қағылып, қасқырды сорға түсіріп, мүлде

рәсуамыз шығып қайттық, — деп Қанғожа әдеттегі жылдам сөйлейтін әдетімен бар жайды бір-ақ айтты. — Айтпақшы, Шоқанжан түлкі алдырып, өзі байланыпты, тырнақ алдысы құтты болсын. Үйге түскен аты болады ғой, өзі үлкен кісіге тымақ болатын бір жүндес түлкі екен, — деп Қанғожа түлкіге шыбық сала сөйледі.

— Кім кесе де әйтеуір тымақ болады ғой. Кім алса да әжесінің алдынан алады, — деді сары бәйбіше қайнысын орағыта.

— Сендер толып жүріп қасқырды сорға қалай түсіріп алдыңдар. Арыстандай алты жігіт, үш тазымен, ылғи жарау атпен, — деген Шыңғыстың кінәлай сөйлеген сөзіне інісі ішінен ренжісе де, қарсы сөз айтқан жоқ.

— Бір сәті болмаған жүріс болды, — деді де, шайға бас қойып, үнсіз отырып қалды. Қанғожаның ренжіп қалғанын байқаған сары бәйбіше:

— Түздің аңы түйе емес қой, бұйдалап алып еріп отыратын. Қисыны болмаған шығар. Бүгін алынбаса, тағы күн бар, алынар, — деп аға мен іні арасындағы сәттегі көңілсіздікті жадырата сөйледі. Әңгімеші Әжібай Жәпекбайдың бір ұшқырлығын айтып елді күлдіріп әзіл ойынға айналдырып әкетті.

«Бүгін Қоянсоққанға шығамыз» деп гуілдесіп отырғанда ел жата боран көтеріліп, сонарды бұзып, аңшылардың ойлағаны болмай қалды. Бүркітші Қожбан құсына тоқ жем беріп, шошаладан ас үйге әкеліп тұғырына қондырды.

ӨРІСТІ ӨНЕРДІҢ БЕЛГІСІ

Омбы қаласынан Шыңғыс бір айдай жатып оралды.

Оның қандай жұмыспен барғанын, неге ұзақ жатқанын Шоқан біле қойған жоқ. Шыңғыс ауылға келгенде, өзімен бірге бір орыс жігітін ала келді. Ол жер шенейтін, карта жасайтын адам екен. Одан да бұрын бұл ауылға орыс төрелері келіп қонақ болатын. Бірақ Шоқан олармен тілдесіп үйірлене алмайтын. Ал, мына жер шенегіш Сотников деген кісінің қазақ тілін жетік білуі Шоқанға сондай жақсы болды. Ол кісі ауылға келген күні-ақ араласып кетті. Өзі де балаларға үйірлене, әңгімелесе, олардан оқып жүрген сабақтарын сұрай бастаған. Шоқанның арабша оқыған кітаптарына, оның жазып, оқып үйренген сауатына айрықша мән берді. Қазақ жерінің көбін аралапты, бәрін айтып отырады. Тағы да бір жылтыр қағазға жердің, таудың суреттерін сызып, сол қағаздың алаңына жылқының, қойдың суреттерін салады. Атқа мініп тауларды, көлдерді кезіп, өсімдіктер жинайды. Көктем кезінде Шоқан да сол кісімен бірге атқа мініп далада жүретін болды. Оның салған суреттеріне еліктеп, таудың, көлдің бейнесін шимайлайды. Бойы үйреніп алған Шоқан бір күні Мысықтың балшықтан жасаған күймесін көрсетті.

— Мынаны кім жасады? — деп сұрады ол қолына алып айналдырып көріп.

— Менің жолдасым, Мысық деген бала.

— Ол қайда?

— Ол анау алыста, ауылы бөлек.

— Оқыған ба?

— Жоқ, оқымаған.

— Мына бала өнерпаз болатын бала. Қара, мына жасаған мүсінінде, алған тұлғасын ұға білгендік бар. Халық таланты дегендер осылар-ау. Тек көзін ашатын білім керек. Білім беру үшін мектеп ашу керек. Ондай заманға әлі көп уақыт бар. Өйтсе де оқу керек, бұл баланы да оқыту керек. Кедейдің баласы ма? — деп сұрады. Шоқан:

— Иә, кедейдің баласы. Тақыр кедей. Көйлегі де жоқ, — деді. Мысықтың кедейлігін айтқандағы Шоқанның жан күйін абайлаған Сотников:

— Өзің қалаға барып оқуың керек. Қырдан оқып кеп білім ала алмайсың. Оқып білімді болған соң, Мысық сияқтыларды үйретесің, — деді. Шоқан үндемеген күйінде алыс қырға қарап тұрып қалды.

Сотников пен Шоқан екеуі далада ұзақ жүріп оралды. Құсмұрын көлінің солтүстік алқабындағы кең тарлауда жайылып жатқан төре ауылының қалың жылқысының ішімен жүрді. Көктемнің көк бурыл бозына қар суымен өрістеген жылқылар шоқ-шоқ, үйір-үйір болып жайылуда. Көктем лебімен үйір баураған жас айғыр, дөнен сәуіріктер үйірге таласып

айқыш-ұйқыш асыр салуда. Әсіресе бір құла жирен дөнен үйір баурап, ішін тартып, желігіп алған. Қалың үйірлі құла айғырдың үйірінің шетінен екі байталды сауырлап қуа жөнелді. Құла жиреннің мойнын салып екі байталды бастырып бара жатқанын керген құла айғыр, құлағын жымып, кекілін маңдайына жаба, жалы жалпағынан омырауын жауып тұра ұмтылды. Құла жирен сәуірік екі байталды да алдына сала Шоқан мен Сотниковтың алдын орағыта өте берді. Құла айғыр дәл осылардың артын ала төтелей ұмтылды. Құла айғырдың өздеріне қарай тура шауып келе жатқанын көрген Сотников атынан жүгіре қарғып түсті:

— Шоқан, сақтан!

Жоқ, төре, ол ана үйірінен байтал қуған сәуірікке бара жатыр. Бізге тимейді. Бұл Байғұла деген өте бір жуас айғыр. Жазда осының үйірі алдымен байланып сауылады.

— Япыр-ай, мына түрі қандай қорқынышты, Африканың арыстаны сияқты.

— Мен арыстан деген аңның болатынын оқығаным бар. Көргенім жоқ. Ол қайда болатын аң? Африка деген қай жақ? — деп Шоқан әрбір өзі түсінбеген өзін сұрап қадағалап отыратын мінезін істеді.

— Шоқан, сен Омбыға барып оқуың керек. Сонда бәрін де білесің. Мына өзіміз тұрған жердің беті бес бөлімнен тұрады. Яки жердің өзі жалпақ тегістік емес, жұмыр. Мысалы, әлгіндегі көрген балшықшының жұмыртқасы тәрізді. Сол жұмыр жердің бетіндегі құрғақшылығы: Азия, Еуропа, Африка, Америка, Австралия деп аталады. Сол бес бөлімнің ішіндегі ғажайып жыртқыш аңдарының көбі — Африка. Африканың қалың ормандарында арыстан, қабылан сияқты аңдар кеп болады. Онда бұл жақта болмайтын піл деген хайуандар үйірімен жүреді, — деп Шоқанға бұрын естіп кермеген тамаша жаңалық айтты.

— Сіз Африкада болдыңыз ба? — деп сұрады Шоқан күнде көріп жүрген Сотниковтың өңіне ойлана қарап.

— Болғаным жоқ. Мен оны кітаптан оқығам. Және арыстанның қолға үйретілгенін цирктерден, аңдар паркінен көргенім бар.

— Оларды қалай ұстап алады?

— Дүниеде адамның айласы мен ақылына бағынбайтын айуан болмайды, — деп Сотников темекісін тұтатты.

— Мен кеше естідім. Ертең біздің ауыл жылқы күзейді. Қысырақ алады. Сонда сіз әжем үйінің жылқышысы Жүкен ағайдың асау ұстағанын керіңіз. Олар асауды бұғалықпен ұстағанда, қозыдай домалатады, — деп Шоқан жаңағы Сотников айтқанына өз ойын қосты.

Шоқан мен Сотников осы бір күнгі серуендерінде өмірі көрмеген баламен сыр алыспаған бөгде қонақ болып сыпайы ғана жүріспен қайтқан жоқ, олар жас баладай жаңалық ашысқан дос адамдар болып оралды. Шоқанның Сотниковпен бірге шығып, дала серуенін жасауы Шыңғыстың

өз айтуымен істелген еді. Мынау көктемнің ұзақ күндерінде әрі мал төлдеп жатқан қызықты кезде бойын жазсын. Білім іздеген өнерлі адамның аз да болса қолында болсын деп, Әубәкір молдаға айтып, балаларды оқудан өзі босаттырғанды.

Шоқан кеше күні бойы көктемгі жұпар иісті далада көп жүргендіктен, аса маужырап қайтқан. Сотниковпен бірге отырып тамақ ішті де, ертерек жатып ұйқтап қалған-ды.

Ол ояғанда үйдің іші тұрып, бәрі далада жүргені байқалды. Бүгінгі жылқы күзеу, қысырақ алу науқаны ойында жатқан Шоқан орнынан әдеттегі қунақылықпен ұшып тұрды. Алдымен қонақ үйдегі Сотниковті қарады. Ол кісі күндегі әдетімен, қағазын жайып қойып, әлденені сызып отырғанын көрді. Есікті ақырын ғана жаба берген Шоқанды байқап қалған Сотников артына бұрылып:

— Шоқан, сәлем қайда? — деп жымыды.

— Сәлеметсіз бе? — деді Шоқан.

— Ә, онда, бері кел, амандасайық, — деп Шоқанды қасына шақырып алып, қолын берді. — Менің атым Сергей. Бұдан былай таңертеңгілікте Сергей ағай, деп амандасатын бол. Сен, амандық болса Омбыға оқуға барғанда да осы тәртіпті білуің керек болады, — деді. Шоқан өзінің амандық тәртібін істей білмеген кемшілігін ойланып, ұялып қалды.

— Сергей ағай, жылқы күзеуді көрмейсіз бе?

— Көрем, қашан болады?

— Мен қазір білейін.

— Жарайды, маған хабарды сен айтарсың, — деп Сергей үйде қалды.

Шоқан алдымен жуынып, киімдерін киді. Сонан апасының үйіне келді. Шай ішіп отырған апасының оң жағында отырған Жақып:

— Е, серуенші, ұйқың қанды ма? Білесің бе, бүгін мен құнаныма мініп жылқы иірісем. Маған Жәпелбек құрық берем деді, мен тайларды ұстаймын, — деп Шоқанға ойына алған жаңалықтарын заулатып шықты.

— Әліңе қарасайшы. Саған жылқы ұстау қайда. Жақып анадағы бір тентектігін есіне алып үндемей қалды.

Сабырлы, балаларының әрбір өзін аужайынан аңғарып отыратын сары бәйбіше:

— Сендер жылқы күзеуге барғанда, абайландар! Асау жылқыларға қақтығып жығылып қалмаңдар. Жақып, саған асау тайды ұстауға әлі ерте, құр о жарланба! — деді.

Шоқан тамағын ішіп болып, далаға шыққанда, алыста ханым ауылына қарай жөңкіле қайырылып келе жатқан жылқы тобын көрді. Ел арасының бір сөзіне шақырылып кеткен Шыңғыс ауылда жоқ болатын. Жүрерде балалардың атқа мінуі, қонақты күтуді Бейсенге тапсырған-ды. Шоқанның да осы сыртқа шыққандағы күткені сол Бейсен еді. Сәскелікке өрлеп көтерілген көктем күнінің майда жылы лебі дене сүйсіндіреді. Күресін сыртындағы кішкене қабақшаның кенересіндегі жас тарлаудың жасыл

сабақтары тарбия есіп, алақанын жая бастаған. Шоқанның көзі осы балдыр көк сабақтарға түсті. Кешегі Сергей ағаймен бірге жүріп қайтқаннан бері, әрбір өсімдікке қадағалай қарайтын болған. Қыстай қар астында, мал тұяғы, адам табаны жаншып, таптап тастаған жерден көтерілген көк тарлау қылтанақтары оған үлкен ой салды. Жер астынан тамыры үзілмесе, үстінен басқанға өмірі өшпейді екен деп ойлады. «Шоқанжан» деген Бейсеннің даусы шықты.

— Міне, аттарды әкелдім. Қазір ерттеліп дайын болады, әлгі орысың қайда? Ал тез киініңдер! — деді.

— Сіз орыс деменіз, ол Сергей ағай, мен қазір ертіп шығайын, — деп Шоқан үйге жөнелді.

Сергей мен Шоқандар келгенде, жылқы көлдің солтүстік ығындағы Айғаным ауылының арғы жағындағы тепсеңде топталып иіріліп қалыпты. Жәпелбекке ілесіп Жақып та жетіпті. Жылқының басында Шеген, Қанғожа тұр екен. Шоқан келіп екі төреге аттан түсіп, сәлем берді. Шоқанның аттан түскен тәртібін істеп Сергей:

— Ағайлар, саусыздар ма? — деп қолдарын алды. Ізетті амандық артынан Қанғожа Шоқанға қарап:

— Мына қонақ ағайыңа жылқы күзеу, қысырақ алу қызығын көрсеткелі әкелдің бе? Ол өзі мұндайды бұрын көрген бе екен? — деп күлімсіреді.

— Бұрын көрмеген екен, менен естіген соң көруге әдейі еріп келді.

Қолына үлкен сағалы пышақ ұстаған орта жастағы кісілер жылқы күзеуге әзірленіп, қапшық көтерген, балаларын ерткен әйелдер олардың қасына жиналды. Жалы тізесіне түскен желқуық жарау айғырларға мінген жылқышылар, тымақтарының құлағын ішіне қарай жымырып байлап тастапты. Бір-екеуінің қолында құрыққа ілмек баулап байлаған ұзын арқан. Кейбіреулерінің қолында баулаған ұзын құрық.

— Кәні, әкеліңдер, алдымен Ардакөк айғырдың үйірін. Соның жабағылары күзелсін, — деді Шеген.

— Иә, алдымен Ардакөктің үйірін, Шеген ағам тамаша дұрыс айтты, — деп Қанғожа ағасына бірер қабат көпшік те төсеп жіберді. Бірін-бірі көзінше сыйлағанда жорғалап тұрған төрелер әдетін жете білетін Сал:

— Екі төре еріндерінің қыбырынан-ақ ұғысады-ау, құлын күнінде байлау көрген Ардакөктің үйіріндегі жабағыларға құрықтың керегі болмас. Оларды жылқы тобында тұрғанда қолмен ұстау керек. Құрық көтерілсе, жуас тайлардың өзі де желігіп ұстатпайды. Заты жылқы емес пе, — деді.

— Біз де осыны ойлап айтып тұрмыз, — деді Қанғожа. Ардакөктің үйірі күзеушілер тобына ығыстырыла берді. Жылпос жігіттер тайларды жалынан ала түсіп, шоқтығынан басып қалып, құлағынан жымыра тұқыртып тұрып күзеттіріп жатыр. Қолына құрығын алып қызығып жүрген Жақып, бір құла тай күзеліп жүре бергенде құрығын сермеп кеп қалды. Жақыптың құрығы құла тайдың мойнына тап ете түсті. Асау жабағы құрықты жұлып ала

жөнелді. Құйындатқан жабағыдан тамам жылқы үркіп, дүркіреп, ойран-шу болды. Жан-жақтан мықты ат, айғырға мінген жылқышылар үріккен топты әрең қайта иірді.

— Әй, Жақып-ай, бүлік шығармасаң тұра алмайсың-ау, — деп Қанғожа Жақыпқа ренжи қарады. Тентектігін сезіп ұялып тұрған соң, бөтен зілді өз айтқан жоқ. Жабағыларды ұстап, күзеп жіберіп жатты.

— Шоқан, қарашы, мына тайлардың шашын алдырған баладай әп-әдемі болып құнтиып шыға келгенін. Әрбір хайуанның мезгіліне қарай өз көркемдігі бар, — деп қызықтай сөйледі Сергей.

— Ал құнандарды күзегенде бұдан да сұлу болады, — деп Шоқан өзі жақсы көретін құнан күзеуін Сергейге мақтап өтті.

Осы арада қысырақ маталатын асау байтал, арда дөнен айғырлар ұсталатын болып, ат ұстампаз жылқышылар құрықтарын ыңғайлап жылқы тобына кіре бастады. Алдымен анадағы Сергей мен Шоқан үйірін аралап өткен құла айғырдың үйіріндегі байталдарды ұстайтын болды.

— Құлжақұланың үйірінен төрт байтал ұсталды ғой, — деп Қанғожа қысырақ тобын іріктейтін Жүкен жылқышыға қарады.

— Төртеу емес, Құлжаның үйірінен алты байтал ұсталады. Алдыңғы жылғы оның үйіріндегі биенің бәрінің құлыны ұрғашы болатын. Қайта бір-екеуі былтыр енесі қысыр болып, қайтармаға сойылып қалды ғой, — деді

— Онда Құлжаның үйірінен бір қысырақтың өзі бір-ақ маталады екен ғой.

— Иә, тек ана күрең айғырдың үйірінен бір-екі байтал қосамыз.

— Қысырақтың саны қанша болады? — деді Сергей қасындағы Шоқанға. Шоқан тек тобын көргені болмаса, оның саны нешеу болатынын біле бермейтін. Ол күмілжіп Қанғожаға қарады.

— Қысырақтың саны әр қилы болатын. Кейде тоғыз байтал, айғырымен он. Кейде сегіз, кейде жеті байталдан да маталады. Көбінесе жылқының тобына қарай, — деп түсіндірді Қанғожа.

Құлжақұланың үйіріндегі байталдарды жеңілтек екі жас жылқышы құрықпен қаршығадай іліп әкеліп мататып жатты. Ал күрең айғырдың үйіріндегі екі жирен байталды ұстауға айрықша дайындалды. Өйткені күрең айғырдың үйірі құлын күнінде байланбай, бойдақта болған, нокта, жүген көрмеген шүү асаулар екен. «Ол екі байталды ұстау, мыналардай емес» десті тұрған жұрт.

— Жылқыны иіркектегеннен бері күрең өзі бастап ылғи шетке тартып, үйірімен шыға жөнелгелі ойқастап жүр. Оған құрықты екі сермемейтін, айғыры жүйрік те оңтайлы жылқышы болмаса, бой жазып ұстатпай кетеді, — деп Шеген Жүкеннің өзін атқа мінгізді.

Ашандау, балғын денелі, жар қабақ кең иықты Жүкен жатаған теңбіл көк айғырға мініп, құрықты қымти ұстап, күрең айғырдың үйіріне қарай бет алды. Елең алып тұрған айғырдың үйірі тобымен жылқыдан тұра-ақ

жөнелді. Ә дегенде ұйлығып тобын жазбай ұйтқыған асау үйір, бірінен-бірі оза құйрық атып сытыла жөнелді. Ұзын аяқ, күрең байтал алдына түсіп құлындай құлдырады. Жүкеннің де алдымен ұстамағы сол. Теңбіл айғырдың басын жібере артына түсіп берді. Алғашқы бетте арқан бойы зырлап шыққан күрең байтал, жылқының ар жағымен қайта оралғанда, аяғы бытырап теңбіл айғырдың алқымына жақындай берді. Үйіріне таяна бергенде, қалың топқа бұрыла, жалтара бұлталақтай қашты. Қашаған ұстауда атаққа шыққан Жүкен мен теңбіл айғыр күрең байталды бұлтарғанымен бойын жаздырған жоқ. Жамбасынан бұрылатын оңтайлы айғыр еркін жетіп баурап алды. Құлақ шекеден сермеп қалған Жүкеннің құрығы тап ете түскенде, қыл мойыннан бұрап өзіне қарай қисая тартып қалды. Күрең байталдың құйрық жағы шошаң етіп, басы Жүкен құрығының толғауынан қайрылып, тыраң асты. Қасында таяу келе жатқан екі жылқышы аттан қарғып түсіп, құлақтап тұрып ноқталап алды.

Жылқыны иіріп тұрған жүйрік айғырлы жылқышылар құрық атып бөліне жөнелген асау күреңнің үйірін қалың топқа қайта қуып тықты. Екінші бір жирен төбел байталды да Жүкен адымын ашырмай құрықтап ұстап ноқталады.

— Апекем үйінің бұл қысырағына ана құла жирен дөненді үйірге салалық. Өзінің сүйегі де жақсы, құлжа-құланың баласы ғой, — деп Шеген қысырлықтың айғырын белгіледі.

— Мен де соны лайықты көрем. Бірақ, өзі шүү асау, тағы болып қолға тұрмай жүрмесе, — деді Жүкен.

— «Асауды құрық жуасытады, тентекті бұйрық жуасытады» деген мақал бар ғой, бар қашаған қайда кетеді дейсің. Бірыңғай құла жирен болып матастырылсын, — деді

Қанғожа. Ол осы сөздерді айтқанда, бағанадан қысырақ матау қызығына таңдана да, ойлана қарап тұрған Сергей Қанғожаға:

— Ана жылқышы Жүкеннің қашаған ұстауы, мына сіздің мақалдай айтқан сөздеріңіз бірінен бірі өтетін поэзия-ау, — деді. Поэзия деген сөзді бұрын естімеген Шоқан да, Қанғожа да өрескел дегені ме, қалай деп үндеспей қалды.

Бағанадан Жәпелбектің жанында тұрған Жақып, Шоқан мен Сергейдің қасына келіп:

— Бәлем, Жүкен ағай, асау биені қалай ұстады. Сен үйтіп ұстай алмайсың, — деді Шоқанға.

— Онда, сен ұстарсың.

— Бағана Қанғожа ағам ұрысқан соң, Жәпелбек құрық бермей қойды ғой.

— Немене, құрық берсе өзің-ақ ұстайын деп пе едің?

— Мен ана жабағыларды ұстай алам, көрдің ғой құрықты қалай салғанымды, — деп әлгі сермеген құрығы жабағыға түсіп, жылқыны

үркіткеніне мақтанып қойды.

— Малмен бірге өсіп, мінездес болған елдің баласына ол қиын болмауы керек. Қандай жағдайда өссе, адам сол ортаның күйіне, өнеріне жаттығады. Мына Жүкен Африканың аңын үйретіп жаттықса, қолынан келмейтін азамат емес қой. Қандай шапшаң, қандай әдісқой, — деп Сергей өзінің бағанадан таңданып тұрған жайына тоқталды.

Шоқан мен Сергей ауылға оралғанда, Шыңғыс та келген екен. Сергейдің Шыңғысқа айтқан жаңалықтары кешеден бері Шоқанмен бірге жүріп көргендері болды. Әсіресе бүгінгі жылқы күзеу, қашаған ұстау Сергейге ерекше бір қызықты көрініс болған. Ол оны көргеніне сондай қуанып, басшы болған Шоқанға разылығы мен алғысын айтты.

— Шыңғыс Уәлиевич, сіз Шоқанды осы күзде Омбыға оқуға беріңіз, біздің үй де сонда, ауылды өгейсітпеспіз. Қазір дәл оқитын уақыты. Бұдан кейіндесе, кешігеді, — деп Сергей тілек ете сөйледі.

— Әжесі де оқуға бер деп былтырдан айтып жүр. Биыл амандық болса, Омбыға апарам. Былтыр апармағаным, бұрынғы әскери училище Кадет корпусы болып үлкейіп ашылатын болған соң, соған беремін деп тоқтап едім.

Өте дұрыс. Онда сабақ беретін оқытушылары жақсы адамдар. Біразы бізбен таныс жолдастар. Корпусқа қалай да түсуіне бар күшті саламыз, — деді Сергей достық ықыласымен.

НАҒАШЫ АУЛЫНА САЯХАТ

Хан ауылы қыстаудан көтеріліп, жайлауға бет алды. Сергей аттанғаннан бері Шоқан сонан көрген жобасымен сурет салуға құлықтанып алған-ды. Әсіресе Сергейдің Жүкеннің асау күрең байталды ұстаған суретін салғаны Шоқанға қатты ұнаған-ды. Сергей сол суретінің алғашқы жобасын беріп кеткен. Соған қарап ол жылқының желідегі құлындардың, Құсмұрын қырқасындағы жартастың суретін салып ермек етіп жүрді.

Осы көктемнен бері Шоқан Әубәкір молдадан сабақ алуды тоқтатып, атқа міну, көктемдегі Қанғожаның қаршыға салу серуендеріне ілесіп, түз өміріне бой ұрып, мүлде сергектеніп алды.

Керей, Есеней елінде болған бір үлкен дауға шақырылып кеткен Шыңғыс ел жайлауға келерде ғана оралды. Ондай келелі үлкен жиынға барып қайтқанда алдымен ханымға келіп сәлем беріп, шешіп қайтқан жұмысының жайын айтып, ана ойын тыңдайтын. Сол әдетімен келіп Есеней елінің ертеден келе жатқан дауының бітім тапқанын айтып өтті. Ықыластана тыңдап, көпке дейін үнсіз отырып Айғаным:

— Апыр-ай, бұл бір көптен бері аяғы жерге тимеген, дауасыз дау еді, ақыры тынымы болған екен. Әрдайым жолың осылай болғай, — деп баласының абыройына разы бола күлімдеді.

— Ал, Шыңғысжан, мен былтырдан бері мына Шоқанжанға нағашыңа апарамын, жер көрсетем, ел көрсетем деп уәде берген болатынмын. Мұның биыл мүшел жасы және сәті болса қалаға оқуға жүргіземіз деп отырмыз. Зейнеп те көптен ауылын көрген жоқ, саған айта алмай жүрген шығар. Біз жүріс қамын істеп сол би ауылына бір барып қайталық. Басқа жұмыстарыңды жайлау үстінде тоқтата тұр.

— Әпеке, мен өзім де осыны ойлап, асығып қайтып едім. Онда жүріс қамын істетіңіз.

Әже мен әке келісімін естіген Шоқан қуанып сыртқа шықты.

Жүру қамы ұзаққа созылған жоқ. Екі үйден әзірленген екі пәуескені үш-үштен жегілген арнаулы жол аттары ала жөнелді. Шоқанды өз қасына отырғызған Айғаным күтуші әйелін ғана алып, Құсмұрыннан шығатын керуен жолына түсіп тартып берді. Зейнеп пәуескенің ішінде Жақып бастаған үш бала, және күтуші келіншек Қанипа бар. Ханым пәуескесіне ілесе Зейнеп пәуескесі де жорта жөнелді. Шыңғыс бастатқан салт аттылар тобы оннан аса адам болатын. Оның ішінде Қарауылдың қарынсау қарасы атанған шешен би Ықылас, Шыңғыстың ауылдас, үзеңгі серігінің бірі Сал, әңгімешіл Әжібай, әнші Нұрта, тағы басқа кісілер бар-ды. Шыңғыстың астындағы Мамеке ағасының үйінен сұратып мінген қарагер, иық қозғамайтын майда жорғасымен жылмия сызып келеді. Желе-жортып тобын жазбай ілескен нөкерлер ауылдан шығардағы сән-салтанаттарын бұзған жоқ. Алғашқы екпінімен жорта жөнелген пәуескелілер де жүйткіп

барады. Ыстық түспей жетіп түстеніп, түс қайта жүрмек ауылдары Көлбастаудағы Күзембай болатын. Төре ауылынан салт атқа қысқа күндік жер болғанымен, одан бергі тоқтауды Шыңғыс лайықты көрмеген. Былтырдан бері бас қосқан жерде:

— Төре, біздің де есігіміз бен төріміз бар, атыңның басын біз жаққа да бір бұрсаңшы, — деген Күзембайдың өзін Шыңғыс осы жолы есіне сақтаған.

Алдыңғы пәуескенің делбесін ұстаған, әрі жол жобасына жүйрік Дәрібекке Шыңғыс, ширақ жүріп, ханымды балалармен ыстыққа ұрындырмай жеткізуді тапсырған-ды. Өзі болса жайлы жорғаның жүрісіне сеніп, шаршауды ойламап еді. Қасындағы нөкерлері жайлы да ойына еш нәрсе алған жоқ-ты. Аға сұлтанның саяхат жүрісіне аттанардағы ойына бір алғаны жолшыбайғы елге салтанат көрсете, сәнді жүру еді. Атшылыққа ертіп шыққан оңтайлы жас жігіт Тулақбайдың астына қамшыкесті көбең жирен шобырды мінгенін қайдан білсін. Қасындағы нөкерлерінің аты мен жабдығында олқылық бар деп ойламаған. Артына бұрылмай пәуеске сорабына төтелей тартқан Шыңғыс бастаған топтың сәске көтеріле арты шұбала берді. Мінгендері жай жүріске аяңшыл аттар еді. Әсіресе шабан жиреннің көзі-басын тер жауып, Тулақбай кейінгі топқа тепеңдеп зорға ілесіп келеді.

Кейінгі Ықылас маңындағы топ өзекке келіп түсіп аттарының айылын босатып, өздері желпініп іркіліп қалды. Шыңғыс тобы пәуеске қарасынан көз жазбай, біраз жерге ұзап кетті.

— Шырақтарым, аттарыңның біраз ентігін басып, тынымдап алыңдар. Жер жобасы белгілі, бізді тоспаса барып түсе берер. «Басы ауырмағанның тәңірімен ісі жоқ» дегендей, Шыңғыстың өз атының жорғасы жайлы болған соң, қасындағы қарашының қай күйіне күйзеледі. Ана Сал мен Әжібай сорпасы шыққанша, төренің түп етегінен жабысып бағады ғой, — деп, Ықылас қасындағы жұртты бір күлдіріп алды.

— Жер ортасынан аудық, Көлбастаудағы Күзембай аулы енді алыс емес. Осы жерде аттың демін басып алып, тартып кетсек, жетіп барамыз. Апекемдер барып түсе берер, — деп Шыңғыс жолдағы бір бұлақтың басына келіп ат басын тартып тұра қалды. Сыр бермей шыдап келген Сал мен Әжібай да еріндері кезеріп әрең дегенде демін алды. Шыңғыс жолдасының жартысы кейін қалғанын жаңа көрді.

— Өй, басқаларың қайда? — деді ол Әжібайға қарап.

— Олар әлгі бір әзірде кейіндеп қалып еді, әлі жете алмай келеді. Ықанның айы-күні жетіп жүрген кісі ғой, жолда толғатып қалмаса жарар еді, — деді күліп.

— Төре, біз бөлек-бөлек болып ұрысқан кісіше бытырап бармалық. Ханымдар бара берсін. Біз ана Ықандарды күтіп алып тұтас жүрелік. Сіз аттан түсіңіз. Мына салқын қайнардың суына ауыз шайып, кішкене

салқындап алалық, — деді Сал.

— Иә, иә, дұрыс-дұрыс, — деп Шыңғыс атынан түсіп, сыртқы киімін тастап, әрі-бері жаяу жүріп, ат үстінде құрысып қалған бойын жазды. Аттарының айылын босатып, желпіндіріп, қайнар суына қолы-бастарын жуып, өздері де сергіді. Қайнар бастаудың мал ізі түспеген көк шалғыны таңертеңгілік самалынан ырғалып жасыл жалтылмен құлпырып, алуан түрге бөленіп тұр. Әлі балдырынан қайтпаған қырдың көк сүйірігі де көздің жауын алады. Хош иісті Арқа самалы баяу майда еседі. Табиғаттың осындай толықсып тұрған шағына құмарта айналаға көз тастаған Шыңғыстың Ықандар тобына көзі тусті. Тепеңдеп топқа кейде жетіп, кейде кейіндеп келе жатқан шобыр жирендегі Тулақбайды алыстан тани қойған жоқ.

— «Төреге ерген ерін арқалар» деген қазақта мақал бар еді. Алдияр төре, далада сол күйі қалып қойсақ та артыңызға көз жіберер емессіз ғой, — деп Ықылас келе бір жағы әзіл де, бір жағы наз тәріздендіре сөйледі. Тепеңдеп әрең жеткен Тулақбайды көрсетіп:— Мына атшы жігіттің мінген шобыры ауылдан шықпай жатып болдырып келеді, — деді.

— Иә, солай, болдырып қалды ма? Бұған неге жөнді ат бермеген, — деп Шыңғыс Әжібайға қарады.

— Өлгі Жүкеңнің істегені ғой. Бір дұрысырақ тұғыр берсе қайтеді екен. «Байдың малын байғұс қызғанады» деген осы да, — деді Әжібай.

— Енді тобымызды жазбалық, мына Тулақбайдың аты би аулына Қаракөлге жеткізе ме, қалай? — деп Шыңғыс Салға қарады.

— Төре, сіз оған абыржымаңыз, бәрі өзіміздің ел ғой, бір лажын табармыз, — деді Сал.

Шыңғыс тобы келіп Күзембай ауылына жеткенде, алдарынан шыққан екі жігіт ханымдар түскен ақ үйге Шыңғысты, Ықыласты, Салды кіргізді де, басқаларды ақ үйдің қатарындағы жай қоңыр үйге әкеліп түсірді. Ханым есігінің алдына әкеліп бата тілеген құла құлынның енесі ауылды айнала шауып кісінеп жүр. Осы кезде далаға шыққан Шоқанға Жақып та ере шықты. Бұлар үйді айнала бергенде, анадай жерде екі-үш кісі құла құлынды бауыздағалы аяғын буып жатыр еді. Дәрменсіз тыпырлап жатқан құлынға Шоқанның жаны ашып кетті. Әсіресе құла биені аяды. Шоқан өз ауылында да қонаққа сойған құлынды көргені барды. Бірақ оларға мұндай мән бермейтін. Ондайда көбінесе ойынға алданып елең де етпейтін. Жақып болса:

— Өй, Шоқан, көрдің бе, ана құлынды бізге сояды, бүйрек жейміз, — деді. Шоқан оған алара бір қарап, қайта үйге беттеді, әжесіне келіп:

— Біз нағашым ауылына қашан жүреміз? — деді.

— Қарағым, неге асықтың, нағашың ауылы әлі алыста. Ауылдан шықпай жатып жалығып қалдың ба, жүрістен, жаным-ау, бұл қалай? — деп Айғаным Шоқанның басынан сипады.

— Жоқ, әже, жүрістен жалыққаным жоқ, мына құлынның енесіне жаным ашып тұр.

— Қарағым төре бала, сіздерге бұйырған құлынның арманы не! Қасқыр құлынын жеп те талай биені шырқыратып кетеді. Бұл қызыққа, құрметке сойылған құрмалдық қой, — деп Күзембайдың бәйбішесі масаттана күлді.

— Әне, Шоқанжан, ана шешеннің айтқанын ұғып ал. Мал адам керегіне жаралады. Қызыққа ұстағанның қырсығы жоқ дейді. Қасқыр да жеп кететін құлын деп отыр, — деген Айғаным өзі Шоқанның әлгі бір балалық жан ашығыш ойын сөйлткендей болды.

Құлын етін жеп, күн қайта аттанған жолаушылар суыт тартты. Кешкі салқынмен алыс жолдың біраз жерін еңсере басуға жобаланған.

— Бүгін кешке Ажар апам ауылына жетеміз бе? — деді Зейнеп Әжібайға Терең жардағы Заманбек ауылынан аттанарда.

— Ат-көлік аман болса, түс ауа апаңыздың ақ дидарын көресіз. Көптен бері көріспеген болсаңыз, ауыл сыртына түсіп, сіңлі кәдесін істерсіз, — деп ағалық сыпайы әзіл айтты.

— Әже, сіңлі кәдесі деген не? — деп Шоқан Айғанымнан өзі білмейтін бір бөгде жайды сұрады.

— Шоқанжан, сен өзіңе таныс емес нәрсені білуге ынтызарсың-ау. Ол жақсы ғой. Бірақ кейбір ұсақ-түйек жайды сұрай берсең, түртіншек атанарсың, — деп күлді.

— Немене, әже, ол ұсақ нәрсе ме?

— Ол әйелдерде болатын ауыл салты. Мысалы, апаңның өзінен үлкен Ажар деген апасының ауылына бүгін барамыз. Олар екеуі екі елге ұзатылып кеткен бір үйдің қызы. Бірін-бірі көптен көрмеген, сағынған. Сондай жағдайда сіңлісі апасына келсе, ауыл сыртында көлігінен түсіп қалып, жаяулап алдынан шығар, амандасар апасын күтеді. Сөйтіп, екеуі көрісіп, сағыныштарын айтып, мауқын басады, — деп Айғаным Шоқанға ауыл салтының сирек болатын бір жайын түсіндірді.

Шоқанның арбада зерігіп отырғанын көріп әкесі:

— Шоқанжан, ішің пысып қалды білем. Алдағы ауылға барғанша мына атқа мінші, — деп Шыңғыс Шоқанға атын берді де, өзі Зейнептің пәуескесіне отырды. Еті қатып жарап алған аттар, зырлата жөнелді. Шоқан қоңыр жорғаның артқы аяғын жайқап басып, құйрығын толқыта жылжитын майда жорғасына салып Ықылас би мен Әжібайдың ортасында жүріп отырды. Күндегі Ықылас, Әжібай, Сал үшеуі жолдағы елдің күндегі қонақасы құрметін айтысып, кейбіреулерінің қандай мақсатпен төренің ханымның асты-үстіне түскенін сөз етіп келе жатты. Әсіресе Күзембайдың аз ғана айғыр үйірінен құлын сойғанын дарақылық десті.

— Тобынан ұстағансып, шолақ айғырының үйіріндегі он шақты құлынның бірін сойып, мырза кісі болғансып өлгенше дариды, — деп Ықылас тыжырынып айтты. Күзембайдың шала бүлініп, төре алдында

жайылып төсек, иіліп жастық болуында үлкен сыр барын білетін Сал:

— Қонақасына қолқасы да олқы емес шығар. Мына аз ғана ауыл Уақтың тізгінін қолына алғысы келетін көрінеді ғой, - деді.

— Е, Салым, солай деші. Мен ол жағынан гөрі басқаны ойлап едім, — деді Әжібай. Сонымен, бұл өз тоқталып, жай әңгімеге көшті.

Қалың бозды, кер миық сары жазықта жайыла қонып отырған елдердің ауылдарын сағым көтеріп, толқын үстінде жүздіріп жүргендей бұлдыратады. Осындай ғажайып дала көрінісіне елігіп келе жатқан Шоқан, өзі көп жайда өйлесе жүретін Салға:

— Бағана Ажа ағаң «Зеренді көліндегі Жаңбырбай аулына барамыз» деген-ді. Сонда Зерендісі не, сіз білесіз бе? - деді.

— Иә, Шоқанжан, осы Зеренді деген сөзді сен түгілі мен де анықтап білген нәрсем емес. Ел аузында айтылып жүрген белгілі қоныс аты болғандықтан кім ойлапты. Тіпті жақсы айттың-ау, осыны ауылға барған соң Етекеңнің өзінен сұрап білейікші, — деді.

— Әй, Сал-ай, сенің де кейде тәлімситін әдетің бар. Ерте кезде әйелдер мұрнының желбезегіне «Зерен» деген зер салыпты ғой, сонан қойылған да, — деді Ықылас өзінің белгілі мен білеміне салып.

Онда кәлдің желбезегінде зересі болған ба, — деп Сал күлді. Әжібай да теріс айналып күліп жіберді. Шоқан мына үш үлкен кісінің бір ауыз өзге ерегісіп қалғанын байқап, әлемді тануға көңіл бөлмеген жұрттың ой өрісін көргендей болды. Салдың кейінгі кекесінді қалжыңына орай ез айта алмай, Ықылас қоңыр қасқа жорғасын селкектете тарта жөнелді. Бұдан кейін әзіл тоқталып, аттылар тобы буын-буын болып ширай жүрді. Олар аласалау кереге жалдың көк бұйра қарағайға бөленген етегін ала тартып отырып бір қабақша белестен аса берді. Иек астында Жаңбырбай аулы отырған үлкен шалқар көлдің айдыны аспан әлеміне төсін керіп жатыр. Иірілген толқын ойнағына кеудесін төсегендей үлкен көл қанат жая кергиді. Көл иығындағы ақ ауылға таяна бергенде, кейінгі пәуескеден түсіп жатқан Зейнепті көріп Әжібай:

— Өне, Зейнеп ханым апасына жаяулап барып көрісуге түсті. Кәрі қыздардың сыңсып көріскендерін тыңдасаң, дүниенің қызығы, — деп Салға қарап күлді.

— Неше кәрі қыз көріскенде қасында болып едің? — деп Сал тез жауап қайтарды. Әжібай тосылып қалды.

Салт аттылар келгенде, Етекбайдың үлкен баласы Назымбек бөлесі Шоқанды өзі қолтықтап атынан түсірді. Назымбек Шоқаннан ересек, сыпайы жеткіншек екен. Кісілерді ертіп үйге алып жүрді.

Шыңғыспен тізелесе отырған етженді Етекбайға Ықылас, Әжібай, Сал қол беріп амандасты. Назымбекпен қатар кірген Шоқан да айрықша сәлем беріп, Етекбайдың қолын алды.

— Ө, ханымның Шоқаны осы ғой, шырағым, бақытты бол, көп жаса, — деп Етекбай айрықша ықыласын айтты.

Сапырылған қымыз, сойылған мал. Бірін-бірі сағынып көрген апалы-сіңлілі би қыздары мәре-сәре болып, әңгіме думанға бөленуде. Шыңғыстар отырған Етекбай үйінде ел жайы, шаруа жайы өз болуда. Бір әредікте Етекбай ауылдарының жайлауы, қоныстары айналасы шоқ-шоқ қарағайлы әсем шоқылар боп келетін Зеренді көлінің келісті бітімі сөз болды.

— Көлімізге көздерің түсіп кеткен екен. Босат, біз қонамыз дегелі отырған жоқсыңдар ма? — деп тілмар Етекбай Әжібайға қарап күлді. Оныңыз рас, Етеке, «төренің көзі түсті дегенше, түйенің иесі кешті деп біл» деген сөз бар. Бұл — бір. Екіншіден, қоныс ауыссаңдар сөкеттігі бар ма, екеуіңіз бір айдыннан сұқсыр ілген сұңқарсыңдар, — деп Әжібай жайма-шуақ жүйріктікке салды. Етекбай мен Әжібайдың осы бір қайымдасқан сөздерін үндемей тыңдап отырған Шоқан ойына тоқып қалдырды. Қалтасына қарындаш, қағаз салмағанына іштей өкініп қойды.

— Етеке, мана Шоқанжан «Зеренді деген не нәрсе?» деп сұрап еді, біз анықтап айтып бере алмадық — сіз білетін боларсыз? — Әжібай Зеренді көлі жайлы сөз бастағанда, Ықылас қозғалақтап:

— Басқа сөз таусылғандай-ақ, Әжібай, сенің бүгін көлдің атын анықтаудан-ақ қолың тимеді-ау, — деп ыңғайсызданып еді.

— Білмегенді сұрағанның артықтығы жоқ. Ықа, сіз Әжекеңді сөкпеңіз. Білім — сұрау, іздеумен молығады. «Іздегенге алтын жолығады» деп бұрынғылар әншейін айтпаған болар, — деді Шыңғыс Ықыластың орынсыз өзімшіл намысына тоқтау салып.

— Шоқанжан дұрыс сұраған. Әкейлердің бір әңгімелесіп отырғанда, осы көлдің қалай Зеренді аталғанын айтқандары бар еді. Ол кісілердің айтуында қарағайлы, таулы жерде жүретін зерен деген киік тектес бір қоңыр аң бар көрінеді. Сол аң осы қарағайлы адырда кеп болады екен. Мына көлден су ішіп, қарағайды қоныстап жүрсе керек. Бертін ел қоныстап, жазда жайлау, қыста қыстау еткен соң қоныс іздеп басқа елі аз жерге ауып кетсе керек. Ертедегі елдің әдетінде жерге, көлге ат қойғанда, сол жерді, суды қоныстаған аңның, құстың, балықтың атына байланыстырып атай береді ғой. Ана Арқада Бұғылы, Тағылы деген таулар бар. Аюлы, Аршалы, Балықтыкөл, Шортандыкөл деген сияқты атаулар көп қой. Сол сияқты зерен кәп қоныстанғаннан Зеренді аталыпты дейтін еді, — деп Етекбай өте сенімді, орынды етіп айтып берді.

Зеренді жайындағы Етекбай өзін де Шоқан байыптай ұғынып, жаттап отыр. Бір әредікте Шыңғыс:

— Етеке, сіздің ана Естек Ыбырайға айтқан бір сөзіңізді ел аузынан естіп сүйсініп едім. Өзіңізден де бір сұрайыншы, — деп Етекбайды сөйлеткісі келді.

Аңдыспаса аға сұлтан бола ма. Әлдеқайда жүріп бірінің мүдірген жерін екіншісі жерден жеміс тапқандай ұшықтай жүреді-ау, — деп Етекбай ол әңгімені де баяндай жөнелді. Жайықбайдың Ыбырайы жарым патшаның жанында

отыратын төре болыпты деп алып қашып жүрді. Бір күні Ақмолаға бара жатып әдейі бұрыла жүріп келе қалғаны. Қолдан келген сый-құрмет сияпатымызды істеп күттік. Сөз арасында Ыбырай:

— Етеке, сізді тілмар, шешен кісі деп ел көтеріп жүрген соң, үлгілі сөзін ести кетейін деп әдейі бұрылып едім. Ел айтқандай үлгілі сөзді тыңдай алмай отырмын, іліп-тартпа шотаяқ тілді ғана екенсіз ғой, — дегені.

— Шырағым Ыбырай-ай, біз от басындағы адамбыз ғой. Біздің сөзіміз шотаяқ тәрізді іліп тартпа ұтымсыз екені рас та шығар. Аға сұлтан ел иелерінің де ашалап-ашалап, тастаған үлкен сөздерін ести алмай жүрміз-ау, дедім. Ыбырай сазарып қалды, одан әрі сөз айтып арбаспадық. Салқын ғана қош айтысып тарадық, — деп Етекбай Шыңғысқа сұраған сөзін айтып берді.

— «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген-ау. Сізде несі бар еді соқтығып, — деп Шыңғыс өзінің аз сөзде асыл мағына жатқанын, аңғарғыш ойын көрсетті. Үнсіз тыңдаған Шоқан, тағы бір асыл маржан тапқандай әсіресе «аға сұлтан ел иелерінің де ашалап-ашалап тастаған үлкен сөздерін көре алмай отырмыз» дегенін ішінен қайталап айтып, жаттап алды.

Таң салқынымен ерте аттанған жолаушылар, соқырлау көш жолдарының сарынымен зырлата тартып жөнелді. Ендігі жүрістері суыт, ширақ. Қалайда Қаракөлдегі Қаржастың қалың елінің ортасына, би ауылына жету.

Былайғы жерде көп бөгеліс бола қойған жоқ. Сыпайы қонақ асы, сыдырта жүріс. Төрт күн өтіп, бесінші күні үдере тартқан жолаушылар Қаракөлдің қайқаңы аталатын көлбеген белестен аса қалың ауылдың қарасына ауысты. Топ-топ жылқылар көл сағасынан өріске беттеп барады.

Салт аттылар Шыңғыс жорғасының сыдырма жайқауына ілесе салпақтай еріп желе шоқырақтатып келеді.

Ауылға таяна бере Зейнеп тағы да пәуескеден түсіп, алдынан топталып шыққан сіңлі, жеңге, бауырларын күтіп тұр. Айғаным пәуескесіне ілесе, Шыңғыстар тобы жағалай отырған қалың ауылдардың ортасындағы айрықша салтанатты Мұса аулына келіп ат басын тіреді. Айғаным жолын үлкен тұтқан Шорман ауылының жастары алдарынан шығып қарсы алды. Зейнепті қаумалаған сіңлі, жеңгелері бір топ ерекше сәнмен өздеріне арналған үйге кірді. Күтіп отырған арнаулы қонақтарын би аулы асқан құрметпен қабылдап, алуан сый көрсетіп жатыр.

Әсем ән, күндіз-түні күлкілі әңгімелер, әзіл-сықақтар да жаңғыра, өсіре айтылуда. Шыңғыс, Мұса, Ықыластар тобы көбінесе үкімет бұйрығы жайлы сөздерді айтып, ел билеу жөнінде ойласа бірінен бірі сөз тартады.

Шоқан бұл ауылға келгелі үлкен кісілер қасынан қашықтап кетті. Өйткені, құсбегі сауықшыл нағашы ағасы Аужан бастаған жастар тобы,

қадірменді жиен Шоқанға өз елдерінде бар деген тамашаларын көрсетуде. Ауыл өмірі қашан болсын бір қалыптас. Атқа міну, құс салу, ит жүгірту — ең тамаша ойын осы ғана. Оның бәрі Шоқанның өз ауылында көргендері. Және мына қырық күн шілдеде бүркіт аңға салынбайды, тұғырда отырады. Тазыны да ыстықта қызыл табан болады деп аңға қоспайды. Тек бұл жазда обалсынбаса, балапан ергізген құсты аямаған құсбегілер, қаршыға, түйғынды ғана ата қаз, үйрекке салады. Дегенмен өз ауылындағы қаршыға салу әдісіндегі ерекшелікті көрсетуге ойланған Аужан:

— Біз Шоқанға даңғаз, дабылмен құс алдыруды көрсетеміз, — деді Мұса ағасының үйіндегі аға қонақтарға сәлем бере келіп.

Аужанның ондағы ойы қаршыға салудың даңғаз дабылын үлкендер көрем десе жүрсін деген ойы еді. Өйткені оны шығарып жүрген өзі болатын. Аужанның даңғаз дабылы десіп Қаржас, Сүйіндік елдерінің қаршыға ұстағандары әсіресе айналдырып алған-ды.

Шоқан келген күннің ертеңінде күміс ер-тоқыммен жабдықтап мінгізген боз жорға дөнен аса бір әсем болатын. Жақып та Мұстапа нағашысының үйінен бір қара құнанды жабдыктатып мінген. Қаракөлдің жалпақ айдынынан қаршыға салуға болмайтын. Аужанның даңғаз дабылына ыңғайлы көлі — Қазанкөл деген саумал көлден бөлінген, бір ойпатқа біткен шағын кемеш Қамыстыкөл болатын. Бұл көлге қамысы қалың болғандықтан, қаз, үйрек көп қоныстап, жаз бойына құс арылмайтын.

— Осы, Аужан, сенің даңғаз дабыл дегенің қандай өзі. Аты жақсы емес екен. Даңғаз деген мағынасыз бос даурық деген сөз ғой, — деді Шыңғыс балдызына күле қалжындап.

— Жезде, сіз өзіңіз бірге жүрсеңіз көресіз, ол даңғаз дабыл дегеннің екі түрлі қызығы бар. Бірі — қаршыға ұстаған құсбегінің барлық қаршығасы қатар ұшырылып, кімнің құсының қыран екені анықталады. Ат жарысы сияқты бұл қыран жарысы. Ал екінші бір тәуір жағы — аң тамашасын көруге елдің бәрі қатысады. Жеке қаршыға салушылар «сендер дыбыстап құс үркітесіңдер» деп қасына көп кісі ертпейді. Мына даңғаз дабылда қызық көрем деген бала-шағаға дейін тобымен барып жабыла дабыл қағып, өздері құсты бірге салысады, — деп енді даңғаз дабылдың әдісін әңгімелей жөнелді. — Егер сіздер жүреміз десеңіздер ертең таң бозынан барамыз. Осы маңдағы барлық қаршығасы бар құсбегілерге хабар айтып жиналамыз. Құсқа барған барлық кісі тапса, дабыл алып барады, таппағаны тоқымын, етігінің қонышын сабалап, көлді жағалай тұсынан келіп дыбыстайды. Жан-жақтан дабыл қағылып, андыздаған қаршығаның ұшқанын көрген қаз, үйрек ұйлығып, көл төбесінде шыр айнала ұшады. Сол кезде қыран қаршыға қалаған құсын қағып түсіре береді. Аужанның мынау айтқан әдісі көңіліне қона кеткен Ықылас:

— Біз де барып көрелік, — деп, Шыңғысқа қарады.

— Жақсы, жақсы, баралық, — деді Шыңғыс сөз бұзбайтын әдетімен.

Кеше кешке байлаған уәде бойынша Аужан жылқышыға тапсырып атты ерте алдырып, таң бозынан аттанды. Ол ерте жүрісті Шыңғыстарға да, барлық қаршығашыларға да айтып қойған. Қаршығасын алып, Шоқанды өзімен қатарластыра атқа мінген Аужан ауылынан шыға бере күрең дабылын Шоқанға берді.

Бұлар Мұса ауылына келгенде мұндағылар да дайын екен. Шыңғыстың қасында тұрған Жақып Шоқанның қолындағы дабылды көріп:

— Атеке, мен де, маған да дабыл алып бер, — деп қыңқылдап қоймаған соң, атшы Тулақбайды шақырып алып, Шыңғыс:

— Мынаған да біреуден дабыл алып берші, — деді. Иса ауылынан қаршыға ұстап келген үш-төрт жігіттің біреуі ерінің алдыңғы қапталындағы анжымаға кішкене қара торсықша байлап алыпты. Соны көріп Тулақбай:

— Жігітім, мынауың да дабыл ма, әлде сусын құйып алғансың ба? — деп еді, әлгі жігіт күліп: — Даңғаза дабылға барған кісі дабылсыз жүре ме, менікі дауылпаз деген ең үлкен дабыл, — деді.

— Онда дауылпазыңды ана жиеніңе берші, дабыл тауып бер деп төренің мазасын алып тұр!.

— Е, жарайды, жиеннің қалағаны торсық болса, — деп ол жігіт шешіп берді. Тулақбай торсықты әкеліп Жақыпқа:

— Мынау дауылпаз деген дабылдың ең үлкені екен. Мұның дыбысы шыққанда, аспаннан үйрек өзі жүрегі ұшып жерге құлай беретін көрінеді, — деп ерінің алдыңғы қапталындағы анжымаға байлап берді. Басында ыңғайсыз көріп тұрса да «ең үлкен дабыл» дегенде танауы делдиіп кетті. Шоқанға жетіп барып:

— Көрдің бе, мына менің дабылым дауылпаз, ең үлкен дабыл, — деп мақтанып, қайта әкесіне қарай шоқыта жөнелді. Дауылпаз деген сөзді бірінші естіген Шоқан, қасындағы Аужан нағашысынан:

— Нағашы аға, дауылпаз деген не? — деп сұрады.

— Ана тентек Жақыпты алдаған ғой, ол дауылпаз емес, жай кішкене сусын құятын торсық қой. Қолында дабылы жоқтар кейде шу көтеріп дыбысты жаңғырықтыруға ондай торсықты да алып шығады. Ол ана Иса нағашы ағанның балаларының шығарып жүрген қылжағы ғой. Дауылпаз деген үлкен жорыққа қол аттанарда соғылатын дабыл. Оны шеңберлеп иіп, ағаш кергіге керіп, жұқа серке терісінен жасайды, — деді Аужан.

Қазанкөлге таяна бергенде әдеттегі әдістерін істеп қаршығашылар топ-топ болып бөлініп, көлдің жан-жағынан қаптай келіп, құстарын дайын ұстады. Сол кезде көлді жиектеп қаптаған қалың кісілер дабылдай лап қойды. Көл бетінен ду етіп ұшқан қаз, үйрек дуылдан қорқып сапырылыса бергенде, жан-жақтан аспанға атып шыққан қыран қаршығалар шапыр-шұпыр айқасып, бір-екеуі қаз ілді. Алғашқы бетте аңырып қалған Жақып,

бір әредікте торсықты тарс еткізіп қағып қалғанда қара құнан атып кетіп, жерге топ ете түсті. Ымқырулы Тулақбай тұра жөнелген қара құнанды ұстап әкелді.

— Ә дауылпаз, қалай, дабылыңның өзіңе әлі келді ме? — деп Шыңғыс баласына қарап күлді. Ұялып қалған тентек Жақып үндеместен келіп құнанына мінді.

Алғашқы көтерілген құсқа жіберген бетінде бір ата қазды іліп түскен Аужанның көк қаршығасы, қайта ұшып тағы бір үйректі қағып түсті. Басқа қаршығалар да бір-бірден қаз, үйрек алды. Құс тамашасына қарық болған топ күн көтеріле ауылға оралды.

Қайтып келе жатқанда Шыңғыс балдызының әдейі жанына тие:

— Мына әдісің әсемдік емес, ту-тулақайлау екен. Қара қарғаша үймелеп жүрген құсбегілікте онша қызық бола бермейді ғой, — деді.

— Атеке, мұндай қызықты бір кісі көргеннен, көптің көргені жақсы емес пе? — деді Аужанның қасында келе жатқан Шоқан. Баласының нағашысына араша түскеніне сүйсінген Шыңғыс үндеген жоқ, жымыып күле берді.

Осындай ойын-сауық, тамаша қызықпен бір жұмадай жатқан Айғаным ханым Шыңғысқа қайталық деген ойын айтып, жүру қамы істелді. Алдымен Мұса мырзаның ханым құдағиына, қарындасына, жиендеріне арнап дайындаған сыйлықтарын ұсынды. Би ауылының басқа отаулары да қарап қалған жоқ. «Екі бай құда болса, арасында жорға жүреді» дегендей, аға сұлтан ауылының жиендері, аға сұлтан күйеу, ханым құдағи айта қаларлықтай сыйлыққа бөленді.

Аттанар алдында Мұса ауылына жиналған би балалары қонақтарын ортаға ала отырып, өздерінің сән-салтанаттарын мадақтады. Құсбегілік, аңшылық, ат салтанаты сөз болды. Мұстапаның Көкбесті атанған бәйгі атының өткен жылғы бір ұлан-асыр аста жүз аттың алдынан келгені айтылды.

— Осы Көкбестінің, сірә, қанаты бар ма деп қалдым, — деді Мұстапаның қасында отырған ат бапшы Жарқынбай деген мақтаншақ көтермешісі.

— Жылқыда қанат болады дейсіз бе, ол әншейін көтермелеп айтқан сөз ғой, — деді Шыңғыс Жарқынбайдың Мұстапаға жағына айтқан орынсыз мақтауына.

— Төре күйеу, мен оны әншейін айтып отырғаным жоқ. Алтай еліндегі былтырғы аста, мына Қаракесек, Қуандықтан, Сүйіндік, Тарақты, Тамадан аяғының желі бар не саңлақ келген ғой, жүзден аса атты айдап шыққанда біздің мырзаның Көкбестісі, жай бір күйкі ғана шобыр тәрізді болып көрінді. Ішімнен: «Я, бидің аруағы, өзің қолда» деп Көкбестінің жанына келіп, қашан ат айдауға кеткенше тұрдым. Сонда Көкбесті жануар ешбір желікпейді-ау! Тек бір қалыпты салмақпен аяндап, кейде төсін жерге тигізе

керіліп, созылып бойын жазады. Сонан бір мезгілде ат алдынан келеші баратын болды. Келешіге мен өзім кеттім. Көзіңіз жамандық көрмесін, біз келеге таянғанда үш ат түйдек келеді екен. Қарасам біреуі Көкбесті, біреуі бір қара ала ат, біреуі қанжырдай жирен ат. Сонан аруақтап кеп шылбырына жанаса бердім. Үстіндегі бала да қу еді, аттың басын аздап іркіп келеді екен. Мені көрген соң, о да айқайлап, тақымын қысты білем, Көкбесті сытылып шыға берді. Мен айқайды салып ұрандап келем. Көзіңіз жамандық көрмесін, Көкбесті құйындай ұйтқып ағып берді. Мен ілесе алмай қалып қойдым. Сонда көрдім, Көкбестінің тіпті аяғы жерге тимей, тура қалықтап ұшып барады. Тек жануарға көз тимесін деп көзімді жұма бердім. Басқа аттан бір шақырым бұрын келді. Мен дәлелсіз айтпаймын ғой. Жарықтықтың қанаты бары бар, — деп, Жарқынбай сөзін аяқтады.

— Мына Мұстапа балдызымыз ол сияқты жүйрігінің түрін де көрсетуге қызғанады, — деп Шыңғыс Мұсаға қарап күлді.

— Иә, ол балдызыңның ондай мінездері болуы мүмкін, — деп Мұса жымышып еді:

— Мен екеуінде шенге шіреніп жүрген төре емеспін. Ат қызығы, құс қызығымен алданбағанда қайтемін. Мына атымды көрдің бе, деп кімнің алдына жалбақтаймын, — деп Мұстапа белгілі томырықтау мінезіне салды.

— Осы Мұстапа өзі сараң да ғой деймін. Бидің басқа балалары ат жалына қолы жаңа жеткен жиендеріне қалағаның бар ма, сұрағаның бар ма деп жатыр. Мұның аузынан соны да естігеніміз жоқ, — деп Шыңғыс Көкбестіге көңілі ауайын деген сырдың шетін шығарды.

— Жиендер әлі жас қой, ат баптар жасқа келгенде, онысын да көрерміз, — деп Мұстапа Шыңғыстың алдын орағытты.

— Бәсе, сараң дегенім дәл шықты ма. Көкбестіге жиендер қолқа салар деп, ат баптар деген өздерді көлденең тартып отырсың-ау, ә? — деп Шыңғыс күлді. Бағанадан үндемей тындап отырған Шоқан:

— Атеке, өзімізде де жүйрік бар ғой. Бізге керек жүйрік оған керек емес пе? — дегені ғой.

Шоқанның кісіден сұрау, біреудің дүниесіне қызығу дегенді жек көретін мінез білдіргені Мұсаға сондай ұнады.

— Шоқанжан, бері келші, Мұстапаның атынан сенің мына сөзің әлдеқайда жоғары шықты-ау. Бақытты бол. Аман болсаң, қай жүйрік сенен құтылар дейсің. — Осыны айтып Шоқанның маңдайынан иіскеді.

Қаракөл басынан түс ауа аттанған Айғаным пәуескесі Құсмұрын қайдасың дегендей кешкі салқынмен тартып кетті. Айдын көл алқабында, алшақ-алшақ қонып, қанат жайған Қаржас елінің қауымы қала берді. Мұса үйінен өзіне арнап мінгізген жорға құнанына мінген Шоқан әкесімен бірге салт аттылар тобында бара жатты.

ҰЯДАН ҰЛЫ ЖОЛҒА

Төре ауылы жайлаудан қайтқалы, Шоқанның ойында Омбы қаласына деген жүріс жолы елестеп, асығу да бар. Әсіресе Сергей ағайдың қала жайынан қызықтырып айтқан әңгімелері есіне түседі. Ал қалаға жүрсе мына ауыл өмірінен бөлінеді. Ойыны бір құрдастан, тентек те болса бауырлас Жақыптан бөлінеді. Ыржия күліп, қорғана тіл қатып, балшықтан мүсін жасап ойынына талшық еткен Мысықтан көз жазады. Қатар отырып жазу салыстырған, ойын тобында үнемі қасында болып, мұрнын тартып қойып, «Шоқа» дейтін құрдасы Әлібайдан бөлінеді. Осындай ойларға оралған Шоқан күн санап анадағы бастаған күнделік дәптеріне әрбір ойын жазып жүрді. Ол жаздағы нағашы аулына барған сапарынан көрген-білгендерін — Етекбай сөзін, Зеренді түсінігін жазды.

Ауыл Қосқимылға келген күні-ақ Шоқан белгілі күзек құдықта отыратын жалғыз қара лашық Мысықтың үйіне келді. Жаздай ел көрмей, елегізіп елсіз өмірде бұйығып жүрген Мысықты, екі бұзауды қайырып келе жатқан жерінен, қорық ішінде кездестірді. Ыржиып, құлағы делдиіп тұра қалған Мысыққа Шоқан құнанынан түсіп, қасына келді де:

- Немене, Мысық, аман ба!? — деді. Мысық үндемеді, тек күле берді.
- Сен, немене, сөзді ұмытып қалғансың ба?
- Жоқ, сөзді білем. Аман ба, Шоқан!
- Иә, аман. Өзің, немене, қандай мүсін жасадың?
- Түк те жасағаным жоқ.
- Неге?
- Бұзауымды бағып, апамды күтем.

Мысықтың мына сөзі Шоқанға ерекше бір ой салды. «Иә, алдымен тіршілік өмір жабдығы» деді ішінен.

— Мен енді қалаға оқуға жүрем. Сен ертең біздің, ауылға кел. Және жаңа суретің болса, ала кел.

— Жаңа мүсінім жоқ. Жалғыз қалай барам, қорқам. Апамды жалғыз қалдыра алмаймын.

- Неге?
- Апам орнынан тұра алмайды.
- Әкең қайда?
- Төре үйінің шөбін шауып жүр. Алыста, анау өзен жақта.

Мысықтың мына кейінгі үй жайын айтқандағы мұңайған түріне көзі түскен Шоқан оны аяп кетті. «Анасы ауру, әкесі біреудің жұмысында, өзі жалғыз. Мына бұзаулар оның әрі көрер азығы, әрі ермегі. Қандай қиын».

— Онда ертең мен өзім келейін, жарай ма?

Мысық басын изеді.

Шыңғыс өзінде қонақта жатқан Дабашинский мен Шоқанды ертіп Айғаным аулына келгенде, Қанғожа, Мамеке — бәрі де ханым үйінде еді. Шоқанды Омбыға оқуға апарды деген өз осы күзекке қонысымен-ақ төре ауылына хабарланған. Бүгін ханым үйінде болатындықтары да оларға айтылғанды. Сүйікті немересін қасына алып, қайта-қайта маңдайынан иіскеп, ойлана алысқа қараған Айғаным:

— Мына Шоқанжанның тоқым қағарын өзім істейін деп әдейі мына аға, аталарын шақыртып алдым. Баталарын берсін. Ана ауыл ақсақалдары да келеді. Шыңғысты орысша оқуға бергенімде, төре, кара болып — «Айғаным енді өзі шоқынғанымен қоймай, баласын да орыс оқуына шоқындыруға беріпті. Аталары орысша оқымай-ақ Үш жүзді билеп еді ғой. Бұл қай бұзылғаны», — деп айтпаған өсегі бар ма еді. Сол шоқындыруға берді деген Шыңғыс, міне орталарында. Дінін бұзып па? Халқының қағидасын бұзып па? Білім алды, білімді елдің адамымен тізелесе отыруға, өз ойын басқаға тәуелсіз-ақ орысша жеткізуге жетті. Ал Шоқанжан енді одан да үлкен оқуға барады. Жаңа заманның білімін алады, — деді Айғаным.

Әрқайсысы Айғаным сөзін өзінше түсінген туысқандар үнсіз тыңдап, әдеппен ана алдындағы құрметтерін істеді. Айғанымның әлгі айтқан сөзін тыңдап отырған Дабашинский:

— Төрелер, ханым аналарыңыз өте дұрыс айтады. Сіздердің бағынған үкіметтеріңіз орыс патшалығы, оның тілін біліп, заңын ұғу сіздерге парыз. Егер оны білмесеңіздер, мен сияқты тілмашқа тәуелді болып отырарсыңдар. Сіздің қазақтың мақалы бар ғой: «Шайнап берген балаға ас болмайды» деген. Сондай-ақ біреу арқылы тілдескен ел басшысы ұлыққа қай ойын жеткізеді. Ал мына Шыңғыс Уәлиханович патшаның өзімен де сөйлесе алады. Шоқан корпусқа түсіп оқыса, Шыңғыстан да оқымысты болады. Енді сіздің елдің жастарына оқу керек, — деп өте бір достық ойлар айтты. Бұл сөзге риза болған Айғаным:

— Шырағым, Шоқанымды өз қолыңа береміз. Үйінде ұста, зеріктірме, оқуын жақсылап оқыт. Сен де дос-жар баламның бірі бол, — деді.

— Ханым апай, сеніміңізді ақтармын. Шоқаныңызды өз балам етіп тәрбиелермін.

— Жолың болсын, шырағым, — деп Айғаным қасындағы Шоқанға, — сен ана ағанның айтқанын тыңда. Оқуыңды жақсы оқы, — деді. Шоқан үндемей басын изеді.

Осы кезде Айғаным хабарлаған ауыл ақсақалдары: Ықылас, Сал, Әжібайлар, тағы басқалары келді. Мәжіліс қызды. Қанғожаның қобызы да, Нұртайдың әні де шырқалды. Түс ауа ханым ауылынан аттанған топтың ішінде келе жатқан Шоқан, өз ауылдарына таянғанда:

— Атеке, мен кеше Мысыққа келем дегем, соған барып келейін, — деді.

— Е, досың ғой, әлгі шебер бала ғой, бар, бар, — деп Шыңғыс рұқсат

етті.

Шоқан Тақырбас бар қасында, Мысыққа келгенде, күркесінің қасында от жағып жүр екен.

Ол Шоқанды көріп, ыржия күліп алдынан шықты.

— Ал, Мысық, жүр, біздің ауылға жүр.

— Апам жалғыз қалады ғой.

— Көп болмайсың, апана айт.

— Жарайды, қазір, — Мысық апасы жатқан қара лашыққа жүгіріп кетті.

Біраздан соң үстіне анада Шоқан берген көнетоз шапанын киіп шықты.

— Кәні, менің артыма мін, — деп Тақырбас оны қолынан тартып, артына мінгестіріп алды. Мысықты өзіне ілестіре үйге кірген Шоқанға Зейнеп:

— Шоқанжан-ау, мына сары сұңқарды тағы тауып алғансың ба? — деді таңданып.

— Иә, апеке, шешесі ауру екен. Жазда сурет жасай алмапты. Әкесі атам үйінің шөбін шауып, үйінде жоқ. Сондай аянышты, — деді.

— Шешесі не ауру екен? — деп Зейнеп ежіктей сұрады. Оны байқап тұрған Мысық қорқып көзін жыпылықтатып, төмен қарап кетті.

— Апа, сіз ұрыспаңыз, оның жазығы жоқ. Мен ертең қалаға оқуға жүремін ғой, ана менің қазақы кемзал, шалбарымды Мысыққа берші, түк киімі жоқ. Өзіне тамақ бергізші. Шешесіне де тамақ беріп жібер, — деді өтініш етіп.

— Иә, жол садақаң болсын, берейін, — деп Зейнеп Қанипаға, — Шоқанжанның кемзал, шалбарын ана балаға берші. Өзіне тамақ бер. Шешесі ауру болса, шай, қант түйіп берші, — деді, Қанипа жымия күліп:

— Осы бір сары шегір жүгірмекке Шоқанжанның мүлде ықыласы түсті-ау. Мына кемзал, шалбарын қалаға жүрерде өзім сұрап алып, бауырыма кигізейін деп жүр едім.

— Қанипа, оған ренжімей-ақ қой. Сенің бауырыңа да Шоқанның бір көнесі табылар, — деп Зейнеп Қанипа көңілін де жұбатып қойды. Киім киіп шай, қант алып, олжалы болған Мысық қуанышы қойнына сыймай, үйіне жетуге асығып Шоқанның қасына келіп, не айтарын білмей, ыржиып танауын тартып тұрып қалды.

Немене, үйіңе қайтасың ба? — Мысық басын изеді. — Тақа, Мысықты үйіне апарып тастаңыз, иттен қорқады, — деп Шоқан Мысықпен хош айтысты. Тақырбастың артына мінгесіп жүре берген Мысыққа:

— Мысық, мүсін жасауыңды ұмытпа. Маған жақсылап көп мүсін істеп қой.

Мысық Тақырбастың белбеуінен ұстап, тырмысып бара жатып, артына бұрылып:

— Жарайды, істеп қоям, — деді.

Шоқан Тақырбастың артына мінгесіп бара жатқан Мысыққа қарап біраз

тұрып қалды. Тек, артынан келіп Жақыптың:

— Өй, анау әлгі мияу Мысық па? — деген сөзіне бұрылып:

— Иә, сотқар, бір айқасатын едің, көре алмай қалдың-ау, - деді.

Жақып Шоқанның қалаға жүретін хабарын естігелі бері бұрынғыдай соқтықпай, өзінше бір ойға түскендей болып жүрген. Бұл жерде де сол мінезін істеді.

Дабашинский Шыңғыс ауылына келісімен-ақ Шоқанның жаңа досы болып алды. Шекарашылар мекемесінің тілмашы, қазақ даласын көп аралаған, тапқыр да ділмар Дабашинский Шыңғыстың көптен бергі досы еді. Шоқанды оқуға алып жүрердегі қаладағы Шоқанға сайлаған пәтер үйі де осы Дабашинскийдікі болатын. Сондықтан көктем кезіндегі қалаға қатынасқанында, Дабашинскийді қонаққа шақыра келген. Дабашинскийдің бұл келуіндегі себептер де осы болатын. Дабашинский Шыңғыстан бір-екі жас үлкен болғандықтан, Шыңғыс оны Уәсіл ағай деп өзіміне сөйлейтін. Шыңғыстың өзін қазақсына атағанына Дабашинский аса разы болып, көңілденіп қалушы еді. Әкесінің атауымен Шоқан да оны Уәсіл ағай деп атайтын болды.

— Корпусқа бала қабылдау кезі болып қалды. Алдын ала барғанымыз жақсы, — деп Дабашинский Шыңғысқа жүру жайын бір ескертіп қойды. Иә, иә, ол рас. Ертең ерте аттанамыз, — деп Шыңғыс жол аттарын, қасына алар жолдасын әзірлетті. Тұңғыш баласын бауырынан шығарып, алыс жолға, шәһәрлі жерге жіберуге әзірленген Зейнеп әлденеден бір ауыр ойда. Ананың көз алдына кішкене Шоқанның жат үйде жалтандап отырған түрі елестейді. Қаланың қамау көшесі, өзі тілін түсінбейтін жұрттың ішінде баласының жабығып тұрған бейнесі келеді. Іші елжірегенімен бір сенімді медеу бар. Ол анада келіп жатқан Сергей, мына Уәсіл ағайлар көңіліне тиянақ тәрізденіп кетеді. Білімге, оқуға аттанады, ол бір мерей ғой, деген жақсылық ойдың жарқын сәулесі жігер туғызып тұрғандай болады. Осыны ойлайды да бойын ширатады.

Үш ат жегілген пәуескенің күймесін шалқалата ашып, Бейсен көлденең тартқанда, Айғаным бастаған аналар тобы Шоқанды кезекпе-кезек бетінен сүйіп, асыл ниеттерін айтуда.

Алдымен пәуескеге келіп отырған Шыңғыс:

— Кәні, Уәсіл ағай, келіңіз, — деп өз қасын нұсқады.

Тентек Жақып жыламсырап Шоқанды құшақтап, бауырлық жылы мінез көрсетіп тұр. Жақыптың сырт жағында Әлібай, Мұқандар тұр. Бұлар ыржия күліп, «Шоқан, қош, аман бол» десіп, жолдастық қимас достық лебіз білдіруде. Бейсеннің делбе ұстаған қолы қозғалғанда, пәуеске үзеңгілігіне аяғын салған Шоқанды ұстап, қолтығынан алып, Зейнеп өз қолынан аттандырып жіберді. Шоқанның пәуеске тұтқасына жармасқан қолынан ұстап, Уәсіл ағай көтеріп алды. Жан-жүйесі босап, көзіне жас алған Зейнеп: «Жолың болсын, құлыным», — деп орамалын көтеріп қала

берді. Пәуескенің артынан көзі жасаурап қарап тұрған Айғанымға:

— Апасы, үйге жүріңіз, Шоқаныңыздың жол шашуына батаңызды беріңіз, — деді Зейнеп.

— Жарайды, Зейнепжан, Шоқанымнан аяр тілегім бар ма, — деп Айғаным қасындағы күтушілерімен үйге кірді.

Ауылдан шыға бере тақта жолға түскен пәуескені, ерігіп тұрған үш күрең ат зырлата ұшырып келеді. Артына жалтақтай қараған Шоқанға:

— Шоқанжан, енді артыңа емес, алдыңа қара. Өміріңнің өрі алдыңда, — деді Шыңғыс.

Иә, Шоқан, Шыңғыс Уәлиханович өте дұрыс айтады. Алдыңа қара. Қызықта, білім де, өнер де алдыңда, — деді Дабашинский, Шоқанның ауылға қиыла қараған ойын бөліп. Құсмұрын жазығынан созыла құлаш ұрған жіңішке қара жол, тобыл бойын кемерлей тартып келеді. Анда-санда күзекте отырған киіз үйлі азақ ауылдары, кей жерде некен-саяқ қысқы қора елесі көрінеді. Солтүстіктен ескен қоңыр жел лебі әрі салқын, әрі бір көңілсіздікті сүйретіп жүргендей, бір ызғар сездіреді. Аспан әлеміндегі бұлттың түрі де, қоңыр күңгірт тартқан күн жылуы да ауылдан алыс жолға аттанған Шоқанның бала көңіліне солғын болып сезіледі.

Шоқанның осы сияқты көңілсіз күйін сезген Дабашинский әдейі әңгімеге алдандырғысы келіп:

— Шоқан, сен орыстың ұлы оқымыстысы әрі ақыны Ломоносов жайында естімеген боларсың. Білімді іздеген адамға оның әмірі үлгі, мен саған соны айтып берейін, — деді.

— Иә, Уәсіл ағай, Шоқанға айтыңыз. Ломоносовты Пушкиннің: «Ломоносов біздің бірінші университетіміз», дегені әншейін айтылмаған. Ұлы ақын оны өте жоғары бағалаған, — деп Шыңғыс Ломоносов жайындағы көңілінде қалған Пушкин сөзін есіне алды.

— Шоқан, сен әлі орысша оқып хат таныған кезінде Пушкиннің де, Ломоносовтың да өмірбаянын, шығармаларын оқып танысасың. Мен саған тек Ломоносовтың оқуды қалай ізденіп, ұлы ғалым болғанын айтып берейін.

Пәуескеге отырғызардағы Зейнептің елжірей бетінен сүйіп, аналық махаббатпен қараған жанары; тентек Жақыптың пәуеске қозғалған сәттегі қолын бұлғап аңыра тұрып қалғаны көз алдына елестеп мұңая ойланып отырған Шоқан Уәсіл ағайдың жылы лебізінен ойы сергіп:

— Уәсіл аға, ол қандай адам, айтыңыз, тыңдайын, — деп көңілі жадырай Дабашинскийге, әкесіне жалтақтай кезек қарап көтеріле отырды. Михаил Васильевич Ломоносов Россиянин, шет жағындағы Архангель губерниясындағы бір қара шаруаның баласы. 1711 жылы туған. Ол кезде орыс қалалары мен деревняларында оқу аса өріс алмаған кез ғой. Деревнядағы бастауыш мектепте оқығанымен онша өнімді білім ала алмаған. Жиырма жасқа келген кезінде талапты жас оқу іздеп жаяу, жалғыз Москваға

жүріп кеткен. Азықсыз, көліксіз алыс жол жүріп, ашып-арып Москваға жетіп, іздеген оқуына тұяғын іледі. Бір жағынан еңбек етіп және оқып жоғары дәрежелі білім алады. Ломоносовтың зеректігіне сүйсінген ұстаздары оны Германияға үлкен оқуға жібереді. Ол Германияда университетті бітіріп, үлкен ғалым болып қайтады. Әрі ғалым, ірі ақын данышпан Ломоносов біздің орыс елінің ардақты ұлы, тұңғыш ғалымдарының бірі болған. Шоқан, көрдің бе, ұлы адамдар білімді қалай іздеп табады.

Сен мына сияқты салтанатпен оқуға аттанып келе жатып, ауылыңды қимай мұңаясың. Асықпа, әлі-ақ қала тұрмысына үйреніп кетесің, — деді.

— Ұқтың ба, Шоқан, Уәсіл ағайдың айтқанын өзіңе ақыл деп біл. Ендігі сенің ақылшың осы кісі болады, — деген сөзін Шыңғыс Шоқанның құлағына қайталап айтты.

Арада бірнеше күн жүріп Омбы қаласына да таянып қалды. Алдымен ұзыннан қарауыта тоғайға бөленген Ертіс өзенінің арнасы көрінді. Жазық даланы қақ жара белдеуленген өзен өлкесіне көз тастаған Шоқан Дабашинскийге бұрылып:

— Уәсіл аға, анау қарауытқан немене? — деп сұрады.

— Ол қарауытқан үлкен Ертіс деген өзеннің бойы. Өзен жағасын кемерлей ескен тал, қайың ағаштар ғой қарауытып тұрған. Ертіс аса үлкен өзен, әлі қасына барғанда көресің. Омбы қаласы осы Ертіс өзенінің жағасында.

— Немене, біз қалаға жақындадық па?

— Енді қала жақын, біз қонаға барамыз, — деді баласының жол жүруден жалыққанын сезіп отырған Шыңғыс. Аттардың үздіксіз жүрістен салмақтана жортқан баяу қимылына ыңылдай теңселе ғана қолын қозғап отырған Бейсен, Шыңғыстың «бүгін қонаға қарай қалаға барамыз» дегенін естігеннен кейін қозғалақтап аттарға камшы үйіріп қойды. Делбені жұлқи жортқан үш күрең дала апшысын қуыра жүйткіді. Ойнақшыған ат жүрісі көңілдендіріп Шоқан, алға ұмтыла, Бейсеннің иығына асыла айналаға көз тастайды. Ол әне көрініп, міне көрініп қалады дегендей қала елесін көздейді. Әлден уақытта қарауытқан өзен өлкесінің арғы жағынан биік мұнараларды көрді. Кешкі батар күннің шапағына шағылысқан шіркеу крестерінің алтындаған бояулары жалтылдап көз тартады.

— Атеке, анау көрінген не? — деп Шоқан үнсіз қала елесіне көз тастап келе жатқан Шыңғысқа қарады.

— Ол, ол қаланың шіркеулерінің мұнарасы. Анау қарауытып көлбеген қаланың өзі. Әне көрдің бе, ағараңдаған үйлер, жылтыңдаған оттар да көріне бастады, — деп Шыңғыс баласына қала көрінісінен байыпты хабар берді.

Шіркеу деген сөзді бұрын естімеген Шоқан, ол ерекше мұнара орнатқан қандай үй дегендей ойланса да, қуалап сұрай қойған жоқ. Осындай әңгіме сұраумен алданып келе жатқанда Ертістің қалаға қатарласқан қабағына да

жетіп қалды. Біразда қала ап-айқын үлкен-үлкен үйлерімен, сәнді көшелерімен саңлақтанып керінді. Сонша болмады, Бейсен желдірте айдап аттарын екпіндете, Ертістен өтетін үлкен қайықтың аузына да келіп тоқтады.

— Мына өзеннен біз қалай өтеміз? Ана арғы жаққа барамыз ба? — деп Шоқан өзі түсінбеген жайларды сұрай бастады.

Қайық аузына келісімен пәуеске күймесінен жерге түсіп, бой жазып жүрген қала тұрғыны Дабашинский:

— Ал, Шоқан, қала деген осы, ана су жиегінен көтеріле салынған биік үйлер — кеңселер. Солардың бірінде сен оқисың, — деп қала жайынан түсінік айтып тұрды. Арғы жаққа кеткен паром қайық кеп кешігіп тұрып қалды. Қала көрінісіне қызыққан Шоқан:

— Атеке, сіздің жол дәптеріңіз қайда, маған бере тұрыңызшы? — деп сұрап алды. Шыңғыс та жерге түсіп бой жазып жүрген. Шоқан дәптерге қыстырулы қарындашты алып, қала көрінісінен бір үш сурет салды. Әсіресе шіркеудің бейнесін, биік үйлердің Ертіс қабағынан көрінісін салды.

Бұлар паром тосып тұрғанда, Ертістің бас жағынан суды қақ жара жүзіп бір пароход келді. Атой беріп айқайлап суды кешіп жүрген кемеге Шоқан таңдана қарап қалды. Бұрын ондай су кемесі — пароходты көрмеген оған сондай жаңалық болды. Шоқанның таңданып отырғанын көрген Дабашинский:

— Шоқан, мына кемеңі көрдің бе, бұл осы Ертіс өзенімен жоғары өрлеп, төмен құлдилап басқа қалаларға барып кісі мінгізіп жүретін, жүк таситын пароход. Бұл будың күшімен жүреді. Әлі осыған да мінісің, — деп пароход жайын түсіндірді. Біздің паромның арғы жақта бөгеліп тұрғаны да осының келетінін біліп, көлденең жүруге рұқсат болмағандықтан екен ғой, қазір келеді, — деп оның да тәртібін айтып қойды. Шоқан алдыңғы салған суреттеріне қоса қарындашпен сызғылап әлгі пароходтың да бейнесін жазды.

Біразда паром да келді. Шоқандардың пәуескесі келіп үлкен қайыққа түсті. Дабашинский мен Шыңғыс та күймеге жайлана отырысты. Шоқанның жол дәптерін қолына алған Шыңғыс жаңа ғана салған суреттерді көрді.

— Уәсіл ағай, Шоқанжанның қаланы көргенде салған суретін қара. Бала деген еліктегіш, әуесқой болады-ау. Мынасы қала көрінісіне ұқсайды, — деп дәптерді Дабашинскийге ұсынды.

— Сіз қаланы айтасыз, мына әлгі өткен пароходты қараңыз, Шыңғыс Уәлиханович, — деп Шоқанның шимайлаған пароход бейнесін көрсетті. — Пароходтың өзінен түтіні үлкен болып кетіпті, — деп Шоқанға қарап қызықтай күлді. Шоқан қысылғаннан төмен қарап, аяғының басымен жер шұқи берді.

— Сен, Шоқан, ұялма, бұл тамаша талап. Орыс тілінде мынадай сурет

салушыларды художник дейді. Бұл тамаша өнер, — деп Дабашинский қайық үстінде суретшілік жайында біраз әңгіме айтты. «Оқыған білімді елдің аты білімпаз, осы Уәсіл ағайдың тіпті білмейтіні жоқ» деп ойлады Шоқан өзіне ерекше болып көрінген Дабашинскийге разылана.

Бұлар қаланың орта шеніндегі аласа ғана шатырлы үйге келіп тоқтады. Ат, арба қораға кірді. Әлі көзі үйреніп болмаған Шоқан үйге, айналаға жатырқай қарайды. Қала үйі біріне бірі тіркеле салынған, ұзыннан-ұзақ құймалар. «Ал, үйге кірелік» деген Уәсіл ағайдың шақыруымен Шыңғыс бастап, бәрі үйге кірді. Орта жастағы жалаң бас сары әйел Шыңғысқа таныс үйір адамша қол беріп: «Шыңғыс Уәлиханович», — деп амандасты. Олардың қасында тұрған кішкене Шоқанды көріп:

— Шыңғыс Уәлиханович, бұл жігіт сіздің бала ма? Аты кім, танысуға бола ма? — деп күліп Шоқанның қолынан ұстап, — мені Мария Михайловна дейді. Сені кім деп атайын? — деді. Шоқан ақырын ғана:

— Шоқан, — деді.

— Ә, Шоқан Шыңғысович екен ғой. Жас қонақ, жоғары төрлетіңіз, — деп қазақша жатық тілмен үйіріле сөйледі.

— Мария Михайловна, Шоқанды сіздің балаңыз болсын деп алып келдім. Ендігі билігі сіздерде, оқытыңыз, тәрбиелеңіз, — деп Шыңғыс осы сәтте өзінің ойын да айтып салды.

— Тіпті жақсы, Шыңғыс Уәлиханович, маған мына сияқты жақсы баланы сыйлағаныңызға рақмет айтам. Онда, Шоқан, бері кел, мына жерге шешін, — деп Мария Михайловна Шоқанға сол сәтте-ақ езінің орнын көрсетіп тәртіптей бастады.

Алыс жол жүріп келген Шыңғыс, Василий Дабашинский қала тәртібімен жақсылап демалыс етті. Тамақ, артынан жолдан шаршап келген Шоқан Мария Михайловна арнап көрсеткен кереуетке жатып ұйқтап қалды. Шоқанның қала қақпасын ашқан күні осылай басталды.

Таңертең Шоқан оянғанда әкесі де, Уәсіл ағай да үйде жоқ еді. Тек Мария Михайловна мен Бейсен үшеуі отырып шай ішті. Шай артынан қора ішіне шығып, Бейсенмен бірге аттарды күтісіп, Ертіске суаруға апарысты. Түс кезінде Шыңғыс пен Василий келді.

— Ал, Шоқан Шыңғысович, сен енді Кадет корпусының оқушысы боласың. Жолың болсын, үлкен адам бол, — деп Дабашинский Шоқанның қолын алды.

— Иә, Шоқанжан, мына Уәсіл ағаң екеуміз сенің оқитын мектебіңе барып, сөйлесіп қайттық. Сені ертеңнен бастап қабылдайтын болды. Сәті түскенде, Сергей Сотников сонда кездесті. Барлық жұмысты өз қолына алып, өзі ие болып кетті. — Сергей Сотниковтың атын айтқанда, құрбысын атағандай Шоқан сергектеніп:

— Атеке, Сергей ағай қайда, ол неге мұнда келмеді? — деді.

— Сергей ағайың қызметінде. Ертең соның кеңсесіне барасың, — деп

Шыңғыс Шоқанның көңілін жұбатып қойды. Келер күні Шыңғыс, Уәсіл ағай екеуі Шоқанды пәуескемен корпус үйіне алып келді. Күлімдеп алдарынан шыққан Сергей Сотников:

— Ә, Шоқан Шыңғысович, оқуға келдің бе, қазақша айтқанда, жолың болсын, — деп Шоқанды құшақтап амандасты. Мектеп кеңсесіне өзі ертіп келіп, оқу бөлімінің бастығына:

— Менің сізге айтып жүрген шәкіртім осы бала, — деп Шоқанды таныстырды. Шоқанға жылы жүзді шенді киім киген ұлық кісінің жымия қарағаны сондай ұнады. Шенді ұлықтар ызғарлы, түсі суық болады деп еститін еді. Ал мына кісі ондай емес, қазіргі Шоқан ойындағы бар топшылау осы ғана. Біраз орысша сөйлескеннен кейін Шыңғыс, Уәсіл ағай, Сергей үшеуі оқу бөлімінің үйінен шығып, пәуескеге отырды.

— Енді Шоқанды Кадет корпусының оқушысы дей беруге болады. Әлгі кісі айтты ғой, қағазын дайында деп. Өзімен бірге оқитын балалармен қазыналық үйде жатады. Тіл үйренуіне, сабақ, дайындауына да жақсы, — деп Сергей Сотников алдағы тәртіпті де түсіндіріп өтті.

— Әзірше Шоқан біздің үйде болар. Балалардың жатақ үйі әбден тәртіпке келтірілсін. Мен өзім Шоқанды жақсы серік тауып орналастырам. Сіз алаң болмай қайта беріңіз, — деп Дабашинский Шыңғысқа қайтуына кеңес берді.

— Ол да дұрыс, біздің бос жата беруіміздің мәні жоқ. Ертең ерте жүріп кетерміз. Мұндағы жолығатын кісілерге тегіс жолықтым, — деп Шыңғыс Шоқанға жайын түсіндірді.

— Жарайды, атеке, қайтыңыз. Ендігі жұмысты Уәсіл ағай орындайды ғой, — деп Шоқан ризалығын білдірді.

Осы әзірде сырттан кірген жас балаға Мария Михайловна:

— Ә, Гришамысың? Жақсы келдің. Бері жүр. Мен сені бір жақсы баламен таныстырайын, — деп Шоқандар отырған бөлмеге ертіп келді. Өткір үлкен көк көзді Гриша батыл басып келіп, орысша сәлемдесті.

— Ә, Григорий екен ғой. Кәне, сен мына Шоқанмен танысып қой. Екеуің бірге оқисың, — деп Дабашинский Шоқан мен Григорий Потанинді қол алыстырып амандастырды.

— Шоқан, мынау бала Григорий Потанин деген, сен түсетін Кадет корпусына былтыр келіп түскен. Өзі қазақша біледі. Бұл баланың әкесі Потанин сенің нағашы атаң Мұса Шормановтың досы, мұның үй-ішінің бәрі де қазақша біледі, — деп Шоқанды жаңа дос құрбы баламен таныстырды.

Таң сібірлей Шыңғыс орнынан тұрғанда, Бейсен аттарды жемдеп, пәуескеге жегіп, әзір тұрған болатын. Көңілшек әке Шоқанның ұйқыда жатқан кезінде оятпай жүріп кетуді ойлап еді. Ол жуынып, киініп, ұйқтап жатқан Шоқанның қасына келді. Ойлана, қимай біраз тұрып, еңкейіп келіп, маңдайынан иіскеді.

— Ә, Шыңғыс Уәлиханович, Шоқаныңды қимай тұрсың- ау. Сен енді елжірегенді қой. Бұл бала біздікі. Оянса, тағы босаңсисың. Өзің жуырда қайта келем деп отырсың, ал, аттан! — деді Дабашинский баласын қия алмай тұрған Шыңғысқа.

— Ал, Уәсіл аға, өзіңе тапсырдым. Дұрыс айтасыз, бала сіздікі. Әншейін, әншейін, — деп сөзін қайталап Шыңғыс далаға шықты. Ол пәуескеге отырып, қорадан жөнелгенде, Дабашинскийдің өзі Шыңғысты қимай, көпке дейін артынан қарап тұрды.

ЖАҢА ДОСТАР АРАСЫНДА

Шоқанның ауылдағы әдетімен таңертеңгі ұйқыға маужырап жатқанын көріп, Уәсіл ағай оятуға қимай сәл бөгеліп қалды.

— Шоқан, Шоқан, — деп дыбыстады. Өзі де оқу ойында болып, сергек жатқан Шоқан басын жастықтан жұлып алды.

— Шоқан, сен енді тұр, жуын, киін. Тамақтанайық, оқуға бару керек, — деп Васил ағай жұмсақ қана жымия сөйледі. Шоқан мектепке баратыны есіне түсіп, сергектене орнынан тұрып, киініп, сыртқа шықты. Алғашқы оянған бойында сыртқа шыққанша әкесін де, Бейсенді де есіне түсіріп ойланбаған еді. Күнде қораның ішінде тұратын пәуеске, пысқырынып лапас астында тұратын үш күрең ат бір де бірі жоқ. Қора іші қоңылтақсып босап қалыпты. Шоқанның жүрегі аузына тығыла, әлденеден көңілсіздене қалды. Ол жан-жағына жалтақтай қарап, үйге кірді де, Васил ағайына ойлана қарап:

— Васил аға, атекемдер қайда? — деді.

— Ә, олар таң елең-алаңда жүріп кеткен. Сен енді корпус оқушысы боласың. Сенің ендігі жолдасың, серігің қала жұртшылығы, — деді. Шоқан кешегі әкесі алып берген корпус балаларының формасын киіп, Васил ағайына еріп корпус үйіне келді.

Алдарынан күліп қарсы алған Сергей ағай Шоқанмен анада өзі үйреткен тәртіппен амандасып, жылы туысқандық шыраймен қарсы алды.

Біраз уақытта Сергей Сотников:

— Василий Иванович, сіз енді қайта беріңіз. Қазір балаларды класқа бөледі. Оны өзім басқарысамын. Шоқан Кадет корпусының оқушысы ғой, — деп көтермелеп қойды.

— Иә, онда мен қайттым. Шоқан, үйді өзің табасың ғой. Оқуыңа орналас, — деген өзін айтып Дабашинский қызметіне кетті. Балалар да жинала бастады.

— Ә, Шоқан, аман ба, — деп Григорий Потанин де келді.

Кешегі танысуынан бері үйірленіп алған Шоқан өзінің ауылдағы төл жолдасы келгендей Григориймен үйірлесе түсті. Қазақ тілін жетік білмегенмен, айтқанды түсініп шамалы өйлей білетін Григорий Шоқанға бірден бір табылмас серік болып сезіледі. Өзіндей, өзінен де кіші біраз бала корпус үйінің алдында топтала жиналып біріне бірі тосырқай қарап тұрысты. Анадая шет жақтан басына тақия киген, қамыт аяқтау, секпіл бет бір бала ақырындап Григорий мен Шоқанның қасына келді. Ол біраз қипақтап тұрды да:

— Сіз қырғыз тугіл мә? — деді Шоқанға.

— Жоқ, мен қазақпын, — деген езді Шоқан ажарлана айтты да, — Сен өзің кімсің?

— Мен татар баласымын.

— Атың кім?

— Исім Ғазиз Мұзаппаров. Немене, сен мұнда оқуға келдің бе? — деді Ғазиз.

— Иә, оқуға келдім.

— Мұнда военныйларның балаларын ала ғой. Нишік сен мұнда түшмәксің? — Ғазиздің мына сөзіне Шоқан анықтап жауап айта алған жоқ. Ал, балалар, корпусқа кіріңдер, — деген кезекші искери адамның айтуымен балалар корпус ішіне кірді. Шоқанды Сергей ағай ертіп өзімен бірге оқитын балалар тобына қосты. Балалар қалай топталды, кімнің баласы қай бөлімде оқиды, оны Шоқан ұғынып біле алған жоқ. Тек Ғазиздің «нишік сен мұнда түшмәксің?» деген өзі көңіліне түйткіл болып қала берді. Оқуға топтағанда Григорий өткен жылғы оқыған тәртібімен екінші группа балаларына қосылып кетті. Ғазиз ғана өзімен бірге топталған бірінші группа балаларының ішінде қалды. Орысша бір ауыз өз білмейтін Шоқанға Ғазиз көмектесті. Әжесі Айғанымның бір кісілермен сөйлесіп отырғанда айтқаны бар-ды: «Адам сөйлескенше, жылқы кісінегенше» деген. Алғашқы кездескенде «сен қырғыз түгіл мә?» деген өзінен көңіліне дық алып қалған Шоқан Ғазизді іштей ұнатпаса да, өз тілінде сөйлесіп ұғынысқаннан бастап үйірлене берді.

Григорий тек сабақ әредігіндегі демалыста ғана кездеседі. Бар маңындағы тіл қатысары Ғазиз. Бұл екеуі өздерінің жан-күйлерін айтысып, әңгімелесіп жүретін болды.

Алғашқыда Дабашинскийдің үйіне келіп жүрді де, артынан Шоқанды Сергей ағайы балалардың жатақханасына орналастырды. Енді Шоқанның Ғазизбен төсегі де қатар қойылып, мүлде жақындасып кетті.

Ә, дегенде тілін ұқпай, оқуды жобамен, кейде Ғазиздің, көмегімен байыптап ұғынған Шоқан, жаңа жыл қарсаңында ойын сөздерін, сабақ жайын еркін түсінетін болды. Бұрынғы тіл білмей шеткері тұратын тұйықтық жадырап, өзімен сабағы бір балалармен ойыны үйлесіп еркіндей бастады.

Алғашқыда Шоқанды жексенбі күні Сергей өзі келіп үйіне ертіп кетіп жүрді. Тегіс қазақша білетін Сотниковтың үйі Шоқанға қырдағы ауылындай аса бір жылы болып сезіледі. Әсіресе Сергей ағайдың әзілшіл жайдары мінезі, қазақуар әңгімелері сондай көңілін көтеріп тастайды.

Ғазиз де жексенбі күні өзінің сол қаладағы ағайының үйіне кетеді. Бұл күн корпус балаларының асыға күтер мейрамы болатын.

Жаңа жыл қарсаңындағы демалыста Васил ағай езі келіп, Шоқанды үйіне алып кетті. Сергей Сотников бұл демалыста Дабашинскийдің үйінде болуына қарсы болған жоқ. Оның себебі жаңа жыл қарсаңында Шыңғыс қалаға келіп қайтамын деп хат жазған болатын.

Шыңғыстың анадағы айтуы бойынша тез келмеуінде есебі болды. Қалаға, корпус тұрмысына еті үйренгенше көзіне көрінсем, қайтамын деп

балалық істер. Мектебіне, балаларға да әбден бойы үйренсін деп, әдейі кешігіп келді. Және Дабашинский мен Сотниковке хат жазып, Шоқан жайын үнемі сұрастырып, жатақхана тұрмысына Шоқанның бойы үйренгенін де осы жаңа жыл қарсаңында білді. Бұл келісінде ол қаланы жатырқап тұрған қыр баласын көруге келген жоқ, корпустың оқушысын көруге келді.

Шоқан Дабашинскийдің үйіне келгенде, атекесі Бейсен екеуі алдынан шықты.

Шыңғыстың құштарлана сүйіп, қыса бауырына басқан жылы құшағынан босаған Шоқан тура барып Бейсенді өзі құшақтай алды. Бейсен де Шоқанды көтере құшақтап: «Әжең, апаң, Жақып, Әлібай — бәрі сәлем айтты», — деді.

— Мысық ше? — деді Шоқан жұлып алғандай.

— Мысықты көргенім жоқ, — деп Бейсен жай елеусіз жауап берді. Бейсеннің «Мысықты көргенім жоқ» дегені Шоқанға сондай ауыр тиді. Неге ауыр тиді? Себебі не? Оны Шоқан ажыратып қорытынды ойламады.

Қораның ішінде үш бірдей жарау аттар омыраулары қырауытып, бүгіліп тұр. Күймелеген жеңіл шананың жетегін Бейсен қаңтара көтеріп тастапты. Аанадағы әкесі мен Бейсен кетіп қалған күнгі таңертеңгілік көңілсіздік жаңа ғана орнына келгендей Шоқан тура аттардың қасына барып біраз тұрды. Шеткері тұрған кер аттың жалынан ұстап, омырауынан сипады.

— Малмен үйреніп өскен ауыл баласы, қараңыз, малын сағынып қалған. Біздің үйдің ішімен сәлемдескен де жоқ. Барып атына сәлем берді, — деп Басил ағай анадай жерде тұрып әзілдеді.

— Иә, иә, ол солай, оның ауылдан келгеніне көп болған жоқ қой, сағынады ғой. Ауылда да атты жақсы көретін, — деп Шыңғыс Дабашинскийдің өзін қоштады.

Шоқан бірнеше күндей әкесімен бірге болып, шанамен Ертіс бойына шығып серуен де жасады. Жатақхана, мектеп ішінің өмірі бұйықтырып қалған Шоқан, сонау кең даласына шыққандай еркін жүріп, біраз сейіл құрды.

Қысқы жаңа жыл демалысы аяқталып, Шоқан қайта барып жатақ үйіне орналасты. Шыңғыс та баласын апарып салып қайтып кетті. Шоқанның аз уақытта қала, жатақхана тұрмысына бойы үйреніп, аздап та болса орысша тілге жаттыға бастағаны Шыңғысқа үлкен қуаныш болды.

ДАЛА СҰҢҚАРЫ ҚИЫРҒА ҚАРАЙДЫ

Жазғы салымғы Сібір өлкесінің ұзақ жылмық күндері басталды. Сабак ерте бітеді. Балалар далаға шығып, корпус қасындағы үлкен алаңда доп ұрып ойнайды. Тапқыр, ықшамды Шоқан балалардың ішіндегі ең жатық, шебер ойнайтыны болып алды. Ойын үстіндегі айтыс-тартыс сөздер Шоқанның тілін бұрынғысынан әлдеқайда жаттықтырып, жолдасын да молықтырды. Көп ұзаған жоқ, көктем жылуы басталып, Ертіс үстінен қызыл су жүріп, жаз лебі есті. Неге екені мәлімсіз, Шоқан бұл жексенбіде Сергей ағайдың да, Васил ағайдың да үйіне бармай, Ертіс бойына баруды ойлады.

Өткен күзде ғана Омбыға келіп оқуға түскен кішкене Шоқан, дегенмен қаланың қамау көше, тар үйіне әлі жете үйрене қоймап еді. Оның есіл-дерті кең дала, еркін жүріс, сахара ауасы. Ол көктем басталғалы сабақтан босаған сағатында Ертіс бойына келеді. Алыс қырға көз салып кеп отырады. Бүтін де Шоқан ешбір баламен сөйлеспестен Ертіс бойына жөнелді.

Күн жылыныңқырап, қала жұртшылығы қыс киімінен жеңілдеп өзен бойына шыққан. Кешеден бері Ертіс өзенінің мұзы босап, қызыл су көтеріліп кетті. Ертіс бойындағы қала жұртшылығына жылдың екі мезгілі ерекше қызықты әңгіме болып қалады. Оның бірі осы көктемдегі Ертістің мұзы бұзылып, сең жүрген аласапыран кезі. Екіншісі, күзгі күн суып, Ертістің мұзы қатар кезі. Әсіресе сең жүрген кез, көктем лебімен мұнартақан дала сәулетін көтеріп, аса көңілді болады.

Кеше кешкілікте «ертең сең жүреді» деген елдің лақап сөзін естіген Шоқан түнімен елегізіп аз ұйықтаған.

Шоқанның әрдайым келгенде отыратын бір ғана орны бар. Ол Ертіс қабағының бір биік мұрыншақ жарының үсті. Тағы да сол жеріне келіп отырды. Өзен қабағы қаптаған көп адам. Бәрінің таңданары асау өзеннің бұлқынып, сең дөңгелетіп аспан атқан сағаты. Қыстай бетін басып шегендеген темірдей мұзды быт-шытын шығарып, асау ағын көтеріп, әлдеқайда әкетіп барады.

Уақыты жетіп заман жылуы келгенде, қандай күш болсын, осы өзен мұзындай қопарылады. Ағынға түсіп жылжып жөнеледі.

Күтірлеп сынған қалың мұздар бірін бірі қаға жылжып, бірі шетке қағылып, бірі ағынға түсіп, ойран-топыры шығып жатыр. Шапан жамылып, шәлісін төгілткен татар ханымдары, асыл киініп алқына басқан қала нәндерінің бәйбішелері ішін тартып, таңданып, өзен ғажайыбына үңіледі. Су бұрынғысынан әлдеқайда көтеріліп, жардың ернеуіне шыпылдап келіп, қалаға лап қоярдай лепіріп жатыр.

— Шоқан Уәлиханов, сен мұнда неге томсарып отырсың? — деді корпус дәрігері Василий Матвеевич.

Шоқан қапылыста қасына келіп, шұғылынан сұрақ қойған үлкен кісіден ұяла орнынан тұрып, алдымен әдеппен сәлем берді.

— Кешірім етіңіз, сіздің келгеніңізді байқамай қалдым.

— Оқасы жоқ. Рақмет, қыран балапаны, — деді Кошелевский. — Сен еркін өскен сахара баласысың. Сонау кең далаңды, ауылыңды сағынып отырсың, ә? Түсінемін. Сен мына қалада торға түскен сұңқардың балапаны тәріздісің. Сенің жаның сонау көгерген алыс қырға талпынады. Шіркін, еркіндік қиял қандай әдемі, — деп дәрігер Шоқанның өзіне түсініксіз ой толқынын қозғап жіберді.

— Иә, Василий Матвеевич, дәл айтасыз. Сонау көгеріп мұнартқан далада менің ауылым — елім бар. Қазір біздің ауыл қандай қызықты. Малы төлдеген, өмір думаны сонда ғой. Жаңа сіз сұңқар құсты айттыңыз. Осы көктемде менің әкем қаршыға салады. Ой шіркін, қыран қаршығаның қаз ілгені қандай қызық, — деп Шоқан аса бір өңіне келіп, насаттанып кетті.

— Иә, иә, — деді ойлана дем алып Кошелевский. — Дала баласы, түз қыраны еркіндікті, кең даланы қайда болсын көксемей тұра ма. Ұшқыр қиялды, ер көкірек дала сұңқары, — деді ақырын күбірлеп.

АҢСАҒАН АУЫЛҒА ОРАЛҒАНДА

Оқу аяқталған кезде ауылдан ат алып келген Бейсенді Шоқан Васил ағайдың үйінде жолықтырды. Қыстай қала ішінде іші пысып ерігіп қалған бала, далаға қарай қанат сермеген тұз құсындай ынтықты. Корпус оқуына қыс ортасына дейін жаттыға алмай келген Шоқан оқу жылының аяғындағы сынауда алдыңғы балалар қатарында болды. Алыстағы қыр қазағы ауылдан келіп, алдыңғы қатарға талпынған сергек Шоқанның ерекше алғырлығы оқытушыларын аса разыландырып еді. Ауылға қайтарында рұқсат ала барған Шоқанға мектеп директоры:

— Қымбатты Уәлиханов, ауылыңды қымай оқудан қалып қойма! — деді.

— Келуіме, кешікпеуіме сеніңіз, — деді Шоқан ширақ жауап қататын әдетімен.

Шоқан ауылға келгенде, жайлауға көтерілер өлке бойына көшіп қонған ел басын қоса, жаз қызығына кірісе бастаған еді. Алдынан жүгіріп шыққан тентек Жақып, Әлібай, тағы бірнеше балаларға Шоқан арбадан түсіп құшақтасып амандасты. Алдынан құшақ жая күткен апасы:

— Келші, Шоқаным, келші, құлыным, — деген сөзді даусы дірілдеп, көзіне жас алып айтты. Апасының көз жасын көрген Шоқан өзі де анасының құшағына кіре қатты құшақтады. Үйге кіріп аз дем алғаннан кейін:

— Әжеңе бар, сәлем бер. Атекең де ертеңдер келіп қалар, ел арасындағы бір жұмысқа шақырып кеткен, — деп апасы Шоқанды әжесіне жұмсады. Өзі де әжесіне баруға құмар бала, ерттеп қойған былтырғы нағашы аулынан келген боз жорғаға мінді. Жақып, Әлібай бірге жүрді. Ауыл аралары мал жайымен біраз алшақтай қонған еді. Екі орта белес-белес жазық болатын. Ауылдан шыға бере-ақ Жақып:

— Ал кеттік, Шоқан, — деп жарап алған ұшқыр қарагер құнанмен жүгірте жөнеле беріп, Шоқанның боз жорғасын сауырынан қамшымен сипай соғып өтті. Семізден жаңа ұсталып мінілген боз жорға қамшы тиісімен Шоқанды ала жөнелді. Әлібай да құла төбел құнанымен бұлардан қалмай тұра шапты. Жақыпты желіктіріп ым қағып жіберген Жәпекбай өзі де қиқуды салып бірге жүгіртіп келеді. Ә, дегенде құйындай ұшып жөнелген Жақыптың қарагер құнаны бір белестен асып, келесі қайқаңға көтерілгенде тырбақтап жайыла берді. Алғашқыда тығыла тұтқырлау жүгірген боз жорға тоқтығынан көп шаппай, өзінің жатық жорғасымен сыдыртты. Алға шыққан бетінде басқа-көзге төпелей құнанын барлықтырып алған Жақып Әлібайдың құла төбел құнанынан да қалып, тепкілеп келді. Астындағы жарау жирен биенің басын тартып Жәпекбай Жақыптың құнанын тақымға салып тартып, ұрандап даланы басына көтерді. Жәпекбай мен Жақыптың даңғойлығына Шоқан қарық болып:

— Е, екі даңғой, біріңді бірің сүйреп жығылғанша мүдірмендер, — деп боз жорғасымен сыдыртып жүре берді. Алдыңғы қабақтың астында отырған ханым аулының қарасы көріне бастағанда аттарының басын іркіп, балалар жай жүріске салды.

— Мен сені үйдегі балалардың үлкені болып есейген екен десем, есерлігің елегізе түскен екен, — деп Шоқан әлгінде ғана сағынып көрген інісіне, байсалды, мектеп көрген баланың сөзін айтты. Жақып Шоқанға сөз қайырған жоқ. Шоқанның корпус формасын кигенін алғаш көрген Жәпекбай көз алмай біресе фуражкесіне, біресе кемзал-шалбарына қарап әуестеніп келеді.

— Мен сенімен оқуға барам, маған да мынадай киім бере ме? — деді Жақып атының басын жайлана тартып, ақырын жорғалатқан Шоқанға жете беріп.

— Жынданбай дұрыстап оқысаң, саған да береді. Жақып «жынданбай дұрыстап оқысаң» деген Шоқан өзіне жасаңсып, көзін жыпылықтатып тоқталып қалды. Бағанадан үндемей келе жатқан Әлібай:

— Шоқан, онда қазақ балалары бар ма? — деді.

— Қазақ балалары жоқ. Ноғай баласы бар.

— Ана молдекеннің туысқандары ма? — деп Әлібай өзі білетін ноғай молданы айтты. Шоқан күліп:

— Саған ноғай болсақ-ақ біздің молданың туысы болады ғой дейсің бе? Ноғай көп қой.

— Ноғайлар көп бола ма? Мына біздің молдекең жалғыз ғой, — деп Әлібай әлі де дүниетануға шорқақтығын көрсетті. Бұл кезде балалар әже аулына да келіп жеткен еді. Ханым үйіне таяна бергенде алдынан шыққан Қанғожа ағасы:

— Шоқанжан, келіп қалдың ба? Аман-саумысың, — деп Шоқанның сәлемін алып, ханым үйіне ертіп кірді.

— Құлыным, Шоқаным, қызығым, — деген Айғаным өзі елжіреген бір үлкен үнмен айтылды. Әжесінің бауырына кіре Шоқан да мауқын баса біраз отырып қалды. Тентек Жақып та келіп әжесіне сәлемдесіп, маңдайынан иіскетті. Үйіне түсе салып сәлем беруге шауып келген Шоқанға Айғаным аналық үлкен ықыласын айтып, аса разы болды.

— Аға, қыстай сіздің қобызыңыздың үнін сағындым, — доп Шоқан Қанғожа ағасына күй тартқызып, кешке тұрым ауылдарына қайтты. Қанғожа өзі де ағасының аулына келді. Шоқанның тұңғыш қала қыстап оқудан оралған күні аса бір қызықты болды. Ауылды сағынған, ауыл ойынын сағынған Шоқан таң атқанша ұйықтамай Әлібай, Жақып, Мұқандармен ойын салды. «Ақсүйек», «Қара бие», «Тоқтышақ» ойындарының бәрін де ойнады.

Ат қызығы, ауыл қызығының бірінен біріне алданып Шоқан қаладан әдейі ала келген добын да кітап жәшігінің ішінен біразға дейін алмай ұмытып кетті. Атекесі келгеннен і ейін аға сұлтан ауылы келген-кеткен

кісімен абыр-сабыры көбейіп, ойынға да орын болмай қалды. Шоқан бір әредікте Мысықты есіне түсіріп, Бейсеннен:

— Бейсен аға, Мысықтың үйі қайда? — деп сұрады.

Мысықтың үйінің қайда екенін кім білсін. Есітпеп пе едің, оның шешесі өлген, әкесі мен екеуі ауылдарына көшіп кетіп қалған, — деді.

— Олардың ауылдары атамдармен бірге емес пе?

— Жоқ, ол атаңдарға қарашы, малшы, күзетші болып отырған ғой, — деп Бейсен жай үйреншікті елеусіз етіп айта салды. «Қарашы, күзетші, малшы» деген сөздер жайына Шоқан ойлана қарап, әкесінің ауылында мал бағып, бие сауып, жылқы бағып, үй жұмысын істеп жүрген толып жатқан адамдарды көз алдына келтірді. Олар жалаң аяқ жар кешіп жұмыс істейді. Әуе айналып жерге түсетін ыстықта ана Жұлдызбай ерні тобарсып қой бағады. Майбас бие сауады. Сол қымыздан өз бетімен бір аяқ құйып ішпейді. Ана Жайлыбек, Жазықбайлар жазы, қысы жылқы бағады. Бірақ малға да ие емес, бастарына да еркі жоқ. Ол неге олай?..

Былтыр күзде қалаға жүрерде Шоқан Мысықпен қоштасқанда, жыламсыраған Мысықтың ойлы аяныш ұшқынын көрсетіп тұрған жанарын бүгін көз алдына келтірді.

Шоқанның ауыл балаларына қаладан ала келген бір жаңалығы резеңке допты ұрып ойнау болды. Алдымен ол басқаларға қаладан көрген тәртібімен допты ойнауды үйретті. Әсіресе оларға қиын тигені таяқпен ұрған допты қағып алу және қашқан баланы доппен кездеп қалу қиын болды. Біраздан кейін бәрі де жаттығып, допты маңайласа қағып алады. Бірақ ұзаққа барған жоқ, жалғыз резеңке доп Мұқанның шоқпарбас таяқпен қатты ұрғанынан жарылып, ойынға жарамай қалды.

Шоқан бұл жазда ара-тұра болмаса әкесінің қасына көп ілескен жоқ. Оның бір себебі әкесі осы жазда үйде отырмады. Ел арасында дау-шар және қалаға да шақырылып ылғи түзде болды. Шоқанға бұл жазда кездескен бір көңілсіз жай, Шеген аулының жылқышыларының егіншілерге істеген өрескел бір үстемдігі болды.

Ауыл жайлаудан қайта көшіп күзекке бет алды. Жайлаудан алыстай қонып, мал өрісінің жайымен қоныс іргесін кең сала отырған төре ауылдары Соналы өзенінің бойына қанаттаса қонды. Бұл өлкенің иесі кім екенін, оған жайлаудан қайтқан елдің неге жабыла қонып жеп кететінін Шоқан бұрын ойлап көрмеген.

Соналы өлкесі онша кең де көлемді сала емес, жері адырлау қалың бұйраттың ортасынан агатын шағын өзен-сымақ. Осы өзенге сағалай салынған анда-санда жалғыз-жарым қора көрінді. Шыңғыс аулының жылқысымен қанаттаса Шеген аулының жылқысы да осы өлкеге қаптай құлады. Қалың жылқылардың алдынан шығып, айқай салып, екі атты кісі

қырға қарай жылқыны қуа бастады. Мұны көрген жылқышылар да айқайлап тұра шапты. Шоқан да солармен ілесе жүгіріп келеді. Жылқышылар келе:

— Неге қайырасың жылқының бетін?! — деп ақырды.

— Неге қайырмаймын, шабындығымды жапырып, аз ғана егінімізді таптап, бұл қай қорлықтарың, — деп аласа бойлы, орта жастағы адам өршелене айқайлады. Жазықбай жылқышы:

— Көзіңді ашып қара, кімнің малының алдынан шығып тұрғаныңды білемісің. Хан қосына қай сорың түртіп қолыңды көтертті. Өшір үніңді. Тоқтат ана жыңды ініңді. Жоны қышымаса, қысқартсын, — деп зілденді.

— Хан қосы болса, қарашысын қанға бояп өрістей ме? Құдайдың жері жетпегендей біздің жан сақтап отырған жаялықтай шабынды, уысты құлақ егінімізді таптай ма! — деп даусы бәсеңдеп жалынышты сөйлегендей болды. Сонша болмады, Шеген жылқысының қалың тобын дүркірете, өзен бойынан үркіте айдаған жер қорушыға екі жылқышы жабылып айқай-шу шықты. Мына жер қорушы да айқай сала солай қарай шапты. Жазықбай да, басқа жылқышылар да, Шоқан да солай шауып келеді. Бұлар келгенде жер қорушы жігіттің басынан қан ағып, үстіндегі көйлегі өрім-өрім болып аттан түсіп отыр екен. Өлгіндегі сақалды кісі:

— Уа, төре ауылының ұрда жық малшылары, шалғынымды жапырып, егінімді таптап, қорлағаныңмен қоймай, өзімізді қанға боядыңдар ма? Сеңдерге де тыйым айтар ұлық бар шығар. Кісі өлімі керек болмаса, мына малдарыңды өзен бойынан шығарыңдар. Қазір біреуіңнің қаныңды ішем, не өз қанымды төгем, — деп Шегеннің жылқышыларына тұра ұмтылып еді, олар тайсалмай:

— Мына төбеттің де жоны қышыған екен, — деп қамшы сілтей бергенде, Шоқан ілгері ұмтылып:

— Тоқтаңдар, не деген сотқарлық, адамшылық емес қой, — деп ара түсті. Шоқанның даусын естіген жер қорушы:

Шырағым, төре бала, әкеңе арыз айтқанда куә бол. Мына қодар құлдардың бізге істейтіні осы, әттең, аға сұлтанның өзі таяуда емес, — деп Шоқан өзін арқаланып, жылқыны өлкеден айдай бастады. Шоқанның жаңағы өзі жылқышылардың бәріне де тыйым салғандай болды. Олар о жарланған өктемдігін қойып, жылқыны өзен шалғынынан қабаққа серпіп, қонатын жерге беттетті. Таяқ жеп, қанға қанға боялған жігіт атына мініп, өлбірейіп өзен бойына тартты. Мынау қандай өктемдік дегендей Шоқан жалтаңдай, әлгі жігітті аяп қарай берді.

Өлкені қабақтай ел жайланып қонғаннан кейін кешке жақын Шыңғыс бір жақтан аулына келді. Кешкі салқынмен ойынға шыққан Шоқан, тобылғыдан садақ иіп алып торғай атып жүрген Жақып пен Мұқанға жолықты. Ол кезде Әлібай Мұқан мен Жақыптың қолындағысын көре салып, таяудағы сайдан тобылғы жұлып алып келе жатыр еді.

— Мына тобылғыдан істеген садақ арқар атуға да жарайды, — деп Жақыптарға балғындау тобылғыны көрсетті.

Сол тобылғыны Шоқан қолына алып көріп тұрғанда, Жақып жүгіріп келіп алып кеп қашты. Әлібай қуайын деп еді, Мұқан оны ұстай алды.

— Әй, жынды, тоқта! — деп айқайлады Шоқан. Жақып оған бөгелместен тура үйге қарай жөнелді. Шоқан үнсіз тұрып қалды. Оның інісіне ыза болып қалғанын байқаған Әлібай:

— Мына тобылғым одан да мықты, — деп тағы бір балғын тобылғыны қолына алды. Қолындағысын тартып алады, қарсылық етер қайрат жоқ. Бағанағы көргені әлі ойында сақталып қалған Шоқан, балалардың қасынан бөлініп ауылға келді. Әлгінде өзін еркелетіп, қасына отырғызып мейірбандық еткен әкесінің қасына қайта келіп, қабағы түсіңкі бір оймен:

— Атеке, — деді.

— Ә-ә, Шоқанжан, — деп Шыңғыс баласына бұрылды.

— Бүтін бар ғой, біз жылқы айдап келе жатқанда, атам ауылының жылқышылары бір жер қорушыны жаман сабады, басын қанатты, — деді.

— Ол кім, кім? — деп Шыңғыс дыбырлаңқырап Шоқаннан талдап сұрай бастап еді, ол:

— Атеке, Жазықбай ағадан сұраңыз, айтады, — деді. Шыңғыс шақыртып алып, Жазықбайдан бәрін ұғынды, Бейсенге:

— Сен барып ана егін иесін ертіп кел. Және бір жігіт жіберіп, Шегеннің жылқышыларын осында шақырт. Біздің абыройымызға ит қосатын осылар. Ана нашарлардың шаруасын бүлдірген ғой, — деп бұйырды.

Аға сұлтан айтты, бөгет бар ма. Біразда жері иесі екі кедей, шеткі бір қарашы үйге түсіп, орда үйіне көздерін тігіп отырды. Шегеннің жылқышылары шақыра барған жігіт көп кешігіп оралды. Жылқышыларын аулына қалдырып, Шегеннің өзі келді. Шегенге Шыңғыс түрегеліп сәлем беріп, құрмет көрсетті. Шоқан да әкесінің қасында бірге болып, әдеттегі сәлемін беріп, ата қолын алды.

— Аға сұлтан шақыртты деген соң келдік. Сен алдымен әкімшілігіңді бізден бастайын дедің бе? — деген өзін Шеген ентіге, долдана өйледі.

— Шеке аға, ашуыңызды басыңыз, мен сізді шақыртқаным жоқ еді, ана содырлы жылқышыңды шақыртып едім. Сіздің жылықыны бақтым деп олар қағусыз қан төге бере ме, — деп Шыңғыс та ағасының алдын орай, адамын кінәлай сөйледі.

— Кімнің қанын төгіпті. Немене, менің жылқым жердің үстімен жүрмей, ұшып өтпек пе қонатын жерге. Қырық күн шілдеде жер қорып желігіп жүрген иттердің өзімен мені жазаламақсың ба? Менің жылқышымды жазғырғаның, мені жазғырғаның емес пе... — деп Шеген әлгіден гөрі де көтеріле салмақ сала сөйледі.

— Біз тентекті тыямыз, патша әмірін орындаймыз дейміз. Сіздер тентекке қорғаныш болып, ара түсіп ағалық сатасыздар. Жарайды, қойдық,

— деп Шыңғыс ағасының өңіне екпелі пішінмен қарады.

— Шақыртқаның осы болса, мен кеттім, — деп Шеген ызғарлана үйден шыға жөнелді.

— Кісі өз қолын өзі кесе алмайды екен. Жаңағы кісіге не айтармыз. Әлгі егіншілер қайда, шақыр, — деп Бейсенге Шыңғыс бұйрық етті.

— Ол кісілер ана қойшының үйінде отыр, қазір шақырайын, — деп Бейсен лып етіп барып екі егіншіні ертіп келді. «Алдияр аға, сұлтандап» қорғана басып әрең кірген екі мүсәпір босаға жаққа отыра кетті.

— Сіздер именбеңіздер, мына Шоқанжан сіздерге жаны ашып, Шекең жылқышыларының тентектігін айтқан соң шақыртып едім. Шекең өзі келіп, сіздер түтілі бізге ағалығын істеп кетті. Қазақта бір қағида бар ғой, аға алдынан шықпайтын. Ол кісінің арыны тоқтағанша, айыбын біз тартамыз. Артынан сабасына түседі ғой, бірақ сендер күйзелмей аттаныңдар. Егіндеріңіз көп бүлінді ме? — деп Шыңғыс жылы да жұмсақ сөйледі.

— Егін бүлінді, бар күн көреміз деп отырған уысты құлақ еді. Өзі де осындай бір апатқа бола өссе керек, аса бітік шығып, қуанып жүр едік. Ең аз болғанда бір қырық-елу пұт астық алармыз деп ойлаушы едік, алдияр, — деп сақалды кісі көзінің жасын қолымен сүрткендей болды.

— Сіз жасымаңыз, егініңіздің шығынын мен өзім берейін. Шоқанжанның мейірімінен садаға кетсін. Бейсен, мына кісілерге сауыншыға айтып бір бұзаулы сиыр бергіз. Ана жігітке бір тай беріндер, ат қылып мінсін. Сонда Шеген жылқышыларымен не айтар екен, — деп Шыңғыс долдана тоқтады.

— Алдияр тақсыр, мәртебеңіз өсе берсін. Төре балаңыздың әмісе жолы болсын, тәңірісі пана болсын, — деп үлкен жер қорушы қолын жайып, батасын берді.

— Мен аты-жөніңді де сұрамаппын, өзің мына Уақсың ғой, — деді Шыңғыс.

— Иә, алдияр, дәл тауып отырсыз, осы жердегі аз ғана Уақ боламыз. Атым — Мүсәпір, інімнің аты — Мұсағұл, — деп жөнін айтты.

— Ал енді, Бейсенмен барып айтқан малды алыңыз, — деген Шыңғыс бұйрығын алып, Мүсәпір алғысын айта ордадан шықты.

КӨҢІЛСІЗ КӨРІНІСТЕН КЕЙІН

Осы бір күні керген барлық жайды Шоқан өзінің күнделік дәптеріне жазып, «Мүсәпір мен Мұсағұлдың бір күні» деп қойды. Шеген атасының зорлығы, оның өзі түгіл жылқышыларының маңайдағы кедей көпшілікке істейтін өктемдігі, Шоқан ойынан ұмытылмайтын орын алды.

Ауыл күзекке қонысымен Шоқан қалаға оқуға жүруге әзірленді. Ол күзекке қонған күні былтырғы Мысық үйі отырған қорық ішіне барып қайтты. Бейсеннің айтқаны рас. Мысық көшіп кетіпті. «Шеше өлген, әке жалшы, қандай күйде екен» деген ой Шоқанның көкірегінде біраз уайымдай болып сезілді. Бірақ Мысықты іздеп табуды ойлана қойған жоқ. Ол ауылға келісімен Әлібайға, Мұқанға, тағы бірнеше ойыны бірге балаларға:

— Бүгін кешке алтыбақан, әткеншек теуіп ойнаймыз, соны құратын аспапты — бақан, арқандарды әзірлеңдер, — деп тапсырды. Өзі Қанипаға айтып Әлібайдың қолына екі мықты арқан және екі бақан алып берді. Ел орынға отыра екі ауылдың аралығынан алтыбақан әткеншек құрған балалар шуылы күзек даласының кең алқабына жаңғырыға сыңғырлап кетіп жатты. Іңірде туған ай сәулесі де жер бетіне көгілдір аспаннан жарығын мол жайып, аса көңілдендіріп жіберді. Тек балалар ғана емес, әткеншек басына қыз, келіншектер де, жас өспірім бозбалалар да жиналды.

Ауыл арасындағы шілдехана, қынаменде қызықтарында әйел жағынан ойын бастап өлең айтатын Бәтіш бүгін алтыбақан басына бірнеше жас қыздарды ертіп келді. Келе әндетіп:

«Әттең, айдың жарығы күндізгідей,

Ер жігіттің қадірін қыз білгендей,

Қыз байғұстың еркіне қоя берсе,

Есік ашып үйіне кіргізгендей», —

деп мөлдіреген ай сәулесі шаттана өзінің сергек сауықшыл мінезін істеп әндете келді. Жігіттер де бірін бірі түртіп: «Ана Бәтішке жауап айталық, ол тағы басымыздан асыра шырқап кетеді», — десіп жатты.

— Ал әткеншек дайын болды. Кәні, кім отырады? — деп алтыбақанды құрған ересек жігіттер айқай салды.

— Алдымен Шоқанжан отырсын, бүгін әдейі ойнаймын деп құрғызған сол, — деді Жәпекбай. — Кәні, отыр мына жағына, — деп, ол бір басына Шоқанды отырғызып, екінші жағына Бәтішті отырғызды.

Ән шырқасам шырқаймын әнім аз ба,

Айтылмаған қандай ән мынау жазда.

Кел шырқалық, жігіттер, неге тұрсың,

Желікпей ме көңілің айтқан назға.

деп келіп:

Алтыбақан әткеншек,

Әндетіп жібер тұрма тек.

Әткеншекте ән салмасаң,

Сүмірейіп тұрсың неге кеп,

деп Бәтіш әткеншек арқанын сермеп тұрған бір жігітке қолын сермей сөз тастады. Сонан жігіттер өлең бастады. Ауылдың қара өлең мен қайым айтысы біразға созылды. Шоқан біраздан кейін алты бақаннан түсіп, басқа жастар отырды.

— Өркенің өскір, Шоқанжан-ай, көптен бері үлкендерден бата алмай жүрген ойынымызды бастап бердің-ау, — деп Бәтіш барынша ашық көңілді мінезімен сауықты ажарлай түсті. Шоқан аса бір ықыласпен қызықтап, таң ата келіп төсегіне жатты.

Ертеңіне Шоқан әжесіне барып қош айтысты.

Шоқанжаным, жолың болсын. Кеше осында ауыл адамдары айтып келді, ана тентек атаңның шығынын әкеңе төлетіп Уақтың бір нашарларына болысыпсың. Оның жарайды. Шеген ит көзіме көрінбей отыр, жазасын тарттырармын. Оның қазан бұзар қылығы өзге түгіл саған да ерсі болды-ау,- деп Айғаным аз ойланып отырып, — әрқашан әділдік жағында болғайсың, — деді. Шоқан үнсіз тыңдап, әже ықыласына бас иді.

Келер күні Шоқанды қалаға жүргізді. Бұл жолы Тақырбас Атығайұлы алып жүрді. Бейсеннен жасы көп кіші, өте бір сергек, әңгімешіл жігіт еді. Бейсенді Шыңғыс бір жүріске дайындалып қасына ертетін болғандықтан Шоқанға Тақырбасты өзі қосты. Тақырбаспен бұрын сырлас болмаған Шоқан алғашқы күні біраз жай тілдесіп отырды. Бейсенге үйір болып қалғандықтан ба, Тақырбасқа аса ашыла қоймады.

Ауылдан шыққан күні Тақырбас аттарды аса қыстамай, жайырақ жүріп суытты. Ертеңіне қонған ауылдан шығып жолға түсе бере, ортадағы ақ кекіл қарагерге делбе қағып, оң жақтағы қарынсау, қырсау қарагерді камшымен қабырғадан шықпытып жіберіп:

— Уақтың май құйрық старшыны құсап қыртыңдамай желсеңші, — деді. Тақырбастың мына сөзін естігенде Шоқан жымыяп:

— Тақа, сіз әлгі бір аласа бойлы, қалың қара сақалды, семіз кісіні айтасыз ба ? — деді.

Иә, мына қырсау қарагер тап сол сияқты, ылғи постромкені іркіп, аяғын баспайды.

— Шоқан дәл оқу басталғанша, Васил ағайдың үйінде болды. Тақырбас қаладан керек-жарағын алып тапсырылған жұмыстарын орындап, қайтып кетті.

ЕКІНШІ ҚЫСТА

Көп ұзаған жоқ корпус балалары жатақ үйлеріне орналасып оқу басталды. Шоқан корпус тәртібіне түсінген, оқу жайына да жаттыққан бала қатарында, класс ішінде көзге көріне бастады.

Әрбір класта бір бала староста болып белгіленіп, балалардың бостандық алуын, мезгілімен қайтып сабағын әзірлеуіне жауаптылықты істейді. Шоқандардың класына Леонид деген бала староста болып белгіленген. Леонид бойшаң, сөлекеттеу, сабақта топастау болатын. Оның үстіне өзі мейлінше дүниеқор еді. Үйі қалада болмағандықтан, ол демалыс күні көп ешқайда шыға қоймайтын, сондықтан да старосталыққа ұсынылған еді. Леонид қалаға баратын балаларға алым салатын болды. Үйіне босап барған бала, корпусқа келерде Леонидқа кәмпит әкеп береді. Егер кәмпитсіз келсе, келер демалыста сылтау тауып жібермей қояды. Сондықтан Леонидке балалардың жалыныштылығы үдеп, ол кейбір демалыста бір сауыт кәмпит жинап алатын болды. Леонид ол кәмпитті демалыс арасындағы күндерде балалардың өздеріне дәптерге, қарындашқа, қаламсапқа сатып, сәудегерлік істей бастады. Қаламынан айрылған, қарындаштан айрылған балалар сабақтарын жазар құралы болмай, сабақтан ақсайтын болды. Осының салдарынан класс ішіндегі Гена, Сережа дейтін екі кішірек бала мүлде сабақтарын нашарлатып алды.

Леонидтің осы сияқты мінезін әшкерелеп Шоқан:

— Лена Протоков, жәшігінде кәмпит көп, дүниеқор, ши мойын, — деп мазақтады. Бұл балалар арасына жайылып кетті. Протоков Шоқанмен төбелеспек болып еді, бірақ басқалар ара түсіп, оны шетқақпай қылды. Класс жетекшісі тексеріп, Протоковтың қобдиынан бірнеше баланың қарындаш, қаламы табылып, ол масқара болды. Мұнан кейін Протоковты старосталықтан түсіріп, Шоқан белгіленді. Протоков жыл аяғы болмай-ақ оқудан шығып кетті.

Шоқан старосталыққа белгіленгеннен кейін біраз уақыт өткенде бір күні рота балаларының біреуі Шоқандардың класындағы бір баланы ұрып кетіпті. Ол жылап класс старостасы Шоқанға келді. Рота балаларының үстемдігін көтермейтін Шоқан сол кезде келе қалған, жатақ үйдің тәртібін қарап жүретін офицерге айтты. Офицер Шоқанның өзіне зекіп, «офицерлердің балалары тәртіпті, сендер өздерің тәртіпсізсіңдер», — деп таяқ жеген баланың өзін жазалап, түскі тамаққа жібермей қойды.

Шынында да, Шоқандардың класында тентектік, андай-мұндай тәртіпсіздік бар болатын. Бірақ мына баланың бұл жолғы көрген зорлығы рота балаларының үстемдік етуінен болған еді. Соған ыза болған Шоқан: «Мына жирен қоразға арыз айтқаннан да, артына топырақ шашу керек еді», — деген. Шоқанның мына сөзін естіген балалар ду күліп, «тамаша теңеу,

өзі бір шіп-шикіл сары екен» десіп мәз болды. Кейде бірін-бірі «жирен қораз құсап қоқайма» деп ажуалайтын.

Бір күні сабақтан қайтып тамақтарын ішіп, жатақ үйде балалар шуласып отырғанда, сырттан атой болды. Мұндай атой тәртіпкер офицер келе жатқанда болатын. Шоқандардың бөлмесіндегі балалар жым-жырт бола қалды.

Сонша болмады кезекші тәртіпкер жирен офицер бөлмеге кіріп келді. Аңадағы серіктерін орынсыз жазалағаннан бері өшігіп қалған балалар біріне бірі ым қағып, офицердің көзін тасалай беріп қораз болып қоқырайып, сыр бермей тынышталған болды. Балалар монтиып өз бөлмелерінде тәп-тәртіпті бола қалысты. Офицер кейбір ұқыпсыз балалардың төсек орнын көріп, жөндеңдер дегеннен басқа өрескел мін таппай шығып кетті. Офицердің артынан Анатолий деген тентек бала ере барып, есікті жауып, бер жағынан жұдырықпен періп-періп жіберді. Ол жүгіріп келіп орнына отыра бергенде, есік ашылып, офицер үйге қайта кіріп:

— Менің артымнан есікті ұрған кім? — деп тепсінді.

— Жоқ, тақсыр, біз көргеніміз жоқ. Ондай дыбыс естімедік.

Офицер қанша ызбарланғанымен балалар қайысып қорықпады. Ешкім мойнына алмады. Офицер ызаланып корпустың бастығы Ждан-Пушкинге келіп, рапорт жазып, Шоқандардың класын жазалауды, тәртіпке шақыруды етінді. Келесі күні Ждан-Пушкин өзі келіп, балаларды тексеріп, кластың бастаушысы Шоқаннан қысып сұрады. Шоқан да басқа балалар да айтпады. Содан Шоқандардың класы қыс ортасына дейін жексенбіде бірде- бір бала үйіне босамады, үлкен қысымға ұшырады.

Алғашқы Ждан-Пушкин келіп тексергенде Шоқан:

— Тентектікті кім істесе сол айтуы керек. Мен өзім көргенім жоқ, — деп қайыспаған. Басқа балалар да Шоқанның осы сөзін айтып сыр бермеген. Ал Анатолийдің тентектікке қолы барғанымен, істегенін мойнына алуға батылы бармады. Балалар бірнеше жексембіде үйлеріне бара алмай зарығып кейбір балалар «айтамыз» дегенде:

— Батылы барса, өзі айтып, жолдастарын жазадан құтқарсын. Егер оған батылы бармаса, біз ондай қорқаққа куә болмаймыз, — деп Шоқан балаларға айтқызбады. Сонан қыс ортасы ауған кезде Ждан-Пушкин балалардан қажығандық таба алмады. Ақыры жазалау бұйрығын өзгертіп, Шоқандардың класы ел қатарлы демалыс алды. Бірақ Анатолийға балалардың арасында «қорқақ» деген ат тағылды. Балалар оны Анатолий деген атымен атамай «қорқақ» деп шақыратын болды. Ол осы атқа намыстанып, келер жылы оқуға келмей қойды.

АҒА ДОСТАР АРАСЫНДА

Қыс ортасынан былай Шоқан орыс тіліндегі әдебиет кітаптарын құныға оқитын болып алды. Бірақ, ондай кітаптар Шоқан қолына көп түсе бермейді. Әсіресе корпус кітапханасында әдебиет кітаптары жоқтың қасы. Ал аздаған кітаптар рота балаларының қолынан босамайды. Кітапханада корпус балаларына көбірек ұсынылатын кітаптар патша генералдарының өмірінен жазылған шығармалар болатын. Ондай кітаптар Шоқан, Григорий сияқты ой-шаң балаларды қызықтырмайды. Шоқанның, Григорийдің қызығып оқыған кітаптары Палластың және Рычковтың жаһангез өмірлерінен жазылған күнделіктері болды. Оның өзін де кезек күтіп әрең дегенде қолдарына түсірді. Осы кітаптардың әсерінен болар, Шоқан мен Григорий екеуі Азияны аралап, жер сырын ел жайын білгілері келеді.

Екеуі қиялдап көп әңгімелеседі.

Шоқан мен Григорийдің ізденгіш ойшыл мінездері өздерінің класстарындағы көп балаларға әсерін тигізіп, кітап оқу, ілім іздену балалар арасына жақсы өрістеді. Соның арқасында Шоқан бастаған кластың балалары озық, тәртіпті класқа, үлгілі оқушылар атына ие бола берді.

Шоқанның суретшіл талабы сурет сабағының оқытушысы Померанцев деген жас офицерге қатты ұнайды. Ол Шоқанды ерекше сүйіп, қызыға үйретеді. Әдебиет сабағын жүргізетін оқытушы Гонсевский де Шоқанның алғыр, дүние тануға, әдебиет тануға сезімділігін ерекше ұнатып, үлкен ілтипат етеді.

Сергей ағайының үйіне демалысқа бір келгенде Шоқан өзіне сурет сабағын беретін Померанцевқа кездесті. Сергей Сотников Шоқанды Померанцевқа айрықша таныстырып, оның суретшілік өнерін өз етті. Сонан Сергей бір әредікте қазақ елінің таланты жайынан сөз қозғап кетті.

— Мен қазақ елінің ауыз әдебиеті жайынан Костылецкийден естігенім бар. Бұл халық сондай қиялы қанатты халық көрінеді ғой, — деді Померанцев.

— Мен сізге бір кішкене қазақ баласының өнерін көрсетейін, — деп Сергей Померанцевқа Шоқаннан алған Мысықтың балшықтан жасаған түйесінің мүсінін көрсетті.

— Мынаны жасаған қай жастағы адам? — деген Померанцевтің сұрағына:

— Ол кішкене бала. Өзі бір кедей жалшының баласы екен, — деп Сотников Мысық жайындағы естігенін айтып берді.

— Мына баланы, шіркін, ана интернатқа әкеліп берер ме еді. Мынау мүсінші болатын бала ғой, — деген сөз Померанцевтің аузынан шыққанда, Шоқан:

— Ол қандай интернат? — деп мұғалімінен әдеппен сұрады.

— Ол қазыналық мектеп, онда өз бетімен оқуға қаржысы жоқ

кедейлердің балалары оқиды. Барлық өнерге үйретеді. Бір жағынан жұмыс істейді, бір жағынан оқу оқиды, қандай өнерге білімі бар, соны үйренеді, — деп Померанцев толық түсінік айтты.

— Ол мектепке Мысықты ала ма? — деп сұрады Шоқан тағы да мұғалімінен.

— Оған Шыңғыс Уәлиханович сияқты беделді адам ұсынса алады. Ал жай балаларды ала бермейді.

— Сіз ол мектептің бастығын білесіз бе? — деген Шоқан сұрағына, Померанцевтан бұрын Сергей:

— Сол мектепте де бұл кісі сабақ береді, — деді.

— Онда мен жазда елге барғанда Мысықты алып келем, оны сол мектепке сіз алғызасыз ба? — деп Шоқан аса қуана да, асыға да тілек айтты.

— Егер Шыңғыс Уәлиханович қатынас жазып өтінсе, алдыруға болады, — деді Померанцев алдыңғы өзін қайталап, Шоқан қуанып кетті.

Шоқанның бұл қыстағы бір ренжіген жайы Сергей ағайдың Омбы қаласынан еріксіз түрде жер ауып кеткені болды. Оның не себепті жер ауғанын Шоқан талдап білген жоқ-ты. Жалғыз-ақ Сергей ағай көптен көрінбей жүріп бір демалыс күні корпус үйіне келіп, Шоқанды сұрап алып үйіне апарған. Сол күні Сергей ағайдың үйінде Померанцев та болды. Сергей Сотников Померанцевқа Шоқанды айрықша тапсырып:

— Мен бұл қаладан кететін болдым. Мына Шоқанды үйіңе апарып, демалыстарда бойын сергіт, жақсы кітаптар тауып бер. Қалғанын өздерің ұғыныса жатарсыңдар, — деген.

Сергей ағайдың осы өзі Померанцев пен Шоқан арасына достық ілгегін қадағандай болды. Содан былай Померанцев Шоқанды демалыстарда үйіне алып барады. Шоқаннан ауыл жайларын сұрап, сурет салу жайынан ұғыныстар беретін болды. Әсіресе, өзінің үйіндегі көрнекті суретшілердің шығармаларын көрсетіп, көптеген түсініктер айтып отырды.

Бір күні Померанцев Сергей Сотников туралы сөз қозғап, одан хат алғанын айтты. «Ол мұндағы жолдастарын қатты өгейсиді. Саған сәлем айтыпты. Сергейдің өзі де тентек қой. Ол өшіккен, жек көрген адамына тура мылтық атып, қол жұмсайды. Мынау уақыт оны көтере ме», — деді. Сотниковтың қандай қылмыспен Омбыдан айдалғанын білмейтін Шоқан Померанцевтан Сергей ағайының не себепті жер ауғанын сұрады.

— Сен оны білген жоқ па едің? Онда тында. Сотников осындағы бір полковникпен бір жерде ерегісіп қалады. Шені үлкен ұлық Сотниковке жаза бергізеді. Сотников ондайды көтере алмайтын өр мінезді адам. Полковниктен кек алуды ойлап, оны жолда аңдиды. Аңдығанда Сотников өзіне таныс қыр қазағының атын сұрап мініп, оның барлық сыртқы киімін киіп, жуан қамшысын алып тосып тұрады. Полковник жолдастарынан бөлініп пәтер үйіне бұрыла бергенде, аттың бауырынан өткізіп, қамшының

астына алады. Полковник айқайлап қашып, оның даусынан көшедегі адамдар көріне бастағанда, Сотников құйғытып жөнеледі. Сонан бұл іс тексеріліп, Сотниковтың істегені мойнына қойылып, сотталған. Ол қазір жазалы адам ретінде жер ауып кеткен, — деді.

Шоқан мынаны естігенде, Сергей ағайының мінезіне қайран қалды. Қандай өжеттік деп ойлады.

— Бірақ ол айласыз. Тура қамалға қарсы шабады. Ондайды білдіртпей істеу керек. Қазір өзі жазаға душар болды, — деді өзін аяқтап Померанцев.

Сол екінші жылдың өзінде-ақ корпус оқытушылары Шоқанның зерек алғырлығын, алған бетінен қайтпайтын қайсар тапқырлығын қадыр тұтатын болған-ды. Әсіресе Костылецкий деген оқытушы Шоқанға ерекше назар аударды. Оның себебі Костылецкий арабша, парсыша, ол кездегі Азия елдерінің тілінде шығатын әдебиеттерді оқи білетін. Ол қазақ жерлерінде болып, қазақ ертегі, жырларын да жинаған, дала сырынан хабардар адам екен. Кей сабақтарында халықтың ауыз әдебиетіне көшіп, қазақ дастандарының жайын айтып, балаларға түсінік беретін. Ондай сабақ жүргізгендегі Костылецкийдің көмекші серігі Шоқан болады. Шоқанға қазақтың ертегі, жырларын айтқызып, басқа балаларға өзі орысшалап, мазмұндап айтып береді. Бір күнгі сабақта әңгіме «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырына арналып, Шоқанның Арыстан ақыннан естіген түрін айтқызып, Костылецкий өзі де құмарта тыңдады. Бір әредікте:

— Сен Қозы Көрпеш боласың, — деді Шоқанның қасына келіп Костылецкий.

— Ол батыр ғой, — деді Шоқан.

— Несі бар, сен де батыр боласың. Батырлық білекте, күште емес, ойға алғанын орындайтын қайыспас қажырда.

ЕСЕЮ ЖЫЛДАРЫ

Шоқан осы қыста ата достар тауып, арналы білім жолына түсіп есейіп алған. Жылдағы мерзімінде ауылдан Тақырбас та пар жегілген екі қарагерді ауыздығымен алыстырып, Васил ағайдың үйінен күтіп алды. Шоқан ауылға қайтардан бір-екі күн бұрын Костылецкий арқылы танысқан Карл Казимирович Гутковскийдің үйіне барып, жазда оқитын кітап сұрап алды. Онысы Лермонтовтың, Гогольдің бірнеше шығармалары еді. Әредік оқығаны болмаса, бұл жазушылардың мына сияқты жинақталып басылған белгілі шығармалары қолына бұрын тимеген.

Ауылға ертең жүремін деп отырғанда Григорий мен Ғазиз екеуі келді. Шоқанмен қырға жүрер алдында әңгімелеспек. Шоқан оларға өзінің жазда қалай дем алатынын, ауылда істейтін жұмыстарын айтты. Өйтіп, Гутковскийдің үйінен алған кітаптарын көрсетті.

— Шоқан, сен мына кітабыңның біреуін маған бер, менде мұндай кітаптан ештеңе жоқ, — деп Григорий жабыса кетті.

— Жарайды, өле оқығанша, бөле оқылық. Бірақ күтіп ұста, ұятты кісінің кітабы, — деп досына Гогольдің әңгімелерін берді. Ғазиз кітап сұраған жоқ. Ол бір әредікте:

— Менің нағашы ағайым жазда қырғызлар арасына шығып сауда ішли, мен сонымен бірге шығып даланы күрәм, абыйыма болышам, — деді.

— Немене, сауданы үйрене алмай қалармын деп асығасың ба? Егер қырға шығып, ауыл көрем десең, жүр менімен, бірге боламыз, — деді Шоқан.

— Абыйым рұхсат итми, мен аның саудасына булышырға кирәк, — деп Ғазиз Шоқанға ергісі келмеді.

Достар ол күні Ертіс бойына барды. Қаланы аралады. Кешке жақын қош айтысты.

— Ал, Шоқан төре, атты қазақша айдайын ба, жоқ орысша айдайын ба? — деп Тақырбас паромнан шыға екі қарагерге делбе қақты.

— Қаладан ұзағанша орысшала, ел арасына кіре бергенде қазақшыла, — деп Тақырбастың қылжақ сұрағына Шоқан да әзілмен жауап айтты. Даланы сағынып қалған

Шоқан қаладан шығысымен формаларын шешіп, желпіне, жайлана отырды.

Тақырбастан жазған хатында Шыңғыс: «Шоқанжан, сен бұл жолы қаладан қайтқанда Құсмұрынға емес, Сырымбетке — әжең ауылының қонысына келесің. Осы көктемде біз де сонда көшіп келдік. Тақырбасқа жүретін жолдың жобасын, қайда түсіп, қайда тоқталуды жазып бердім», — депті. Әкесінің хатын алғаннан бері Шоқан Сырымбет өлкесінің жайын, тауын, көлін көз алдына келтіріп, ой жүгіртуде. Ол бір әредікте:

— Тақа, Сырымбетке біздің ауылдың, орда маңындағы елдің бәрі де келді ме? — деп сұрады.

— Хан аулының өздері ғана көшіп келді. Басқа жергілікті елдер өз қоныстарынан көшкен жоқ.

— Әлібайдың үйі қайда?

— Олар сол Құсмұрында қалды.

— Мұқандікі ше?

— Мұқандікі Сырымбетке көшіп келді. Олардың төре ауылынан басқа туысы бар ма, — деп Тақырбас өзі білген жайын біртіндеп айтып отырды.

Шоқан Сырымбетке келгенде, төре ауылы бір алқапта түгелге таяу отыр еді. Өйткені, Шыңғыстың Көкшетау округіне аға сұлтан болып тағайындалуына байланысты Сырымбеттегі Айғаным қонысынан жаңа орда үйі салына бастаған. Төре аулының әзір жайлауға көтерілмей бір жерде жиі отыруының түйіні де осы үй салу жұмысына байланысты еді.

Қаладан алдырған ұсталар, үй іргесін қалайтын жұмысшылар қызу қимыл үстінде екен. Шоқанды апасы да, әжесі де қыстай көрмей сағынғанымен, есейген оқушы бейнесінде құрметтей қарсы алды. Шоқанның өзі де бұрынғы ойын баласы емес, әрбір жағдайға мән бере қарайтын ой баласы болып алған. Жүріс-тұрысы да қала тәртібіне бейнеленіп есейген.

Шоқанға биылғы жазға арнап жеке үй тігіп, өзіне еркімен жатып, кітабын оқитын жағдай жасалған. Оған себеп: Васил ағай мен Гутковскийдің Шыңғысқа Шоқанның оқытушыларға ұнамды ой салған ерекше талабын, алғырлығын мақтана айтуларынан болған.

Шоқан қаладан келгеннен кейін Қанғожа ағасының қасында болып, Сырымбет тауының әдемі жаратылысын, айнадай көлдерін, әсем бұлақтарын суретке салды. Сол бір тауды аралап қайтқан бетінде Шоқан қасындағы Тақырбасқа: «Орда үйінің салынып жатқан жеріне бара жүрелік», — деді. Ондайда бір қылжақ өз таба қоятын Тақырбас:

— Жұмысшылар балшық беріп жіберсе, апекеннің бір қой, бір қос қазысын шығын қыласың ғой, — деді.

— Ол қайдағы кәде? — деп сұраған Шоқанға:

— Шоқанжан, сен қазақтың кеп ырымын, жол-жобасын біле бермейсің-ау. Мысалы, қырықтықшылар қасына барған балаға бір уыс жүн беріп шешесінен құрт, май алғызады. Құдық қазғандар қасына келген баланың тақиясына құдық суын құйып беріп үйіне жіберіп, қымыз, сары май, ірімшік алдырады. Сол сияқты мына жұмысшылар сені көрген соң, ырым істемей қоймайды. Оларға жас ет, сүр қазы күнде асылып отыр дейсің бе? — деді.

— Жарайды, олай болса барып ырымын алайық, — деп Шоқан тура тартты.

Шоқан келгенде күн батуға таянып қалған. Жұмысшылар кешкі тамаққа отырып, үйді-үйінде екен. Бір қара күркенің ішінен көзі шегірейіп Мысық

шыға келді. Ә дегенде Шоқан тосырқап қалған қалыпта:

— Өй, сен Мысықпысың? — деді.

— Шоқан, — деп ол ат үстіндегі Шоқанға тұра жүгірді. Шоқан Мысықпен атынан түсіп амандасты.

— Сен бұл жерге қайдан келдің?

— Біз әкеміз екеуміз мына үйді салуға келгеміз.

— Немене, мүсін жасайсың ба?

— Жоқ, мына үй салуға балшық, илеймін, тасимын. Әкем үй қалайды.

Былтыр осы жаққа әкемнің ағайындарына көшіп келгеміз. Содан осында едік. Жұмысқа әкем мені де ала келді.

— Сен менің қаладан келгенімді естідің бе?

— Естігенім жоқ. Анада сіздің ауылға барайын, өзінді сұрайын деп бір ойладым да, тағы бата алмадым.

— Сен менімен бірге қалаға барасың ба? Оқуға түсесің. Суретшілікке үйренесің.

— Әкем жібермейді ғой және қаладан қорқам.

— Қалада саған кім тиеді. Мен де барып оқып жүрмін, ешкім тимейді.

— Шоқан, сен үлкенсің. Өзің бірге боласың ба?

— Бірге болам. Әкеңнен өзім сұрап алам.

— Жарайды, онда барам, — Бұдан әрі олар көп сөйлескен жоқ.

— Ертең өзім келем, ауылға апарам, — деп Шоқан жүріп кетті.

Әке алды кісіден босамайды. Бір жатынан үкімет тарапынан тапсырмалар келіп жатады. Анадағы Гутковскийдің үйінен алған кітабын оқып, өзінің сурет салу, күнделік жаңалық жазу ісімен алданып, Шоқан әке маңына да бара бермейді.

Үй салу жұмысына белгіленген үйшілер, қалаушылар өздерінің азығымен, күтушілермен жұмыс басында қалды да, төре ауылы жайлауға көтерілді. Айғаным бұл жылдарда бұрынғыдай емес, жүріс-тұрысы ауырлап, баяуланып шөге бастаған тәрізді. Сол кісінің жағдайымен төре ауылы биыл аса алыс жайлауға тартпай, Сырымбет маңының көлдеріне көтеріле қонды. Шоқан ауыл көшер алдында Мысыққа жолығып, күздігүні өзі қалаға жүрерде ала кететінін айтты.

Бір күні күтпеген жерден бір топ жолдасымен Мұса келді. Төре ауылы сый қонақты құрметпен қарсы алды. Шыңғыс жездесінің жаңа округке аға сұлтан болуына құтты болсын айта келіпті. Бір жұмыспен барып Омбыдан оралған жолында әдейі бұрыла жүрген Баянауыл округінің аға султаны аса бір ерекше сәнмен келді. Өзге қазақ жолдастарынан бөлек Мұсаның қасында Григорийдің әкесі Николай Потанин бар. Бұл кісі қазақ тілін мүлтіксіз сөйлейтін, қазақ әдет-ғұрпын өзіндей білетін аса бір жатық адам еді. Сонымен қатар қазақ әңгімелерін, ертегі, жыр, әнмен күй шежірелеріне айрықша көңіл бөлген адам екен. Ол Шоқанға өзі бұрын көрмеген қазақ даласының көп жайынан әңгімелер айтты. Өз арасында өткен жылы Қарқаралы қаласынан елу шақырымдай жерден ашылған Қоянды

жәрмеңкесінің қызықты базары, ән мерекесі болғанын әдемілеп айтып берді.

— Ол жәрмеңке нағашым ауылынан алыс па? — деп сұрады Шоқан.

— Онша алыс емес, нағашың ауылының адамдары сол жәрмеңкеге мал апарады. Көп ел бас қосады, — деді Мұсаның қасындағы бір жолдасы.

— Немене, барып көргің келе ме, бір ауылдан келіп, бір ауылдан қалаға оралу көңілсіз де болар. Онда бізбен жүр. Өзім апарып жәрмеңкені, Қарқаралыны көрсетем, — деді Мұса Шоқан ойын қабағынан ұғынып.

— Нағашы аға, атекеме айтыңыз, мен сізбен барамын, — деді Шоқан.

Бірнеше күннен кейін Мұса анадағы уәдесін орындап Шыңғысқа, Айғанымға айтып, Шоқанды өзімен алып кететін болды. Шоқанға күтуші болуға Тақырбастың өзін ертті.

— Мұса мырза жиеніне жер көрсетіп, ел көрсетіп, бір мырзалық істейін деген болар, барсын. Бірақ, шырағым, сабағыңнан кешігіп қалып жүрме, — деп Шыңғыс балдызына әзіл, баласына ескерту айтты.

— Мұстапаның сараңдығын көлденең тарта бердің-ау, өзгеге жол айтпасақ та, өз жобамызды білерміз, — деп Мұса жездесінің сөзіндегі астарды шеше сөйледі. Арада бірнеше күн жүріп, Мұса Қаракөлде отырған өз ауылдарына келді. Шоқанның құрметіне Баян елінің жұртшылығы аз жиналған жоқ. Бәрі де жөнін сұрап, оқып жүрген жайымен танысып, қуаныш етуде. Шоқанның үлкен кісілердің кейбір сұрақтарына толығымен жауап айтып, кейбір жайларда олардың өзі түсінбейтін жайын ажырата айтқанына іштей таңдану да жоқ емес. Әлде сынағысы келді ме екен, жоқ, өзінің аңғырт айтқыш әдеті ме екен, Сәттібай деген Шорман ауылының белгілі қожасы:

— Мырза ауылы қаншалық өзімсінгенімен, ата тегі басқа ғой. Қазақта мақал бар емес пе, «Жиен ел болмайды, желке ас болмайды» деген. Бұрынғылар білмей айтты дейсіз бе, — деді. Қожа сөзін аяқтап, қасындағы бір ақсақалды адамға бұрыла бергенде:

— Қожеке, «Жиен неге ел болмасын, малы болса, желке неге ас болмасын, майы болса» дегені де бар емес пе сол айтқыштардың, — деді Шоқан байыпты қабақпен.

— Қожеке, сіз біздің Шоқанның үстіндегі кемзалына қарап қазақша өзге шорқақ екен деп ойлап қалдыңыз білем. Сірә, сол бала қазақ сөзін аңғарса керек, — деді Мұса Шоқанның тауып айтқан жауабына разы болып.

Нағашы аулында біраз күн болып, Мұса жол жабдығын қамдатып, Қоянды жәрмеңкесіне жүретін болды. Мұсамен бірге келген Николай Потанин бір-екі күннен кейін өзінің баратын жұмысына жүріп кетіпті. Салтанатпен жүруді әдеттенген аға сұлтан Мұса Қаракөлден аттанарда ерекше жабдықтатып, жол шатырын тиетіп, бірнеше нөкермен жүрді. Жолдағы елдің сый-құрмет қонағасысына бөленіп, жәрмеңке басына таяна

келіп, шатырын тіккізді. Арқа белдеуінің көк майса Балқашты өлкесі айдын шалқар қара сор көлі, Қояндының қой бұйрат жатық белестері Шоқанға жаңа көріністер елесін сездіреді. Әлі көшелі үлкен үйлер салынбаған, ұйымдасқанына бір-екі-ақ жыл болған Қоянды жәрменкесі қатарластыра тігілген қазақ үйлер тізбегімен көше тартыпты. Сонау Ақмоланың, Қарқаралының сан сұлулары ақ отауларда қымыз сапырып, қонақ аттандырып, қала кәсібіне кіріскен елестер бар. Бірнеше жерде мал базары бар екен. Мыңғырған қойлар базары бір бөлек. Не саңлақтарды ноқталап әкеліп тұрған дала шаруалары жылқы базарында дуылдатып жүр. Ала тақиялы өзбек саудагерлері, қара хатипа киген ноғай абзилары балаған тізбегін құрып, ұсақ-түйек саудасын жасап жатыр. Кең алапты көлеңкелі кенеп жаппамен шатырлап тастап, неше түрлі заттарды жайып салған орыс байларының шай, қант, кездемелері де телегей теңіз. Мінеки, базар қызығы. Бұл сияқты базар көрінісі Шоқанға алғашқыда думан болып көрінгенімен тез зеріктірді. Ол, тек сонау қатарласа тігілген қазақ үйлерінен күмбірлеген дауыстар, шырқалып айтылған әндер, өлеңдер жағына құлақ қойып, әрбір сарынын аңғартысы келеді. Бірақ олар арнаулы мәжіліс жыршысы емес, қымыз қызуындағы ел арасының мырзасымақтарының шашбауын көтерген мадақшылар тәрізді сезілді.

— Наташы аға, біз Қарқаралы қаласына қашан барамыз? — деді Шоқан екі-үш күн өткеннен кейін.

— Немене, жәрменке думаны ұнамады ма, жалықтың ба? — деді Мұса Шоқанға жымия қарап.

— Сауда істемеймін, сатар малым жоқ, ел билігінде қатынасым жоқ, жалықпай қайтемін, — деді Шоқан.

— Иә, Шоқанжан, саған мына дуылдақ көңілсіз-ақ болар. Енді бір күнге шыда. Осында бір Семейден келетін ұлықтың бас қосуын күтіп отырмыз. Сол келісімен округтер шекарасы жайлы сөзді шешіп алып, жүріп кетеміз, — деп Мұса Шоқанға жүріс жайын ұғындырды.

Айтқанындай екі күннен кейін Мұса күткен ұлығына жолығып, тосқан мәселесін шешті де, жүруге әзірленді.

Ертеңіне Мұса Қарқаралыға жүрді. Бұрынғы жолдастарының үстіне Қарқаралы елінің кісілерінен бірнеше адам ере шықты. Арыстаннан естуінен бері құмартқан Қарқаралы тауының сұлу жаратылысына сүйсіне қарағаны болмаса, Шоқан әлі тау жайынан ешбір әңгіме естіген жоқ. Қарқаралының қаласы да ондай үлкен қала емес екен. Шатын аташ үйлерден бірнеше көше тартқан округ орталығы ғана. Сонау Қоянды басынан Мұсаға еріп шыққан бір бай саудагер ноғай өз үйіне әкеліп түсіріп, барынша құрмет етіп жатыр. Тек сол ноғайдың айтуынан тау үстіндегі «Шайтанды көл» жайындағы аңыз ертегіні естіп, Шоқан соны көруге құмартты.

Тауға шығуға бой сақтап Мұса бармады. Басшы алып салт атпен

Шоқан, Тақырбас екеуі барып қайтты. Жатық жердегі қаншама көлді көргенімен, мына сияқты тау жотасындағы сыңсыған қарағай алқабына біткен мөлдір көлді көргені жоқ еді. Әсіресе батыс оңтүстігіндегі тұңғиыққа үңіле біткен жартас көл тұңғиығымен сырласып тұрғандай аса бір ерекше жаратылыс сымбаты болып көрінді. Шығыс солтүстік бетіндегі кішкене қуыстағы орысша жазулар, аса ілгеріде жазылмаған. Тек кейбір тақтай тастар бетінде ескіше таңбалар бар. Оларды Шоқан ажыратып тани алған жоқ. Шоқан ойындағы Баян Қарқарасынан белгілі аңыз болған еш нәрсе кездеспеді. Мүмкін, бұл күнде оны білетін кісі де жоқ шығар.

Суыт жүріп елге оралған Мұса Шоқанды өзінің пәуескесімен ауылына қайтарды. Бұрын көрмеген біраз жерлерді аралап, бейтаныс елдерді көрген Шоқан өз ауылына бірнеше жаңа ойлармен оралды.

Ол ауылға келісімен Қарқаралы тауының, тау басындағы әсем көлдің көрінісінен бірнеше суреттер салды. Бірақ ол суреттері өзіне ұнаған жоқ. Арада бірнеше күн өткендіктен бе, кейбір көрініс елестері көмескіленіп қалыпты.

Шоқан келгеннен кейін, ауыл күзек қонысқа келіп қонды. Шоқанның оқуға жүрер кезі де таянған. Өзіне арналып тігілген ақ үйде оңаша жататын әдетімен сәске түс кезінде тұрып, далаға шықты. Ауылдың күндегі өмірі, біреулер келіп, біреулер кетіп жатады. Шоқанның бүгінгі көзіне түскені — бір топ жаяу-жұлба киімді адамдар. Олар күндегі келіп кететін салтанатты жұртқа ұқсамайды. Олардың ешкімнің үйіне кірмей ұйлыға отырысы да өзгеше. Бірақ Шоқан ол топқа айрықша көңіл бөле қойған жоқ.

Шоқан тамағын ішіп, әке үйіне сәлем бере кірді. Шыңғыстың қасында отырған қарынсау Ықылас биді көріп сәлем берді. Ықылас белгілі жорғалығына салып:

— О, бәрекелді, «Атадан бала туса игі, ата жолын құса игі» деген, қандай жақсы айтылған. Шыңғысжан, мына Шоқаныңыз, дәл өзіңнің Омбыда оқығандағы түрің болыпты да қалыпты. Тек өмірлі бол, шырағым, тере бала, біз сияқты шал атаңа сәлем бере жүрсең болғаны, — деп Шоқанға әзін тапсыра өйледі. Ықылас бидің неге осынша жорғалай сөйлегенін Шоқан ажырата қойған жоқ. Ол өзінің белгілі жорғалығы деп ойлады.

Қымыз сапырылып, мәжіліс біраз жай өздермен, әзіл қалжыңмен аяқтала бергенінде, Шыңғыс:

— Ықа, сіз бір қарбаластау кезде келіп қалдыңыз. Шоқанжан оқуына жүруіне әзірленіп, соның жол жабдығы дегендей... — деп тоқтала бергенде:

— Иә, хан ие, балақтағы бит басқа өрмелеп, мына бір Уақтың қара сирақ қаныпезерлері тапа тал түсте көліме қолын салып, басынғандық істеп, мезгілсіз атқа мінгізді. Тіпті келе қоямын деген ойым жоқ еді, сіз, әне бір балаларды шақыртты деген соң, қой, «Бет көрсе жүз ұялады» деген, өзім барайын деп келе қалғаным. Атамыз қазақ «істің түйінін шешудегі кемшілік төрешіден болмайды. Айтушы өзі аяқсытып алады» деуші еді ғой. Ана балалар шалалық етіп, өзін жеткізіп айта алмас деп келдім,- деп Ықылас өзін үнсіз тындап отырған Шоқан әлгі бір сыртта отырған жалаңаш-жалпы топтың осы өзге байланысты екенін аңғарды.

— Иә, Ықа, тексере көреміз ғой. Қазан бұзар тентектерді бетімен жібермейміз, — деп Шыңғыс езінің баяу ойлы көзімен Ықыласқа қарады. Ықыластың барбиған жалпақ бетінде жағымпаздана мөлтендеген көз құбылысында сайрап тұрған сұрқиялық бар еді.

— Онда біз кеңсе үйіне барайық. Әлгі ұры балықшылар сонда әкелінсін, — деп Шыңғыс ишарат білдіргенде-ақ, Бейсен үйден шыта жөнелді.

Шыңғыс бастап кеңсе үйіне келген кісілермен Шоқан да бірге келді. Аға сұлтан өзіне арналған орындыққа отырып, іс тексеруге кірісті. Бағанағы топтанып отырған жыртық киімділердің бір-екеуін ғана үйге кіргізді. Қалғандары іркіліп кеңсе сыртында қалып қойды.

— Мына Ықанды білесің бе? — деп бастады өзін Шыңғыс жаңағы кедейлердің ортасынан келген сиректеу көк бурыл сақалды, арықтау ақ сары кісіге қарап.

— Иә, алдияр, бұл кісіні танымағанда кімді танимыз. Арқамызда қамшысы ойнаса, ауылымызға екі күннің бірінде ақыр заман орнатса, — деп үлкен отты көзі қанталай шириға сөйледі әлгі адам.

— Қара, көліме басып қонып, бал татыған балығымды жалмауыздай жалмап отырып, — деп Ықылас бетімен кие жөнеліп еді, Шыңғыс:

— Ықа, аз сабыр етіңіз. Ол кісі жауабын айтып болсын, - деді де:

— Сіздің атыңыз кім? — деді.

— Иә, алдияр, менің атым Әбіл болады. Мына Бұқпаның солтүстігіндегі аз ауыл Алшын боламыз, — деп елін де айта кетті.

— Сіздердің біреудің көліне келіп сүзекті салатын қандай еншілестіктеріңіз бар?

— Иә, алдияр, бас кеспек бар, бірақ тіл кеспек жоқ қой. Өзіңіздің алдыңызды көріп, арманымды бір айтсақ деп жүруші едік, бұған қолымыз жетті. Айыпқа бұйырмаңыз, мен өз ауылымның мұңын айтайын.

— Айтыңыз, айтыңыз, — деп Шыңғыс жауап күтіп қозғалып қойды. Шыңғыстың «айтыңыз» деген өзінің өзі көңіліндегі бар есесін алып беретіндей болған Әбіл:

— Тақсыр, өзіңіз рұқсат еттіңіз, ұрыс-жанжалдың неден туғанын түгел айтып көрейін. Мына сіздің оң тізеңізді басып отырған Ықылас бидің

аталары, Қарауылдың қара көк қасқа жайсаңы ғой. Біздің атамыз, өзіңізге мәлім, хан панасына келген көп төленгіттің бірі. Бізде ата қоныс, арнаулы жер еншіміз болмайды. Сонан сіздің қасиетті атаңыз Уәлихан төренің рақымы түсіп, Ақсұраң биігіне Ақкөлді қосып белгілеп берген екен. Суы балық, қыры биік біз сияқты жарлы-жақыбайға күнелтер қоныс болыпты. Жазы-қысы Ақкөлдің балығымен жан сақтап жүруші едік. Мына Ықылас би сіз бұйырып берді деп, біздің көлімізді өзімізге билетпей, екі жылдан бері басымызға сырық, малымызға құрық ойнатып, күн көрсетпей қойды. Кедей жұрт, басқа кәсібі жоқ, Ақкөлдің балығына сүзекі салып, ара-тұра балық алушы едік. Осы жуырда екі балықшымызды соққыға жығып, сүзекімізді тартып алып, зорлық етіп отыр. Сізге айтқан арызымызбен шақыртқан соң, шұбай келіп отырмыз. Қызыл қарын жас баланың қамы үшін күйзеліп келіп отырмыз. Ендігі мархабат өзіңізде, — деп Әбіл қарт жыламсырап тоқтады. Шыңғыстың «Сөз тосыңыз» деген тыйымынан кейін тырсиып отырып қалған Ықылас Әбілдің арғы түбінен ала сөйлеген өзіне терісіне сыймай отырған-ды. Сіз не дейсіз дегендей Шыңғыс енді Ықыласқа бұрылды.

— Алдияр аға сұлтан, сіз тыйым салған соң ауыз бағып отырмыз. Мына Алшынның қу жақ даугері менен таты қоныс даулайтын түрі бар ғой, — деп ызғарлана сөз бастады. — Ақсұраң, Ақкөл біздің ата қонысымыз болатын. Сіздің атаңыз Уәлиекен біздің аталарымызға: «Маған аз ғана ауыл Алшынды қайда қаңғыртамыз. Сендерге еншілес етем. Көлдеріңнен балық аулап, күн көрсін», — деп қоңсылыққа берген екен. Сонан біздің маңымызда қарақшы болып отыратын. Кедей көріп көліміздің балығын аулауға бетін қақпай жүретін едік. Кейінгі жылдары өз жерімізді өзімізден қорып, бауыр басып сөз көтерді. Атам баласы өсіп, әлденеше ауыл болды, бәріне де қоныс керек. Енді жөніңді тап дегеніміз рас. Жай айтқанға қаныпезерленіп көнбеген соң, қол жұмсап, сүзекісін балалар алса керек. Әсіресе би Бұзаубақ деген ақсақалға тілдері тигені өтіп кетті, — деп, дау десе, даусы сембейтін қарынсау Ықылас бәрін мөлдіретті де берді.

Шыңғыс біраз ойланып отырды да:

— Иә, Алшынның ақсақалы, сіздерге атекем біржолата жер белгілеп бермепті ғой. Мына Ықандардың атасына еншілес қарашы қылып беріпті. Жер иесі, көл иесі Қарауыл атаңның баласы ғой. Рұқсат етсе, ағайындық етсе, сыйысып отырасыздар. Егер іш тарлық етсе, бұл кісілердің ата қонысына кім зорлық етеді, — деп өзін аяқтады. Алшынның Әбіл қарты жер шұқып, көзінен жас сорғалап отырып қалды. Әбілге ере келген екі-үш кісі де жер болып орындарынан әрең тұрды.

Екі жағының өзін де, әке кесімін де тыңдап отырған Шоқан қайта-қайта Әбіл қартқа жалтаңдап қарап, әкесіне наразылана көз тастады. Бірақ әке үкіміне қарсы келудің, көпе-көрнеу Әбілдердің, анау жаяу-жалпылы шұбап келген кедейлердің көріп отырған теңсіздігіне ара түсудің есебін таба

алмады. Оның бар ойы «мынау жерсіз.сусыз, қоныссыз кедейлер қайда барып күн көреді, бұларға кім көмектеседі?!» — деу болды. Ол осындай өзі шеше алмаған жұмбақ ойымен сыртқа шықты. Сүйретіліп өздерінің жаяу-жалаңаш тобына барған Әбіл қарт пен жолдастарының сандала басқан аяқ алыстарына Шоқан сырттай бақылап қарап тұрды.

Шоқанның қалаға оралар кезі таянған.

Анадағы Мысыққа айтқан уәдесі есіне түсті. Шоқан әкесіне сол туралы бұрын да бір айтқанды. Онда Шыңғыс:

— Мысықтың әкесі көнсе, тіпті жақсы болар еді. Ол бала өнерлі, — деп Шоқан ойын қуаттаған. Сол ойын келіп тағы да әкесіне айтты.

— Мен Мысықтың әкесіне шақыртып алып айтқамын. Ол баласын сенімен жіберуге ықтияр болған. Бірақ өзіңе бір әурелік болмай ма. Оны орналастыру керек. Бұрынғыдай Сергей ағайың да жоқ, — деп Шыңғыс аса көңілді бола қоймады.

— Қандай әурелігі болса да, өзім көрем, тек маған өзіңіз қағазын жөндеп, әкесінен сұрап алып беріңіз, — деді Шоқан батылдана сөйлеп.

— Жарайды, Шоқанжан, — деп Шыңғыс Бейсенді жіберіп, Мысықтың әкесін де, өзін де аулына алғызды.

— Шоқанжан Омбыдағы ұстаздарымен сөйлесіп, балаңды интернатқа орналастыруға келісіп келіпті. Шоқанға серік болсын, әрі оқысын, қалай дейсің? — деді Мысықтың әкесіне. Батылы барып, бірден жауап айта алмай:

— Алдияр, мен не айтайын. Шоқанжан қасына алам десе, қидым. Мұнда жүргенде не көреді, — деп көзінің жасын сүртті.

— Сен, сен өзің жыламай айт. Балаң оқу оқиды, білім алады, адам болады. Мен балаңның барлық қағазын жаздырам. Кейін бір нәрсе деп жүрме, — деді.

— Алдияр, ықтиярыңыз, мен сөз етпеймін, — деді

